

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОК 330.15 (100)

Қолжазба құқығында

ОҢДАШ АЙНҰР ОҢДАШҚЫЗЫ

Табиғи ресурстар қарғысының тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму мәселелері

6D051300 - Әлемдік экономика

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер: э.ғ.д.,
профессор Елемесов Р.,

доктор PhD, профессор
М.А.эль-Ходири

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2013

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 «РЕСУРСҚА БАЙ» ЕЛДЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ.....	8
1.1 Шикізатты экспорттаушы елдердің экономикасындағы тепе-теңсіздікті түсіндіретін теориялық тұжырымдамалар мен үлгілер.....	8
1.2 «Табиғи ресурстар қарғысына» қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесі....	20
1.3 Әлемдік экономиканың жаһандануы мен дағдарыстың жана үрдістері және «ресурсы мол» елдердегі әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері.....	29
2 ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	38
2.1 Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық даму теориясы мен тәжірибесін талдау.....	38
2.2 Қазақстан Республикасының индустриалды даму деңгейі мен өнеркәсіптік әлеуетін талдау.....	49
2.3 Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының заманауи деңгейі мен болашағын талдау.....	58
2.4 Табиғи ресурстардың Қазақстан Республикасының индустриалды- инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі.....	71
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҮДЕТУДЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ.....	84
3.1 Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму мәселелерін іс жүзінде шешу үшін «табиғи ресурстардың қарғысы» тұжырымдамасының мәнін бағалау.....	84
3.2 Ғаламдық дағдарыс жағдайында Қазақстан экономикасының индустриалды- инновациялық дамуының әдістемелік аспектілері.....	94
3.3 Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму сатысындағы қазақстандық экономиканы индустриалды-инновациялық дамытудың стратегиялық мақсаттары мен балама жолдары.....	104
ҚОРЫТЫНДЫ.....	112
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116
ҚОСЫМШАЛАР.....	123

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Табиғи ресурстар қарғысы - табиғи ресурстарға бай елдер байлықты өздерінің экономикаларын дамыту үшін пайдалана алмайтын және табиғи ресурстары аз елдермен салыстырғанда барынша төмен экономикалық өсуі бар жағдайды сипаттауға арналған термин.

АЭА	- Арнайы экономикалық аймақ
АТП	- Ақпараттық технологиялар паркі
АИТВ	- Адамның иммунитет тапшылығы вирусы
АҚШ	- Америка құрама штаттары
БЭҚ	- Бірыңғай экономикалық қауымдастық
ҒТП	- Ғылыми техникалық кеңестер
ҒЗТКЖ	- Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ҒЗИ	- Ғылыми-зерттеу институты
ҒТК	- Ғылыми-техникалық кеңестер
ЕЭА	- Ерекше экономикалық аймақ
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	- Жалпы ұлттық өнім
ЖҰТ	- Жалпы ұлттық табыс
ИИДС	- Қазақстан Республикасының индустриалық-инновациялық даму стратегиясы
КО	- Кедендік одақ
ТҰК	- Трансұлттық корпорация
GCI	- Бәсекеге қабілеттіліктің өсу индексі
ІӨӨ	- Ішкі өңірлік өнімдер
ҮИИДМБ	- Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасы
ҰИЖ	- Ұлттық инновациялық жүйе
ХШСЖ	- Халық шаруашылығы салаларының жалпы жіктеуіші
ЭҚЖЖ	- Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы Бұл жұмыс экономикалық ғылымда кеңінен таралған «табиғи ресурстар қарғысы» тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мәселелерінің арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбының өзектілігі Табиғи ресурстарды экспорттауға негізделген экономикалардың басқа тауарларды экспорттаушылардың экономикаларынан бірқатар маңызды айырмашылықтары бар, атап айтқанда басқа секторлармен әлсіз өндірістік байланыстар, негізінен салықтық түсімдер түрінде алынатын табиғи рентаның шоғырланудың жоғары деңгейі, сондай-ақ өндіруші өнеркәсіп тікелей құратын жұмыс орындарының салыстырмалы түрде аз болуы. Бұл, әсіресе, негізгі экспортталатын ресурс мұнай болып табылатын жағдайда ерекше өзекті.

Елдің табиғи ресурстары байлығының мөлшері мен оның әлсіз экономикалық дамуының арасында тікелей тәуелділікті бекітетін «табиғи ресурстардың қарғысы» тұжырымдамасын түсіну оңай болмайды. Себебі экономиканың дамуына ресурстардың болуының өзі емес, оған сай келетін жауаптар іздеу қажет және солармен байланысты әрекет ету болып табылады.

Жақында болған, посткеңестік елдер экономикасының трансформация тәжірибесін қоса алғанда экономикалық жүйелердің дамуының тарихи тәжірибесі ұлттық шаруашылықтың іргелі мәселелерін шешу әрдайым бірдей нәтижелерге алып келе бермейтінін көрсетті. Экономикалық саясатты жүргізу ол жүзеге асырылатын ортаның сипаттамаларын және қалыптасқан макроэкономикалық ерекшеліктерді мұқият зерттеуді қажет етеді.

Осыған байланысты табиғи ресурстармен жоғары деңгейде қамтамасыз етілуімен сипатталатын Қазақстан экономикасын зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Ресурс байлығы елдің индустриялық-инновациялық дамуына қандай әсер ететінін анықтау маңызды. Бұл мәселені анықтау қалыптасқан жағдайды түсіндіруге айтарлықтай үлес қосып, бір жағынан Қазақстанның экономикалық дамуын болжауға және табиғи ресурстарға бай елдегі экономикалық саясаттың бағыттарын түзетуге мүмкіндік береді.

Бұл жағдайлар теориялық, сонымен бірге тәжірибелік тұрғыдан жүргізілген зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Мәселенің ғылыми зерттеу деңгейі Табиғи ресурстарға бай елдердің ұлттық экономикаларының ерекшеліктері 1990 жылдары белсенді түрде зерттеле бастады, бірақ кейбір маңызды жұмыстар 1950-ші жылдары пайда болған. Осы «ерте» кезеңнен Р. Пребиштің, Х. Зингердің, Р. Нурскенің жұмыстарын атап өту қажет.

1980-1990 жылдар аралығында табиғи ресурстармен қамтамасыз етуді ұлттық экономиканың дамуына кешенді әсер ететін маңызды жеке фактор ретінде бөліп көрсететін бірқатар маңызды жұмыстар жарық көрді. «Ресурстар қарғысы» (табиғи ресурстарға бай елдердің экономикалық дамуда артта қалуы) түсінігін ұсынған Р. Аути, «молшылық парадоксы» өте жақын терминіне сүйенген Т.Л. Карл, А. Гелб және т.б. жинақталған теорияларды бір жүйеге

келтіріп, табиғи ресурстардың молшылығы жағдайында экономиканың қызмет етуінің объективтік ерекшеліктері туралы негізгі сұрақты қойды. Бұдан ертерек 1980-ші жылдары У. Корден және Дж. Ниэри «ресурстар қарғысын» түсіндірудің ерекше символына айналған «голландық ауру» моделін жасады.

1990-шы және 2000-шы жылдары «ресурстық қарғыстың» әрекет ету механизмдерін анықтауға арналған және кейіннен басқа авторлар «ресурс қарғысының» елдің экономикалық дамуына әсерін нақтылау үшін пайдаланған жұмыстардың ұзақ тізімі жарияланды. Осы топтың ішінде А. Торнелл және Ф. Лейннің, Дж. Робинсонның, Р. Торвик пен Т. Вердьенің, Х. Мехлумның, К. Моэне мен Р. Торвиктің, Э. Папиракис пен Р. Герлагтың, Ж.-П. Стижнстың, Т. Гилфасонның және т.б. жұмыстарын атап өтуге болады.

«Алыс шетелдің» зерттеушілерінен басқа табиғи ресурстардың елдің экономикалық дамуына әсер ету мәселесімен ресейлік және қазақстандық ғалымдар да айналысады: В.М. Полтерович, В.В. Попов, Е.Т. Гурвич, Е. Шарипова, Г.К. Куатбаева, К. Құралбаева, Б.М. Мұхамедиев және т.б.

Қазақстан экономикасының тұрақты өсуіне ресурстың әсерін іс жүзінде бағалаудың жеткілікті деңгейде әзірленбеуі диссертация тақырыбын таңдауға негіз болды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақстанның экономикалық дамуына табиғи ресурстардың әсерін ескере отырып, еліміздің экономикалық өсу үлгісін әзірлеуден тұрады.

Диссертацияда қойылған мақсаттарды іске асыру келесі міндеттерді жүйелі түрде шешуді талап етеді:

- шикізатты экспорттаушы елдердің экономикасындағы тепе-теңсіздіктерді түсіндіретін теориялық тұжырымдамалар мен үлгілерді зерттеу;
- «табиғи ресурстар қарғысына» қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізу;
- ғаламдану мен әлемдік экономиканың жаңа үрдістерін анықтау және «ресурсқа бай» елдердегі әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талдау;
- Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму теориясы мен тәжірибесіне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының қазіргі кездегі деңгейін бағалау;
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуындағы табиғи ресурстардың рөлін анықтау;
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мәселесін іс жүзінде шешу үшін «табиғи ресурстар қарғысы» тұжырымдамасының мәнін бағалау;
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі заманғы сатысында Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуының стратегиялық мақсаттары мен баламаларын анықтау.

Бұл зерттеудің объектісі Қазақстанның экономикалық дамуы мен табиғи ресурстар арасындағы өзара байланыс болып табылды.

Зерттеу пәні табиғи ресурстардың Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуына әсер ету үдерісі болып табылады.

Диссертацияның **теориялық және әдістемелік** негізін отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы ғалымдардың ғылыми жұмыстары, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері құрады. Зерттеудің ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері, мерзімді басылымдардың материалдары болды.

Зерттеу аппараты ретінде жүйелі талдау, эконометрия, қолданбалы статистика, экономикалық-математикалық үлгілеу, болжау әдістері қолданылды.

Диссертацияның **ғылыми жаңалығы** Қазақстан экономикасында бар салалық тепе-теңсіздіктерді біртіндеп жоюды қамтамасыз ететін Қазақстан үшін экономикалық өсудің үш секторлы үлгісін әзірлеуден тұрады.

Ғылыми жаңалықты құрайтын едәуір маңызды нәтижелерге төмендегілер жатады:

1. «Дамымаған экономиканың қарғысына» ауыстыра отырып, «табиғи ресурстар қарғысы» тұжырымдамасының нұсқасы нақтылады, себебі шикізат экспортының айтарлықтай көлемі ұлттық экономика шикізатты дайын өнімге айналдыруға қабілетсіздігін және құрылымдық тепе-теңсіздіктерден зиян шегетінін көрсетеді. Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен оның табиғи ресурстарының арасындағы теріс сипаттағы байланыстың негізгі себебі институционалдық ортаның сапасы болып табылады.

2. Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына салынатын инвестициялар қайтарымды ресурс ретінде қарастыру туралы тұжырым.

3. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптің барлық салаларында трансреспубликалық кластерлер құру туралы ұсыныс;

4. Ізденуші Қазақстан экономикасындағы салалық тепе-теңсіздіктерді біртіндеп жоюды қамтамасыз ететін Қазақстан үшін экономикалық өсудің үшсекторлы үлгісін ұсынды.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар

– Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен оның табиғи ресурстарының арасындағы теріс сипаттағы байланыс;

– Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына салынатын инвестициялардың қайтарымды ресурстік үлгісі;

– Өнеркәсіптің барлық салаларында трансреспубликалық кластерлерді құру және олардың қызметінің синергетикалық әсерін бағалау әдістемесі;

– Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының үшсекторлы үлгісі;

Диссертацияның **теориялық маңыздылығы** Қазақстан үшін экономикалық өсудің жаңа үлгілерін дамытудан тұрады. Диссертацияда ұсынылған үлгі Қазақстан экономикасында қалыптасқан салалық тепе-теңсіздіктерді біртіндеп жоюды қамтамасыз етеді.

Тәжірибелік маңыздылығы экономикалық өсу моделі магистранттар мен PhD докторанттарға арналған макроэкономика және эконометрия курсына кіргізу үшін, ал жүргізілген талдау қорытындылары – үкіметтің макроэкономикалық саясатын жетілдіру үшін ұсынылуы мүмкін. Алға қойылған міндеттерді шешу және жалпы жұмысты орындау нәтижелерін экономикалық жоғары оқу орындарының оқу барысында арнайы пәндер бойынша тәжірибелік және семинар сабақтарын өткізу кезінде пайдалануға болады.

Бұл диссертацияның негізгі нәтижелерін экономикалық өсуді ынталандыратын мемлекеттік саясатты пысықтау кезінде және шикізат экономикасының дамуының теріс сипаттағы тұстарын жою үшін қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы Диссертация “Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика” кафедрасының отырысында талқыланды. Жекелеген тұжырымдары конференцияларда, оның ішінде: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде өткен жас ғалымдар және докторанттар, магистранттарға арналған “Ғылымның өзекті мәселелері” атты халықаралық ғылыми конференциясында, Семейдің “Қайнар” университетінде өткен «Интеллектуальды ұлт: ғылым, білім и инновациялар» III-ші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде өткен жаһандық қаржылық тұрақсыздық жағдайындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық модернизациясы VI Рысқұлов оқулары атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, Франция қаласында өткен «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері» атты халықаралық конференциясында, Германияда өткен “Еуропалық ғылым және технология” 3-ші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ғаламдану жағдайындағы адам ресурстарының даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында баяндалды.

Басылымдар Диссертацияның негізгі нәтижелері бойынша 12 ғылыми мақалалар, оның ішінде 1 Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымда, 5 ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымда және 6 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, соның ішінде 2 алыс шетелдік конференциялар материалдарында жарияланды, жалпы көлемі 3,4 б.б.

Жұмыс құрылымы Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, төрт қосымшадан, 14 формула, 22 кесте мен 38 суреттен тұрады.

1 «РЕСУРСҚА БАЙ» ЕЛДЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

1.1 Шикізатты экспорттаушы елдердің экономикасындағы тепе-теңсіздікті түсіндіретін теориялық тұжырымдамалар мен үлгілер

Қазіргі уақытта шикізат (табиғи) ресурстарының 68%-дан астамы экспортқа шығарылады [1]. Әлемде халықаралық маманданған бағыты шикізат (табиғи) ресурстарын экспортқа шығару болып табылатын елдердің тобы қалыптасқан. Аталған елдердің тобы осы жұмыста «шикізатты экспорттаушы елдер» терминімен берілген.

Шикізатты экспорттаушы елдердің көрсеткіштері айтарлықтай жақсы деп айтуға болмайды: бір адамның басына шаққандағы ЖІӨ орташа әлемдік деңгейден төмен, шикізаттың бағасы ең жоғарғы деңгейде болған кездегі даму қарқыны басқа дамып келе жатқан елдердің көрсеткіштерімен бірдей, ал қолайсыз жағдаят кезеңінде біршама артта қалып қояды (кесте 1). Инфляция деңгейі барынша жоғары болады. Бұл жағдайда шикізатты экспорттауға маманданған экономикалардың белгілі бір ерекшеліктерінің бар екені жайында болжаған дұрыс.

Кесте 1 – Бір топ елдердің салыстырмалы экономикалық сипаттамалары, 1990 – 2011 жж.

Елдер тобы	Нақты ЖІӨ орташа жылдық өсу қарқыны, %		Орташа жылдық инфляция, %		Адам басына шаққандағы ЖІӨ, орташа әлемдік деңгейдің %
	1990 – 1999 жж.	2000 – 2011 жж.	1990 – 1999 жж.	2000 – 2011 жж.	2011 ж.
Шикізатты экспорттаушы елдер	-0,2	6,8	76,0	11,6	90,2
Қалған дамып келе жатқан елдер	4,2	6,5	45,1	5,7	47,3
Дамыған елдер	2,7	4,3	3,0	2,4	381,6
Ескерту – пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [2]					

Дәстүрлі түрде экономикалық агенттер табиғи ресурстар қорының шектеулі болу жағдайымен бетпе-бет келіп жатады және осының негізінде оңтайлы шешім қабылдауға тура келеді. Шикізатты экспорттаушы елдерде табиғи ресурстар бойынша шектеулерді алып тастау экономиканы барынша қолайсыз жағдайға алып келеді.

Ғалымдар мен мамандардың басым көпшілігі, оның ішінде Халықаралық валюта қоры және Әлемдік банктің ғалымдары мен мамандары елдердің экономикалық даму қарқыны мен табиғи ресурстардың байлығы (біршама көлемінің болуы) арасында тұрақты орнаған кері байланыс феноменін атап өтеді. Ресурстар қорларының біршама мөлшері («мол болуы») мен экономикалық қызметтің төменгі көрсеткіштерінің арасындағы өзара байланыс арнайы зерттеулердің тақырыбына айналып, «ресурстар қарғысы» (ағылш. *resource curse*) немесе «байлықтың парадоксы» (ағылш. *paradox of plenty*) деген атауға ие болды. «Ресурстар қарғысы» теориясының мән-мағынасы мынадай: табиғи ресурстардың (мұнайдың, газдың, орманның, минералдардың) біршама көлемі ұлттық экономика үшін зиянды болуы және экономикалық тоқыраудың себебіне айналуы мүмкін. Сонымен бірге, экономикалық өсімнің негізі дәл осы табиғи ресурстар болып табылатын көптеген экономикаларда теріс әлеуметтік-экономикалық үдерістер байқалады: бір уақытта экономикалық және қоғамдық өмірде авторитарлық үрдістердің күшеюімен бірге нарықтық және демократиялық институттардың қысқаруы. Яғни, күшті экономикалар мен азаматтық қоғамдар үшін (мысалы, Норвегия) ресурстар экономикалық игілік және тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз етудің құралы болып табылады, ал басқа, экономикалық жағынан әлсіз, әлеуметтік-саяси тұрақсыз елдер (мысалы, Ангола, Нигерия, Ирак, Ауғанстан, Либерия) үшін - табиғи ресурстар күрделі ішкі және халықаралық шиеленістерге, оның ішінде қарулы қақтығыстар мен ұзақ уақытқа созылатын қарсы тұруларға алып келеді.

«Ресурстар қарғысы» терминін R. Auty [3] 1993 ж. табиғи ресурстарға бай елдер өздерінің экономикасын дамыту үшін өздерінде бар байлықты пайдалана алмаған және ішкі түйсікке қарамастан табиғи ресурстар қоры аз елдермен салыстырғанда экономикалық өсімі айтарлықтай төмен елдердің жағдайын сипаттау үшін енгізген. Алайда, табиғи ресурстар елдің артықшылығынан гөрі қарғысы болуы мүмкін деген ой ХХ ғасырдың 1980-ші жылдарында пайда бола бастады. J. Sachs and A. Warner [4] әйгілі еңбегін қоса алғанда түрлі зерттеулерде табиғи ресурстардың молшылығы мен елдің әлсіз экономикалық дамуы арасында өзара байланыс бақыланды.

2 - кестеде қарастырылып отырған «ресурстар қарғысымен» айналысқан авторлар жүргізген зерттеулердің нәтижелері берілген. M. Alexeev and R. Conrad басқа барлық зерттеушілер эндогендік өзгермелі ретінде белгілі бір уақыт ішіндегі бір адам басына шаққандағы ЖІӨ-нің нақты өсуін пайдаланған. M. Alexeev and R. Conrad ЖІӨ-ді тәуелді өзгермелі ретінде пайдаланған. Табиғи ресурстың сыртқы өзгермелілігін өлшеуде айтарлықтай айырмашылық бар. Жіктеудің екі санатын алуға болады: 1) табиғи ресурстың экспорты/ЖІӨ; 2) бір адам басына шаққандағы табиғи капитал. Осындай өсудің кері бағыт

алуындағы капиталды басқару, ашықтық, инвестициялар секілді өзгермелілер маңызды рөл атқарады.


Кесте 2 – «Ресурстар қарғысына» арналған зерттеулерге шолу

Автор	Тәуелді өзгермелі	Тәуелсіз өзгермелілер	Нәтижелері
1	2	3	4
Sachs and Warner, 1997 [5]	Экономикалық белсенді халыққа бөлінген жылдық орташа нақты ЖІӨ-нің өсуі (1970-1990)	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (негізгі экспорт/ЖІӨ), ЖІӨ, ашықтық, инвестициялық мөлшерлемелер, адам капиталының жинақталу жылдамдығы, сауданың сыртқы жағдайларындағы өзгерістер, сауда жағдайларының тұрақсыздығы, үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігі	«Ресурстар қарғысы»
Sachs and Warner, 2001 [6]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1970-1989)	1970 жылдағы табиғи ресурстың өзгермелілігі (табиғи ресурстың экспорты/ЖІӨ) ЖІӨ, ашықтық	«Ресурстар қарғысы»
Gylfason, 2001 [7]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1965-1998)	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (ұлттық байлықтағы табиғи капиталдың үлесі, 1994 ж.), инвестициялар, бастапқы капитал	«Ресурстар қарғысы»
Ning and Field, 2005 [8]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1970-1990)	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (адам басына шаққандағы табиғи ресурстың капиталы), ЖІӨ, инвестициялық мөлшерлемелер, заңның үстемдігі, сауданың сыртқы жағдайларындағы өзгерістер	«Ресурстар алғысы»

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Mehlumetal., 2006 [9]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1965-1990)	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (1970 жылдағы негізгі экспорт//ЖҰӨ), бастапқы капитал, ашықтық, инвестициялар	«Ресурстар қарғысы»
Brunnschweiler, 2008 [10]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1970-2000)	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (1994 және 2000 жж. адам басына шаққандағы орташа жиынтық табиғи капитал), бастапқы капитал, заңдардың тиімділігі	«Ресурстар алғысы»
Alexeev and Conrad, 2009 [11]	Адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ 2000	Табиғи ресурстың өзгермелілігі (мұнай өндіру көлемі, мұнай-ЖІӨ ара-қатынасы, заңның жоғары тұруы	«Ресурстар алғысы»
Ескерту – автор құрастырған			


Өзара кері байланыс J. Sachs and A. Warner еңбегінде барынша дәлелді түрде қарастырылған, бұл еңбек 1970 – 1989 жж. аралығында 97 елдің ішінен іріктеуге негізделген. Зерттеушілер 1970 ж. табиғи ресурстарға бай елдердің экспорты мен кейінгі жиырма жыл ішіндегі адам басына шаққандағы ЖІӨ-нің нақты өсімі арасындағы берік байланысты орнатқан (1-суретті қараңыз). J. Sachs and A. Warner елдің экономикасы неғұрлым табиғи ресурстарға тәуелді болса, олардың экономикалық өсуі соғұрлым баяу жүреді деген қорытындыға келеді.



Сурет 1 – Табиғи ресурстардың өсуі мен молшылығы, 1970 – 1989 жж.

Ескерту - пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [6]

1960 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта табиғи ресурстарға бай елдерді зерттеген R. Auty жасаған қорытындылары J. Sachs and A. Warnerды қолдайды. Зерттеу осы уақыт кезеңіндегі табиғи ресурстарға кедей елдерде адам басына шаққандағы табыс деңгейі «ресурсы мол» елдерге қарағанда екі – үш есе жылдам өсіп отырғанын көрсетті (2-суретті қараңыз).



Сурет 2 – «Ресурсы мол» елдер мен табиғи ресурстарға кедей елдердің экономикалық өсімін салыстыру

Ескерту - пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [3]

R. Auty макроэкономикалық көрсеткіштердің уақыт аралықтарына жасалған талдаудың қарама-қайшы нәтижелері деиндустрияландыруға және әлеуметтік-экономикалық артта қалушылықтың басқа түрлеріне алып келетін өңдеуші салалардағы баяулаулар шикізатты экспорттаушы елдердің барлығына емес, тек саяси, әлеуметтік, қаржы институттары жеткілікті деңгейде дамымаған елдерге ғана зиянын келтіретіндігімен түсіндіріледі деп пайымдаған.

R. Auty, мемлекеттік биліктің жеткіліксіз деңгейде институционалдық дамымауының мүмкін болатын салдарын зерттей келе, «бәсекелі индустриаландыру» және «шикізат тұзағы» модельдерін жасап, олардың көмегімен табиғи ресурстарға бай және табиғи ресурстары жоқ елдердегі индустриалану үдерісін салыстырады. Ол мемлекеттік басқарудың екі түрін бөліп көрсетеді – «даму мемлекеті» және «фракциялық мемлекет» (ықпал етуші топтар коалициясының мүддесіне қызмет ететін мемлекет). Даму мемлекетінің негізгі сипаттамасы ұзақ мерзімдік ұлттық әл-ауқаттылықты арттыруға бағытталған байыпты экономикалық саясатты іске асыру үшін мемлекеттің жеткілікті деңгейдегі автономиясы болып табылады. Ол мемлекеттің бұл түрі, әдетте, табиғи ресурстардың қоры шамалы ғана болатын экономикамен түсіндірілуінің кем дегенде бірнеше себептері бар екендігін дәлелдейді [12].

Біршама мөлшердегі ресурстық рентаның, меншік құқығының жақсы қорғалмауының, жеткілікті дамымаған және жетілдірілмеген нарықтардың және әлсіз заң жүйесінің комбинациясы экономикалық даму үшін айтарлықтай бүлдірушілік салдарға алып келуі мүмкін, себебі лоббирлендіру, әділ емес бәсекелестік пен дамып келе жатқан сыбайлас жемқорлық өсуге кері әсерін тигізеді. 20-шы ғасырдағы азаматтық қақтығыстардың көп бөлігі табиғи ресурстардың болуы арқасында туындайтын рентаға бақылау жасауды өз қолына алу талпыныстарынан басталған [7].

Мұндай жағдайларда ресурстық рентаны қайта бөлу бойынша мемлекеттің әрекеттері де (мөлшерден артық табысқа салық салу есебінен қаржыландырылатын, ресурстық емес саланы дамытуға арналған мемлекеттік инвестициялар мен субсидиялар) нашар инвестициялық ахуалға, тепе-теңсіздіктің артуына, адам капиталының нашарлауына байланысты еш нәтиже бермеуі мүмкін [13].

Ресурстардың ауқымды қорларының болуы және оларға шоғырланатын тұрақты табыс ағымының болуы мемлекетті сауданы ырықтандыру, бюрократиялық басқарудың тиімділігін арттыру, институттардың сапасын арттыру секілді елдегі қалыптасқан экономикалық жағдайды өзгертуге бағытталған экономикалық реформаларды жүргізуге ынталандыруға ықпал етпейді немесе басқаша айтқанда ресурстық капиталдың ауқымды қорлары әлеуметтік капиталды ығыстырады [14].

Басқаша айтқанда, «ресурстар қарғысы» саналы өнеркәсіптік саясатты жүргізуге қолайлы саяси жағдайлар жоқ; ішкі билік басындағылардың табиғи ресурстарды өндіру рентасына қол жеткізудегі күресі «дұрыс» институттарға деген сұранысты басатыны соншалықты олардың дамуының кері кетуіне алып келетін «ресурсы мол» елдерге ғана тән; шикізатты экспорттаушы елдердегі

институттар «нашарлап», ал ұлттық экономика – «дұрыс емес», «рентаға бағытталған» экономикаға айналады; мұнда табиғи ресурстардың болуымен түсіндірілетін үлкен рентамен ынталанатын экономикалық агенттердің өндірістік емес қызметі экономикадағы басқару институттарының сапасының төмен болуына, ал, бұл өз кезегінде, экономикалық өсімнің баяулауына алып келеді. Ресурстық серпіліс болған жағдайда ресурстарды дайындаудан түсетін табыстың артатыны соншалықты ақша қаражатын өндірістік қызметке емес, рентаның бөлінісіне салу тиімдірек болады. Өзінің беру сипаты мен өндіруші технологиялардың өзіндік ерекшелігіне байланысты (жоғары бекітілген және төменгі шекті шығындар) табиғи ресурстар экономикалық рентаны шоғырландыратыны айқын, демек рента ресурстарды өндірістік экономикалық қызметтен бұрып алып кетіп, өзіне деген күрестің туындауына алып келеді [15,16].

Біріншіден, табиғи ресурстар шоғырландыратын шамалы ғана рентаға қарқынды түрде қысым жасау рентаның өзін алуға деген халықтың кедей бөлігінде төзімнің азаюына алып келеді. Бұл мемлекет қысым жасайтын кейбір топтың айрықша салалық мүдделеріне зиян келтіре отырып, табысы төмен көпшіліктің мүдделеріне басымдық береді деген мүмкіндікті арттыра түседі. Осының бір салдары барынша ырықты сауда саясаты болмақ. Бәсекелі өндеуші кәсіпорынның жағына қарай экономиканы барынша ерте ырықтандыру осының тағы бір нәтижесі болады. Мұның себебі мұндай елдегі шикізат өндірісінің төмен мүмкіндіктерінде ғана емес, сонымен бірге шағын шикізат секторы мен оның негізінде қалыптасатын өндеуші кәсіпорынның (ресурсы мол елдермен салыстырғанда бұл саланың кірістеріндегі рентаның шамалы үлесімен) өнеркәсіптің қорғалатын салаларының баяу қалыптасуына қолдау көрсетуге қабілетсіздігіне байланысты. Бәсекелі өндеуші өнеркәсіптің қалыптасуы мен ырықтандыру үшін жағдайлар табиғи ресурстар мол экономикалармен салыстырғанда ресурстарға кедей экономикаларда экономикалық дамудың едәуір ерте сатыларында пайда болады. Екіншіден, шикізат қорларының шамалы ғана болуы мардымсыз ресурстарды барынша тиімді пайдалануды ынталандырып, нарықтық тәртіп жасауға және едәуір кеңінен тараған активтерге - адам және әлеуметтік капиталға инвестициялауға ықпал етеді.

Мұндай экономика шағын деңгейде қайта өңделетін тауарларға және жүріп жатқан құрылымдық өзгерістердің ЖІӨ-гі бастапқы сектордың тарылуына алып келуіне қарай, ал қорғалатын өндеуші кәсіпорын аяғынан тұрып кетуге қабілетсіз болатын бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне байланысты күннен күнге өсіп отыратын «шикізат тұзағына» түсіп қалуы мүмкін. «Шикізат тұзағы» моделі табиғи ресурстарға бай елдерде адам және әлеуметтік капиталдардың баяу жинақталуын, сондай-ақ уақыт өте келе оларда теңсіздіктің пайда болуы мен экономикалық өсудің баяулауын білдіреді [12].

Шикізатты елдерде тиісті механизмдердің болмауының бірнеше себептері бар:

- бәсекелесті индустриаландыру экономиканың бастапқы секторларында пайда болады, бұл біршама деңгейде өнімдік және экспорттық ырықтандыру мүмкіндіктерін шектейді;

- енжар индустриаландыру урбандалуды баяулатады, демек адам капиталының жинақталуын тежейді.

Сонымен бірге жаңадан пайда болып келе жатқан салаларды қорғаудың ұзаққа созылған фазасы да сыбайлас жемқорлық, төменгі нарықтық тәртіп, инвестициялардың тиімсіздігі және т.б. секілді экономиканы басқарудағы көптеген бұрмалаулар тудырады, бұл «фракциялық» мемлекеттің дамуына жағдай жасайды.

Осылайша, жоғары келтірілген авторлардың зерттеулері көрсеткендей мұнай мен табиғи шикізаттың басқа да түрлеріне бай болу шикізатты экспорттаушы елдердің экономикалық даму қарқынына жағымды әсерін тигізбеді.

Осындай кері байланыс табиғи ресурстарды өндіру ЖІӨ-нің құрылымында біршама мәнге ие бола бастаған кезде бұл қоғамның ресурсқа тәуелділігін тудыруы, яғни табиғи ресурстарға қолжетімділікті шектеу кезінде кейінгі экономикалық дамудың қиындауы мүмкін екендігімен түсіндіріледі.

– Бұнымен бірнеше теріс құбылыстар байланысты, олар:

– түрлі топтар ресурстарға билік ету мүмкіндігі үшін күресетін қоғамдағы шиеленістер. Мұндай шиеленістер ашық түрде болуы мүмкін және қарулы қақтығыстар (мұндай оқиғалар Африканың кейбір елдерінде, атап айтқанда Ангола Республикасында болып жатыр) немесе түрлі министрліктер, ведомстволар мен жеке меншік кәсіпорындар арасында өкілеттіктердің бөлінуі бойынша жартылай жасырын жарыстар түріне ие болады;

– фискалдық саладағы «ренталық әрекет». Экономика ресурсқа тәуелді болмайтын жағдайда азаматтар мен кәсіпорындардың табысы салық салудың объектісі болып табылады. Ал соңғылары бұның жауабы ретінде мемлекеттен олардың мүдделерін қанағаттандыруын, қолайлы әлеуметтік және өнеркәсіптік саясатты жүргізуін күтеді. Ресурстық тәуелділік кезінде табиғи ресурстарды сатудан алынатын рента бюджет кірістерінің негізгі көзі болып табылады, демек билік азаматтардың салықтарына тәуелді болмайды, осылайша тиімді саясат жүргізуге ынталандырудың төмен болуы байқалады. Оның үстіне, азаматтық қоғамның тиімді институттары биліктің тиімсіз жүргізіп отырған саясаты үшін қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан мемлекет демократиялық қоғамдық институттардың қалыптасуына қасақана кедергі жасауы мүмкін;

– сауатты экономикалық саясатты жүргізуге деген ынталандыру әлсірейтін болғандықтан, бұл ресурстық рентаға қолжетімділікті бөлумен байланысты жемқорлыққа, қоғамдағы авторитарлық үрдістердің күшеюіне және мемлекеттік басқару сапасының төмендеуіне алып келеді;

– егер мемлекеттік бюджет кірістерінің негізгі бабы шикізат ресурстарын пайдалану мен сату үшін төлемдер болса, онда бюджеттің тепе-теңдігі шикізат тауарларына деген әлемдік бағалардың өсу қарқынына тәуелді болады. Соңғысының мөлшері айтарлықтай көлемді болуы мүмкін. Мысалы, мұнайдың бағасы 1998 жылы 10 доллардан 2008 жылдың екінші жартысында 140 долларға дейін өскен және бірнеше айда 60 долларға дейін төмендеген.

Бағаның осылай өзгеріп отыруы фискалдық саясатты сыртқы әсерлерге сезімтал ете отырып, бюджет шығындарын жоспарлауды біршама қиындатады;

– өңдеуші саладағы кірістің жоғары деңгейде болуы өнеркәсіптің басқа салаларын дамыту мен технологиялық жағынан жетілдіруге деген ынталандырудан айырады. Біріншіден, мемлекет қайта өңдеу өнеркәсібінің дамуына қызығушылық тудырмайды. Екіншіден, өңдеуші саладағы кірістің біршама көлемі осы саладағы еңбекке ақы төлеу деңгейінің салыстырмалы түрде едәуір жоғары екендігін білдіреді. Сондықтан барынша білімді және қабілетті қызметкерлер өнеркәсіптің басқа салаларының кәсіпорындарын интеллектуалдық ресурстан айыра отырып, осы салаға жұмыс істеуге барады. Бұл құбылыс «голландық ауру» деп аталатын ресурстар қарғысының ерекше бір түрі болып табылады.

Голландияны мысалға келтіре отырып, тиісті өзара байланыстарды анықтағаннан кейін «ресурстар қарғысы» тұжырымдамасы «голландық синдром» немесе «голландық ауру» деп атала бастады, бірақ дамыған елдерге байланыстырылып айтылатын болды. Жекелеген елдердегі голландық аурудың пайда болуының ерекшеліктері Қосымша А-да берілген.

«Голландық ауру» (ағылш. *the Dutch disease*) терминінің пайда болуы Нидерландыда ХХ ғ. 50-ші жылдарының соңы мен 60-шы жылдардың басында табиғи газдың біршама қорларының ашылуымен байланысты, бұл экономиканың экспорттық секторының құрылымына теріс ықпал етті. «Голландық ауру» ең алдымен өнеркәсіптен шикізат секторына, сондай-ақ сатылмайтын тауарлардың секторын анықтайтын қызмет көрсету саласына өндірістік ресурстар трансфері ретінде көрінеді (шикізаттың жоғары таратушылық экспорты сыртқы нарықтарда кедергісіз өткізілетін сауда тауарларының секторына жататыны түсінікті).

Осылайша, ғылыми әдебиетте «голландық ауру» деп газ, мұнай мен өзге де табиғи шикізаттың кенорнын дайындау немесе оған әлемдік бағаның өсуі салдарынан нарықтық экономиканың сатылатын (*tradable*) тауарлар (Т-секторлар) шығаратын секторының қысқаруы түсіндіріледі [17].

«Голландық ауру» термині алғаш рет ғылыми айналымға 1982 ж. енгізілді. М. Corden and J. Neary, олар осы терминмен шикізат нарықтарының қызған әлемдік жағдаяты кезеңінде сатылатын игіліктерді өндіретін экономиканың өңдеуші секторына шикізат (өндіруші) сектордың басым болып келетін теріс әсерін белгілеген» [18].

«Голландық ауру» феномені – өсудің әлсіз көрсеткіштерінің себептері ретінде – қолда бар инвестициялық құралдарды шикізат тауарларын өндіру мен тарату секторына бұрудан және экономикалық қызметтің басқа салаларын бәсекеге қабілетсіз етуден тұрады. Бұл жағдай, әсіресе, экспортталатын ресурстардың күннен күнге өсетін құны кезінде көрінеді.

Осылайша, «голландық ауру» газ немесе мұнай секілді белгілі бір табиғи ресурсты экспорттау көлемінің біршама артуы нәтижесінде туындайды. Оның экспортының төлемі ретінде елге келіп түсетін шетелдік валюта түсімдерінің біршама артуы ұлттық валютаның номиналды құнының төмендеуіне ықпал етеді. Осының нәтижесінде ел өнеркәсібінің шикізаттық емес салалары

өнімдерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі төмендейді, бұл салаларда өндіріс пен жұмыспен қамтылу көлемдерінің құлдырауы орын алады. жұмыссыздық пайда болады, өңдеуші салалардың тиісті тауарларын импорттау қажеттігі туындайды. Өңдеуші саладан ресурстардың қосылған құнның шамалы мөлшерін жасайтын шикізаттық салаға ауысуы жүреді. Соңғысы таза экспорттың төмендеуімен экономикалық даму қарқынының баяулауына алып келеді.

Табиғи ресурстардың экспортынан елдің кірістерінің өсуі, оның валютасының ревальвациясы мен өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі арасындағы байланысты байқау және дәлелдеу қиын емес. Сондықтан «голландық ауру» - бұл ресурстар экспортының шамадан артық болуымен байланысты тәуекелдер туралы ескертетін теориялық схема және оның үстіне ел осы экономикалық симптомнан шынымен зиян шегетіндігіне толық көлемде сенімді болуға болмайды, сондықтан «голландық ауру» диагнозы белгілі бір елдің өнеркәсібінде құрылымдық реформалар жүргізу қажеттігі туралы нақты ұсынымдар беруге қарағанда туындауы мүмкін қиындықтар туралы белгі беру болып табылады.

Бұл еңбекте Ресей мен Қазақстанда «голландық аурудың» болуы туралы мәселе ерекше қызығушылық тудырады.

Ресейге қатысты осы мәселеге өте көп зерттеулер арналған [19]. Бірқатар авторлар уақыт аралықтарын талдау әдістемесін пайдалана отырып, Ресейдің ЖІӨ мен мемлекет кірістерінің мұнайдың әлемдік бағаларына біршама тәуелділігі бар екендігін көрсетеді [20, 21, 22, 23]. Кейбір авторлар өтпелі экономикалардың кейбір ерекшеліктерін: ұлттық валютаның құнсыздануы; қаржы жүйесінің әлсіздігі; капитал ағымындағы ұлғаюларды назарға алу үшін «голландық аурудың» стандартты үш секторлық моделін қарастырады.

Қазақстанда «голландық аурудың» болуы туралы мәселеге де бірқатар зерттеулер арналған [24, 25, 26, 27, 28, 29, 15]. Мысалы, сипаттаушы статистика негізінде экономикалық көрсеткіштерді талдау, сондай-ақ мұнай бағаларының нақты валюта бағамына әсерін талдау нәтижесінде авторлар Қазақстанның экономикасында 1998 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңде «голландық аурудың» тек екі симптомы ғана байқалды деген қорытындыға келді: теңгенің нақты айырбастау бағамын нығайту және мұнай бағасының өсуі [30].

А.Е. Есентүгелов «...бүгінде Қазақстанда «голландық ауру» - бұл қауіп-қатер емес, нақты шынайылық», - деп атап өтеді және оның белгілерінің көрінуін келесі сызбамен көрсетеді: «шикізатқа әлемдік бағалардың өсуі – шикізат экспортының артуы – шикізаттық емес сектордағы өндіріс шығындарының өсуі, бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы, импорттың өсуі, нарықтан отандық тауарларды ығыстыру» [31].

Г. Смаилова «шикізат» экспортының жылдам өсуі және елдегі ақша көлемінің артуы, ұлттық валютаның нақты айырбастау бағамының жоғарылауы, «шикізат» секторларындағы еңбек ақы деңгейінің артуы және нәтижесінде жалпы экономикадағы жалақының өсуі секілді белгілерін бөліп көрсетеді [32].

А.М. Тлеппаев атап өткендей Қазақстанның экономикасы шикізатқа тәуелді және онда голландық аурудың белгілері байқалады. Бұл үдеріс пен 90-ші жылдардағы экономикалық дағдарыс экономика құрылымының шикізаттық түріне өзгеруіне және машина жасау, тоқыма өнеркәсібі және т.б. секілді дайын өнімді шығарумен байланысты салалардың құлдырауына алып келді [16].

К.М. Сағынбекова «голландық аурудың»: мұнай бағасының өсуі; мұнай газ секторына тікелей шетелдік инвестициялардың өсуі; теңгенің нақты айырбастау бағамын нығайту; бастапқы деңгеймен салыстырғанда өндірістік саланың қысқаруы және теңгенің нақты айырбастау бағамын нығайту нәтижесінде оның құрылымының өзгеруі; білімге сұраныс құрылымының өзгеруі; сондай-ақ жемқорлықтың жоғары деңгейі секілді симптомдарын анықтады (Қосымша Ә қараңыз) [33].

Алайда, көптеген зерттеушілер табиғи ресурстарды экспорттаушы елдерде «голландық аурудың» тек кейбір симптомдарының бар екендігін жартылай дәлелдеді – немесе мұндай растауларды мүлдем таппады [34, 35, 36]. Осылайша, кейбір зерттеушілер шикізат секторының даму қарқыны мен өңдеуші саланың дамуындағы баяулаулар арасында байланыстылықтың бар екендігін белгіледі, ал басқалары – жоқ; «корреляцияның өзі-өздігінен себептілікті тудырмайды» деп атап көрсетті [37].

Өте көп зерттеулерге тән бір фактордың үлестік салмағын анықтауға талпыну кезінде корреляция мен себептіліктің тепе-теңдігі және дара түсініктердің әр түрлілігі орын алады [38]. Excel-гі қателіктер Гавай университетінің профессоры Р. Панко күнделікті шындыққа айналғанын тұжырымдайды, ол 60-шы жылдардың соңынан бастап осындай есептердегі қателіктерді зерттеуге маманданады: «Excel бағдарламалардағы барлық кестелердің 84%-да айтарлықтай қателіктер кездеседі. Қателіктердің өзі емес, біреудің есептеулер жүргізіп, қателіктерді анықтаған жағдайлардың өте сирек кездесуі ерекше» [39].

Осындай қателіктің белгілі бір мысалдарының біреуін келтірген жөн. 2013 ж. сәуір айында экономикалық блогтарда барынша көп талқыланатын тақырыптардың бірі К. Rogoff және С. Reinhart беделді ғалымдардың осындай қателігін талқылау болды. 2010 ж. осы екі гарвардтық экономист экономикалық саясаттың басты сұрағына жауап берілген ғылыми еңбекті жариялады: дефицитке бақылау жасауды өзіне қайтарып алу үшін мемлекеттік шығындарды қысқарту керек пе әлде экономикалық өсуді қалпына келтіру үшін мемлекеттің барлық ресурстарын пайдалану қажет пе? Әлемдегі жетекші 20 дамыған елдің 1946-2009 жж. кезеңіндегі мемлекеттік қарызының көлемі мен экономикасының даму қарқындарының ара-қатынасына талдау жасай отырып, авторлар мынадай қорытындыға келді: мемлекеттің қарыз деңгейі ЖІӨ-нің 90%-нан асқан кезде экономиканың даму қарқыны төмендейді [40]. К. Rogoff 2001-2003 жылдары ДВҚ басты экономисті болды, ол ғылыми әлемдегі макроэкономика саласындағы ең беделді және ықпалды мамандардың бірі. Ол келтірген қорытындылар екі жыл бойы мысалға келтіріп айтылып жүрді, оларға халықаралық қаржы институттарының ұсынымдары және белгілі бір деңгейде әлемнің көптеген елдерінің экономикалық саясаты негізделді. Ал,

2013 ж. Массачусетс Университетінің студенті Т. Херндон мен оның оқытушылары М. Эш пен Р. Полин бұл ұсынымдар «қате деректерге негізделгенін және тексерілмеген статистикалық әдістемелерді пайдалану арқылы алынғаны» кездейсоқ анықтады – өзінің есептеулерінде К. Rogoff және С. Reinhart Excel құралдарын пайдалану кезінде қателескен. «Дамыған елдердегі және түрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық өсу мен мемлекеттік қарыздың арасындағы өзара байланыс әр түрлі көрінген; даму қарқынының баяулау себептерін және оның жоғары деңгейдегі мемлекеттік қарызбен өзара байланысын талдай отырып, бірқатар айрықша факторлар мен жағдайларды қарастыру қажет – тек сонда ғана байыпты қорытындылар жасауға болады» [41].

Бұның барлығы бірқатар авторларға ғылыми тұрғыдан алғанда шикізат секторының өсуі мен ұлттық экономиканың өңдеуші салаларының дамуындағы баяулаулардың өзара байланыстың дәлелденбеген, ол жай гипотеза күйінде қалды деп пайымдауға мүмкіндік берді.

R. Hausman and R. Rigobon, көптеген жағдайларда кері байланыстың бар екендігімен келісе отырып, 1980-ші жылдардың мұнай бағасының жоғары деңгейде болуы кезінде жекелеген мұнайға бай елдер жағымды нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтеді [42]. D. Lederman and W. Maloney [43] қорытындылардың ортақтығын бұзды, олар жекелеген елдерді мысалға ала отырып, дұрыс жүргізілген саясат пен қатаң мемлекеттік реттеу кезінде табиғи ресурстардың байлығы ұзақ мерзімді экономикалық өсуге ықпал етуі мүмкін екендігін көрсетті. С. McPherson and S. MacSearraigh [44] өзінің жасаған шолуында ресурстық реттеу саласындағы, атап айтқанда мұнай секторындағы институционалдық жүйенің әлсіреуімен байланысты тәуекелдерге, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздықпен байланысты факторларға назар аударады.

Макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізген және басқарудың ашық әдістерін қолданған кейбір елдер өздерінің табиғи ресурстарынан біршама пайдаға қол жеткізе білді. Бұл, атап айтқанда Канада, Норвегия (табиғи газ және мұнай), Чили (мыс), Боствана (алмас).

Халықаралық валюта қоры табиғи ресурстар байлығының өлшемдеріне: а) бюджеттің жалпы кірістеріндегі бюджетке түсетін табиғи ресурстардан түсімдердің бір бөлігі; б) белгілі бір уақыт кезеңіндегі (5 жыл) табиғи ресурстардан экспорттық түсімдердің бір бөлігін жатқызатындығын атап өту керек. Егер бұл көрсеткіштер 25%-дан жоғары болса ел табиғи ресурстарға бай болып есептеледі. Табиғи ресурстарға бай елдердің тізімі Қосымша Б-да берілген.

Бір айта кететіні «Ресурстар қарғысы» механизмінің әсері институционалдық, технологиялық, саяси және макроэкономикалық аспектілерде байқалады.

Сапалы институционалдық құрылым экономиканың құрылымдық тепе-теңсіздіктері мәнмәтінінде анықтаушы болып табылады. «Ресурстар қарғысы» мәселесін зерттеген С. Гуриев пен К. Сониннің [45] ғылыми зерттеуі дәлелдегендей, ресурстық байлық пен даму қарқынының арасындағы теріс

байланыс жетілмеген «нашар» институттары бар елдерге ғана тән. Оның үстіне, бұл елдерде ресурспен қамтамасыз етілу реформалардың баяулауына, экономиканың қазіргі бар құрылымның консервирленуіне алып келеді, себебі ресурстық рентаның арқасында өмір сүру мен ол үшін күресу саяси және экономикалық институттардың жетілуін ынталандырмайды. Дамыған саяси және экономикалық институттары бар елдерде ресурс байлығы экономикалық өсуге әсер етпейді немесе жағымды әсер етеді.

Табиғи ресурстармен шамадан артық қамтамасыз етілу, әлеуметтік-экономикалық өсу үшін жағымсыз салдар мен мемлекеттің демократиялық институттарының дамуы арасындағы өзара байланыс американдық экономист М. Ross [46] еңбектерінде толығырақ зерттелген. Аталған еңбектерде ресурстардың шамадан артық болуының экономика жағдайына теріс ықпал етуі мемлекеттің меншік құқығын әлсіз қорғауымен түсіндіріледі: біріншіден, мемлекеттің ресурсқа меншік құқығын қамтамасыз ету бойынша әлсіз әлеуеті экономикалық өсудің баяу жүруін айқындайды және мемлекеттің ресурстарға тәуелділігін арттырады. Екіншіден, мемлекеттің өзінің институттары арқылы экономикалық субъектілерге ресурсқа меншік құқығына кепілдікті қамтамасыз етуге қабілетсіздігі соңғыларының жоғары ресурстық рента алу үшін көлеңкелі экономикаға «қашуына» түрткі болады, содан кейін ресурстық рентаның бір бөлігі меншік құқығын қорғау жөніндегі криминалдық (заңсыз) топтардың қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалады.

Т. Gylfason атап өткендей меншік құқығын нашар қорғау, жеткілікті дамымаған және жетілмеген нарықтар мен әлсіз заң жүйесінің комбинациясы экономикалық даму үшін айтарлықтай бүлдірушілік салдар тудыруы мүмкін, себебі лоббирлеу, әділ емес бәсекелестік пен дамып келе жатқан сыбайлас жемқорлық экономиканың өсуіне кері әсерін тигізеді. XX ғасырдағы азаматтық шиеленістердің басым бөлігі табиғи ресурстардың болуы арқасында туындаған рентаға бақылау жасауды басып алу талпыныстарынан басталған [7].

Мұндай жағдайларда ресурстық рентаны қайта бөлу жөніндегі мемлекеттің әрекеттері (шамадан артық кірістерге салынатын салықтар есебінен қаржыландырылатын ресурстық емес секторды дамытуға мемлекеттік инвестициялар мен субсидиялар) нашар инвестициялық ахуал, тепе-теңсіздіктің артуы, адам капиталының нашарлауы салдарынан тиімсіз болуы мүмкін [13].

Соңғы жылдары «ресурстар қарғысы» түсінігі күннен күнге күмән тудырып келе жатқанын атап өту қажет. **Автордың пікірінше, «дамымаған экономиканың қарғысы» жайында айтқан жөн, себебі шикізат экспортының біршама көлемі ұлттық экономика шикізатты дайын өнімге айналдыруға қабілетсіз екендігін дәлелдейді. Құрылымдық тепе-теңсіздіктерден зиян шегетін дамымаған экономика үшін даму қарқынының төмен болуы қалыпты құбылыс.**

1.2 «Табиғи ресурстар қарғысына» қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесі

Елдерге «табиғи ресурстардың қарғысына» қарсы тұруға мүмкіндік беретін тәсілдерді енгізуге бағытталған күш-жігер үлкен пікір-таластардың

[47], сонымен бірге халықаралық ұйымдардың, әсіресе Дүниежүзілік банктің араласуының негізіне айналды. J. Sachs and A. Warner «қарғыстан құтылу» бойынша саяси ұсынымдардың ортасында «жариялылық пен есеп беру» болды деп атап көрсетеді [48]. Осылайша, мемлекеттік саясат табиғи ресурстардың тұрақты дамуы жоспарында маңызды рөл атқарады.

«Табиғи ресурстардың қарғысына» қарсы тұрудың және ресурстардың байлығымен байланысты қоғамдар үшін барынша көп тұрақты пайда алудың стратегиялары бірқатар жағдайлармен қатар жүргізіліп, жалпы бүкіл әлемде Дүниежүзілік банк жариялаған негізделген басқарудың қағидаларымен сәйкес келеді [49].

Дүниежүзілік банк дамудың жағымды нәтижелерінде қарым-қатынас орнататын елдер үшін негізделген басқарудың алты жиынтық көрсеткіштерін бөліп көрсетті [50]:

- әділ өткізілетін сайлауларды, белсенді азаматтық қоғамды және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғандар «жариялылық пен есеп беру»; кенеттен болатын шиеленістердің, этникалық шиеленістерді, саяси бөлінушілік пен кенеттен болатын әлеуметтік шиеленістерді қоса алғанда саяси тұрақтылық;

- институционалдық тұрақтылық пен саясаттандырылмаған азаматтық қызметті қоса алғанда үкімет жұмысының тиімділігі;

- жеке меншік сектор басымдық көрсетпейтін реттеу жүктемесінің тиісті деңгейі;

- меншік құқығын қорғау және сот жүйесінің тәуелсіздігін қоса алғанда заңдардың жоғары тұрушылығы; сонымен бірге

- сыбайлас жемқорлықтың болмауы.

«Ресурстар қарғысынан» ойдағыдай аман қалған елдерге біршама деңгейде мұнай мен сәйкесінше мысты өндіруге тәуелді экономикасы бар Норвегия мен Чили жатады. «Табиғи ресурстардың қарғысына» қарсы тұру үшін бұл елдер бірқатар шаралар қабылдады [51]:

- фискалдық шығындарды шектеу және бюджеттерді тепе-теңдікте ұстау, бұл инфляцияны ұстап тұруға мүмкіндік берді;

- болашақ ұрпақ үшін ресурстар қорларын құру, оларға ресурстардан алынған табыстар халықаралық деңгейде салынады;

- бюджеттің профицитін адам капиталына (білім беруге), инфрақұрылым мен инновацияларға инвестициялау;


- ресурстарға тәуелді әлсіз дамитын салалардағы шағын және орта жергілікті кәсіпорындардың дамуын ынталандыратын амалдарды қоса алғанда (әсіресе Норвегияда) олардың экономикасын ырықтандыру үшін саясатты қабылдау;

- жоғары сапалы азаматтық қызмет мен реттеушілік бюрократияға негізделген жемқорлықтың төменгі деңгейін, сенімді меншік құқықтарын, тәуелсіз сот пен шешімдерді қабылдау жүйесіндегі ашық теңестіруші күштерді қоса алғанда байыпты институттарды қамтамасыз ету.

«Табиғи ресурстар қарғысының» едәуір жақын рельефтік мысалына Нигерия жатады. 1965 ж. – мұнай кенорындарын дайындаудың басталуы уақытына қарай – Нигерия ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауға бағытталған әлсіз дамыған ел болды. 1970-ші жылдардың басындағы баға бумымен қатар жүрген мұнай экспорты 1970-ші жылдардың бірінші жартысында жылына орташа есеппен 4,6% қарқынмен экономикалық өсімді қамтамасыз етті [1].

Нигерия 1970-тен 2000 жылдарға дейінгі кезеңде 350 млрд. дол. сомасына мұнай табысына қол жеткізді. Осыған қарамастан осы уақыт кезеңінде абсолюттік кедейшілікте өмір сүретін халықтың бөлігі екі есеге артып, 70% құрады [52]. Нигериялықтардың 40%-ы сумен және кәріз желісімен жабдықталмаған; елдегі өмір сүру ұзақтығы дүние жүзіндегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі, ал бала өлімі – ең жоғарғы көрсеткіштерге ие.

Мұнай байлығын тиімсіз пайдаланудың мысалына айналған Нигерияның экономикасы автордың пікірінше келесі факторлардан зиян шекті. Біріншіден, «голландық ауру» өзінің теріс әсерін тигізді. Нигерияда ол барынша айқын көрінді. Нигерия проциклдық салық саясаты мен инфляцияда көрініс тапқан тұрақсыз ғаламдық энергетикалық нарықтардың (3 суретті қараңыз) нәтижесі болып табылатын макроэкономикалық өзгерістерге барынша әлсіз болды. Екіншіден, Нигерияда үлкен институционалдық қиындықтар бар. «Transparency International» бағалауы бойынша бұл ел сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша 180 мемлекеттің ішінде 56-шы орынға ие [53]. Рентаға бағытталған іс-әрекеттің мұндай деңгейі теңестірілген макроэкономикалы саясатты жүргізуге және бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.



Сурет 3 – Мұнайдың бағасы, Нигерия экономикасының қоғамдық секторындағы кірістер мен шығыстар, 1970 – 2011 жж.

Ескерту–пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [1]

Алайда, елдердің барлығында да «ресурстар қарғысы» тән болмайды. Кейбір елдер, мысалы, Ботсвана, Индонезия, Норвегия, Австралия және Канада экономикалық өсу мен әлеуметтік дамудың тұрақты және жоғары қарқындылығын көрсетеді. М. Ross бұдан 30 жыл бұрын Индонезия мен Нигерия, екі мұнай өндіруші елде адам басына шаққандағы ЖІӨ шамамен теңдей көрсеткіштеріне ие болған деп атап өтеді. 2003 ж. Нигерияда адам басына шаққандағы табыс Индонезияның табыс көрсеткішінің 30%-ын ғана құраған [52]. 1993 жылы Әлемдік банк Индонезияның экономикасын «шығыс азиялық керемет» деп атады.

Алмас кенорындарына бай елдер Ботсвана мен Сьерра-Леона да осындай ұқсас әдіспен бұдан отыз жыл бұрын экономикалық дамудың шамамен бірдей деңгейінде болған. Алайда, Ботсвана уақыт өте келе оның аумағына 1970-ші жылдары алмас кенорындары шығарылған кезден бастап таң қалдырарлық экономикалық өрлеуді көрсете білді. 1970 – 1990 жж. аралығында бұл ел шамамен 7% орташа жылдық даму қарқынымен әлемдегі едәуір жылдам дамушы экономикаға ие болды. Сарапшылардың бағалаулары бойынша осы өсімнің 40%-ын алмас өндірісі қамтамасыз етті [54]. Бұл орайда, Ботсвананың бастаушылық ұстанымы тропикалық климат мен тұйық мономәдени экономика нәтижесінде әлемдегі ең нашар ұстанымдардың бірі болды. Осы негізде Сьерра-Леонада адам басына шаққандағы ЖІӨ 1970 ж. 350 доллардан 2000 ж. 150 долларға дейін төмендеді. Тек 1994 - 1998 жж. аралығында бұл елдің нақты ЖІӨ 21%-ға қысқарған, ал бұл уақытта халықтың саны 13%-ға өскен.

Табиғи ресурстарға бай елдердің дамуының әр түрлі сипаты табиғи ресурстар табысты даму үшін кедергі де, экономикалық коллапстан кепілдік те болып табылмайтынын көрсетеді. Табиғи ресурстардан түсетін табыстар едәуір мөлшерде шикізат бағаларының біршама ауытқулары, ресурстардың көлемі, шикізат компаниялары төлейтін тарифтер мен роялти деңгейлері өзгерістерінің нәтижесінде құбылмалылыққа бейім болып келеді. Осыған байланысты егер мұнай елдердің қаржы институттары табыстар динамикасына қарай бағыт алатын болса, құбылмалылық макроэкономикалық деңгейге, ең алдымен мемлекеттік тұтыну мен инвестициялаудың құбылмалығы түрінде беріледі.

Мұндай даму үшін «голландық ауру» үлкен қауіп төндіреді. Ол ресурстық бум кезеңінде ұлттық валютаның айырбастау бағамы шикізаттық емес салалардың, әсіресе ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларының бәсекеге қабілеттілігіне теріс ықпал ете отырып, артатын жағдайды білдіреді. Атап өтілгендей бұл термин Солтүстік теңіздегі Нидерландының аумақтық суларында 1960-шы жылдары табиғи газдың үлкен қоры анықталғаннан кейін пайда болды. 1976 жылы бұл елдің газдан түскен табыстары 5,5 млрд. долларға жетті, бұл соманың басым бөлігі өмір сүру деңгейін арттыруға жұмсалды. Бұл ұлттық валюта – гульденнің өсуіне алып келді, осының нәтижесінде өңдеуші кәсіпорынның дамуында баяулаулар орын алып, жұмыс істейтін халықтың саны 16%-ға азайып кетті. Мемлекет әлеуметтік инвестицияларды арттыра

отырып, жұмыс орындарын сақтап қалуға тырысты, осының нәтижесінде 1982 жылы бюджеттің дефициті ЖІӨ-нің 7%-на жетті.

Сонымен бірге «голландық ауру» шикізат табыстары серпілісінің сөзсіз болатын салдары емес, оған Боствана, Индонезия мен Норвегияның тәжірибесі дәлел. Сарапшылар атап өткендей бұл дұрыс жүргізілмеген экономикалық саясаттың, атап айтқанда қаржы және валюта саясатының, сондай-ақ елге шикізатты сатудан түсетін кірістерді тиімді басқара алмаудың нәтижесі.

Жалпы, бұл елдер үшін проциклдық қаржылық саясат тән болды, ал дамыған елдер үшін ол контрциклдық сипатта болды [54]. «Ресурстары мол» елдер үшін проциклдық саясат ресурстық бум кезінде қаржылық ресурстардың таралуынан және дағдарыс кездерінде олардың қысқаруынан көрінді. Нәтижесінде қарапайым экономикалық циклдар денсаулықты қорғау мен білім беруге жұмсалатын шығындарды қоса алғанда үлкен мемлекеттік жобаларға жұмсалған мемлекеттік шығындардағы циклдармен күшейе түсті. Көбіне проциклдық саясат «кенеттен келген» күтпеген кірістерді адам капиталын дамытудың орнына ғаламат инвестициялық, көбіне тиімсіз жобаларға орынсыз жұмсаумен қатар жүреді.

Мемлекеттің табиғи ресурстарды экспорттаудан кенеттен пайда болған кірістерді талан-тараждаудың едәуір жиі кездесетін түрі экономиканың мемлекеттік секторында жаңа жұмыс орындарын шамадан көп ашуға, жалақыны өсіруге, өңірлер мен өнеркәсіп салаларына трансферттер мен субсидиялар бөлуге ағымдағы шығындарын кеңейту болып табылады. Көбіне субсидиялар шығынды мемлекеттік кәсіпорындарды қолдауға бағытталады. Күтпеген кірістердің айтарлықтай бөлігі денсаулықты қорғау, білім беру мен инфрақұрылымға салынатын инвестициялардың орнына әкімшілік аппаратты күтіп ұстауға жұмсалады.

Зерттеушілер түрлі шикізатты елдердің экономикалық саясатындағы тәсілдердің алуан түрлілігі мен олардың экономикалық дамуға ықпал ету мәселелерін қарастырды. Алайда, неге бір елдер барынша тиімді саясат жүргізеді, ал кейбіреулері – жүргізбейді деген сұрақ шешімін таппады. Бұл сұрақ соңғы жылдары сарапшылардың назарын өзіне аудартады. Мамандардың көпшілігі бұл сұрақтың жауабын осы елдердің саяси және институционалдық жүйелерінің ерекшелерінен табуға болады деген қорытындыға келуде. Көптеген әдебиеттерде түрлі мүдделер тобының «рентаға бағытталған» саясаты мен оның жалпы экономикалық саясатқа әсеріне меңзейді.

Оған байланысты көптеген шикізатқа бай елдердің қауіпті болатын сипаттамасы - «ренталық мемлекет» немесе «ренталық экономика». Ренталық мемлекетте табиғи ресурстарға роялти мен салықтар түріндегі сыртқы ресурстардан рентаны барлық кірістердің басым бөлігін құрайды. Ренталық мемлекетте «ренталық ментальдылық» басым болып келеді, бұл жағдайда үнемі өсіп отыратын кірістерді күтудегі рантье кезек күттірмейтін жылдам өсумен қатар жүреді. Табиғи ресурстарға бай және кедей елдердің қайта бөлу және өндірістік функцияларына көңіл бөле отырып, «ренталық ментальдылықты» түсіндіруге болады. «Өндіруші мемлекеттер» деп аталатын табиғи ресурстарға кедей елдер экономикаға салық салуға ерекше көңіл аударады; олар үшін

экономикалық өсу барынша жоғары кірістердің негізі ретінде императивтік болады. Осыған қарама-қарсы ренталық мемлекеттер «қайта бөлуші мемлекеттер» болып табылады. Оларға тән белгілер субсидиялар мен трансферттер болып табылады.

Бұл сипаттамалар табиғи ресурстарды тиімді басқаратын елдерден осындай басқаруды жүргізе алмаған елдердің арасындағы айырмашылықтарды айқындау кезінде өте маңызды болып табылады. S. Asfaha Боствана мен Норвегия табиғи ресурстарды өндірумен және қайта өңдеумен байланысты емес, нақтырақ айтқанда – экономиканың баламалы секторларына салынған салықтардың арқасында ел табысының белгілі бір бөлігін шоғырландыруды қажет ететін саясатты ұстанғанын көрсетеді [55].

Керісінше, Нигерия, Замбия, Венесуэла, Эквадор мен Мексика секілді елдер шикізат кірістерін экономиканың мемлекеттік секторының қызметкерлерін қоса алғанда, мүдделі әлеуметтік топтарға трансферттеуді жүзеге асырды. Олар салықтарды тиімді жинауға, салықтық әкімшілік ету жүйесін күшейтуге, салық салынатын субъектілерде кәсіпкерлік рухты қалыптастыруға аз көңіл бөлген.

Экономикалық саясатты саяси қайраткерлер жүзеге асыратыны белгілі және бұл мағынада ол жалпы саяси үдерістің бір бөлігі болып табылады. Кез келген саясаткердің басты міндеті «дұрыс саяси шешім» қабылдау. Дұрыс экономикалық саясат саяси қайраткерлердің мүддесімен сәйкес келе бермейді. Егер жақсы саяси қызмет саяси қайраткерлердің мүдделерінің азаматтардың мүдделерімен сәйкес келуінің нәтижесі деп айтатын болсақ, онда Боствана, Индонезия мен Норвегия секілді елдерде осындай сәйкес келушілік болды деген қорытынды жасауға болады. Басқа табиғи ресурстарға бай елдерде бұл мүдделер сәйкес келмеген.

Ең алдымен, бұл халықтың рентаға бағытталған топтары секілді. Бірқатар зерттеушілер мұндай топтарға көбіне әскери адамдар тобы мен шенеуніктерді жатқызады. Мысалы, H. Bienen Норвегияда фермерлердің ешқандай саяси ықпалы жоқ және олардың елдің саяси құрылымдарында ешқандай өкілдері жоқ, ал керісінше әскери мен азаматтық шенеуніктердің айтарлықтай саяси билігі бар деп атап көрсетеді. Мысалы, сарапшылар атап өткендей Ајакута белгілі металлургиялық кешені Норвегияда елдің экономикалық дамуына ат салысатындықтан емес, оның демеушілеріне саяси дивидендтер әкелетіндіктен қызмет етеді [56]. Сәйкесінше мемлекет оның ұстанымын күшейтіп, осы топтардың мүддесіне сай келетін шешімдер қабылдаған. Мұндай жағдай басқа елдерде: экономикалық саясат ұзақ мерзімді экономикалық дамудың орнына қысқа мерзімді саяси мүдделер мен басымдықтарды басшылыққа алған Чадта, Эквадорда, Мексикада, Венесуэлада, Замбияда да қалыптасқан.

Мұндай елдерде экономикалық саясат экономикалық дамудың құралдары мен механизмдері емес, негізінен беделді топтарды қолдауды шоғырландыруға бағытталған саяси құралдарға айналады. Осы себептермен шикізатқа бай елдерде мемлекет өзінің ұлттық валютасын девальвациялауға ниетті емес екендігін түсіндіруге болады. Осылайша, табиғи ресурстарға бай елдердегі айырбастау бағамының жоғарылауы, экспорттың қысқаруы мен шикізат


кірістердің жұтылуы экономикалықпен қатар саяси феномен болып табылады. Бұл мағынада алғанда «саяси голландық ауру» [57] және «ресурстық қарғыстың саяси факторы» [58] терминологиялары ерекше мәнге ие.

Жоғарыда аталғандардың барлығы экономикалық саясаттың стандартты әдістерін пайдалана отырып, голландық ауруды емдеуді қиындататын «ресурстық қарғыстың» саяси құрамдас бөлігі болып табылады. Қажетті құрылымдық ауысымдарға бағытталған экономикалық саясат саяси ықпал ету агенттерінің мүддесімен сәйкес келмейтін мөлшерде ол тұрақты бола алмайды. Мұндай топтар мәселе табиғи рентаны бөлуге қатысты болғанға дейін «статус қвоның» қорғаушылары болады. Бұл рөлінде мұндай топтар «нашар экономикалық саясаттың» агенттері болып табылады.

Рентаға бағытталған саясат экономикалық және саяси күштің элитаның қолына шоғырлануына, жемқорлықтың тереңдеуіне, экономикалық тиімділіктің төмендеуіне және әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне алып келеді. Мексика, Венесуэла немесе Норвегия секілді елдерде рентаны алуға бағытталу қауіпті сипатта, саяси және экономикалық институттар өте әлсіз, негізгі нарық агенттерінің ашықтығы мен есеп берушілігі жоқ. Боствана, Индонезия мен Норвегияға келетін болсақ бірқатар зерттеулерде бұл елдерде «дұрыс экономикалық саясатты» жүргізуге ықпал ететін саяси және институционалдық құрылымдардың болуы атап өтіледі.

Норвегия экономикалық жүйенің тұтастығы аясында шикізат секторын тепе-тең басқарудың ең сенімді мысалдарының бірін көрсете білді [59]. Мұнай мен газды экспорттаушы ретінде ол Ресей мен Сауда Арабиясынан кейін үшінші орынды иеленеді.

4-суретте берілген деректер 1970-ші жылдардың ортасында Норвегияда адам басына шаққанда ЖІӨ-нің біршама артуын көрсетеді. Норвегияны көрші Швециямен салыстыра отырып, елдің ЖІӨ-нің жылына шамамен 20% артуы мұнай ресурстарының арқасында орын алатынын байқауға болады.



Сурет 4 – Норвегия халқының адам басына шаққандағы ЖІӨ, Швеция = 100

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [60]

Норвегияның табиғи ресурстарды басқару моделі мұнай газ қорларына мемлекеттік меншіктің болуына және мемлекеттік мұнайды өндіруді толығымен бақылауына негізделеді. Соңғысында мемлекеттік компаниялар басымдыққа ие және мемлекеттік әрбір сатыдағы үлесін шығара отырып, кірістердің толық есебі жүргізіледі. Мемлекет тікелей – мемлекеттік компаниялар арқылы, сондай-ақ мемлекеттің үлесін бөлу, лицензиялар беру, рұқсат беру қызметі және басқалар арқылы барлық дерлік кенорындарын пайдалануға қатысады.


Норвегиядағы мұнай табыстарын басқару ісіндегі табыс деп сарапшылар осы елдегі ерекше әлеуметтік тәртіпті есептейді [61]. «Әлеуметтік келісімшарт», «келісілген ұжымдық әрекеттер» және «протестандық еңбек этикасы» санаттарын пайдалана отырып, М. Вебера, Е. Larsen Норвегияда белгіленген әлеуметтік нормалар элиталардың рентаға бағытталған әрекетіне кедергі жасайды, ал келісілген ұжымдық әрекеттер тәжірибесі осы елдің әрбір азаматының мұнай мен газды өндірумен алынатын байлыққа қол жеткізуін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды [62]. Елде көмірсутек қорлары пайда болғанға дейін бұрын қалыптасқан норвегиялық демократиялық дәстүр рентаға бағытталған әрекеттерге кедергі жасайтын маңызды фактор болып табылады. S. Asfaha норвегиялық тұрақты және демократиялық саяси жүйе, дамыған және транспаренттік заң жүйесі, мықты бұқаралық ақпарат құралдары қаржы саясатының тиімділігін және мемлекеттік шығындардың әділ сипатын қамтамасыз етеді [55].

Алайда, Норвегия да экономикадағы басқа елдер шикізат доминанттары бетпе-бет келетін қиындықтардан айналып өте алмады. Мұнай мен газды өткізуден түсетін жоғары деңгейдегі экспорттық кірістер өңдеуші кәсіпорын мен оның жоғары технологиялық құрамдас бөліктеріне мүддесі үшін емес, өндіруші саланың мүддесі үшін экономика салаларының арасында қаржы құралдарының қайта бөлінуін алып келеді. Бұл заңды түрде шикізаттық мамандануды консервілейді және ел экономикасының кешенді түрде дамуын тежейді.

Қазіргі уақытта Норвегия ғана емес, белгілі мөлшерде Венесуэла да экономиканың тұтас дамуына шикізат (мұнай газ) секторының ықпалдасуының өзіндік экономикалық және әлеуметтік өлшемдерін тауып, осылайша дағдарыс жағдайларынан аман қалды.

Нақты жанбасылық ЖІӨ 10%-ға төмендеген 1996 жылдан бастап 2006 жылға дейін қырық жылдың ішінде Венесуэланың экономикалық дамуы экономикалық феномен: «венесуэлалық ауру» атауын тудырды, оны мұнай саласын мемлекет қарауына алумен және соңынан осы индустрияның тиімділігінің төмендеуімен байланыстырады.

«Голландық ауру» Венесуэланың экономикасы үшін күрделі фактор болмағанын айта кету қажет. БҰҰ-ның материалдарына сәйкес Венесуэла ұлттық валютаның нақты түріндегі толығымен бағаланбаған кезде 1997 – 2003 ж. аралығындағы кезеңде елде теріс экономикалық өсу байқалған ерекше жағдай болып табылады [63] (5-суретті қараңыз).



Сурет 5 – Венесуэла халқының бір адам басына шаққандағы ЖІӨ-нің нақты өсімі

Ескерту – пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [63, б.105]

Венесуэланың экономикалық қиындықтарының түп тамыры Венесуэла қоғамындағы экономикалық жіктелудің жоғары деңгейімен байланысты болатын соңғы он жылдағы табиғи рентаға қол жеткізу үшін күреспен жүйелі түрде қиындайтын қолайсыз институционалдық ортамен байланысты. Рентаға бағытталған әрекеті мен мемлекеттік шенеуніктердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері, сондай-ақ бизнес үшін шамадан тыс кедергілер айтарлықтай өзекті мәселелер болып табылады.

Жоғарыда атап өтілгендей, голландық аурудың саяси құрамдас бөлігі бұл мәселеге күрделі кешенді сипат береді, оны тек экономикалық институттардың көмегімен шешу мүмкін емес. Дәл сондықтан ресурстық кірістерді басқару саласындағы халықаралық бастамалар осы үдерістің ашықтығы мен есеп берушілігіне ерекше көңіл бөледі. Осы тұрғыдан алғанда, едәуір белгілі бастамалар Халықаралық валюта қорының «Ресурстық кірістердің ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығы» болып табылады, «Ақшаны бақылау: бюджеттік және мұнай газ кірістеріне мониторинг жасау жөніндегі нұсқаулық» ашық қоғамының бастамасы, британдық үкіметтің «Өндіруші салалардағы ашықтықты қамтамасыз ету бойынша бастама» (Extract Industry Transparency Initiative, EITI), ол Әзірбайжанда, Ганада, Либерияда, Монғолияда іске асырылуда және Норвегияға, Қазақстанға, Грузияға, Қырғызстанға, Нигерия мен басқа да 26 елге енгізілуі тиіс.

Осы үш бастаманың негізінде қаржылық ашықтық басшы қатысушылардың есеп берушілігін қамтамасыз етеді деген үміт жатыр, ал бұл, өз кезегінде жақсы экономикалық саясат үшін мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың өзгеруіне алып келеді және азаматтар мен жергілікті билік органдарының биліктік өкілеттіктер берілуінің арқасында рента алуға бағытталуды қиындатады.

Соған қарамастан, бұл көзқарасты барлық сарапшылар қолдамайды. Мысалы, олардың кейбіреулері мемлекеттің ресурстық кірістерді экономикалық даму үшін қайта бөлуіне сенбейді және мұнай кірістерінің қоғам мүддесі үшін тікелей бөлінуін алға тартады [64]. Басқа сарапшылар жекешелендіруді табиғи байлықты басқару мәселелерін шешудің баламалы жолы ретінде көреді.

Осылайша, табиғи ресурстарға бай елдердің дамуын талдау «голландық ауруға» қарсы тұруда экономикалық саясаттың сипаты басты рөл атқаратындығын көрсетеді. Боствана, Индонезия, Норвегия секілді елдерде тиімді экономикалық саясаттың нәтижесінде голландық аурудан аман қалып, айтарлықтай экономикалық өсуге қол жеткізе алды. Бұл елдерде қаржылық саясат контрциклдық сипатта болды. Қаржылық саясаттың консервативтік сипаты айырбастау бағамдарының бәсекелі саясатын жүзеге асыруға және ұлттық валютаның девальвациясы әсерін сақтау үшін пайдаланылған біршама валюта резервтерінің жинақталуына ықпал етті. Керісінше, табиғи ресурстарға бай көптеген елдерде проциклдық қаржылық саясат жүргізілді, ол шикізатты өндіруден түскен кірістерді мемлекеттік секторды, тиімділігі төмен пайдасыз арманшыл жобаларды қаржыландыруға бағытталды. Мұндай елдерге шектелмеген қаржылық шығындар мен шикізаттық серпіліс жағдайында ауқымды қарыздар алудың арқасында қалыптасқан үлкен мөлшердегі қарыздарының болуы белгісі тән. Сәйкесінше, мұндай елдердің экономикасы өндіруші емес, «қайта бөлуші» деген атау алды.

1.3 Әлемдік экономиканың ғаламдануы мен дағдарыстың жаңа үрдістері және «ресурсы мол» елдердегі экономикалық даму мәселелері

XX ғасырдың екінші жартысында дамыған экономикалардың және Қытай, Үндістан, Бразилия мен Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің «жас» экономикаларының жылдам экономикалық өсуі XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ең алдымен, ұлттық экономикаларға өнеркәсіп өндірісінің даму қарқынын өсіру үшін шикізат (табиғи) ресурстардың айтарлықтай көлемін тартумен байланысты. Экономикалық өсу стратегияларындағы (әсіресе дамушы елдердің) негізінен шикізат үрдістерінің басым болуы нәтижесінде табиғи ресурстар қорлары біршама қысқарды. Көптеген экономикалар үшін (3-кестені қараңыз) негізгі ресурстардың шектелуі (тапшылығы) және олар үшін бәсекелі күрестің шиеленісі әрекет етудің экономикалық ережелері мен ғаламдық бәсекелестіктің өзгеруіне алып келеді.

Кесте 3 - Экономикалық жүйелер үшін негізгі табиғи ресурстардың көлемі, 2012 ж

Өңір/ел	Ресурс / сипаттамасы		
	Қорлар	Әлемдегі үлесі, %	Қамтамасыз етілуі, жыл
1	2	3	4
Мұнай, млн. т.			

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Еуропа	2455,4	1,3	9
Ресей	14920,0	7,7	32
Азия	115316	59,8	83
Африка	15417,4	8,0	35
Америка	44108,9	22,9	48
Австралия және Мұхит елдері	513,6	0,3	21
Табиғи газ, млрд. текше м.			
Еуропа	6458,1	3,7	68
Ресей	47544,0	27,4	73
Азия	86944,1	50,1	54
Африка	14085,3	8,1	62
Америка	14577,3	8,4	75
Австралия және Мұхит елдері	4066,8	2,3	56
Көмір (барлық түрлері), млн. т.			
	Жер қойнауындағы қорлары	Өндірілуі мүмкін расталған қорлары	Жер қойнауындағы әлемдік қорлардағы үлесі, %
Еуропа	591093	91825	13,6
Ресей	271757	193771	6,3
Азия	1451146	266887	33,4
Африка	109868	55093	2,5
Америка	1225937	317347	28,2
Австралия және Мұхит елдері	690833	97873	16,0
Ескерту - пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [65]			

Бұл ғасырдағы ғаламдық бәсекелестік – бұл, ең алдымен шектеулі ресурстарға, ең алдымен табиғи ресурстарға билік ету үшін елдер мен топтар арасындағы күрес. Ғаламдық бәсекелестіктің өсуі, ресурстық шығындардың өсуі, айтарлықтай бағалық белгісіздік жағдайында еңбектің тиімділігі мен өнімділігінің тұрақты өсімін іздестірудегі елдер мен компаниялардың ресурспен қамтамасыз етілуін дамыту стратегиялары туралы мәселе туындайды. Әлемде энергетикалық және материалдық ресурстар саласында барынша айқын байқалатын экономикалық белсенділіктің қайта құрылуы байқалады. Табиғи ресурстарға (мұнай, болат немесе мыс секілді) сұраныстың өсуі дамыған елдерден дамушы (негізінен Азия) елдерге қарай ауысуда. Сарапшылардың болжамы бойынша 2005 – 2020 жылдар кезеңінде Қытай мен

Үндістан тарапынан мұнайға сұраныс екі еселеніп, күніне 15,4 барға жететін болады [66], яғни қазіргі уақытта осы ресурсты барынша көп тұтынатын АҚШ-тың деңгейіне жетеді.

Төменгі еңбек шығындарымен қатар Азия елдері тарапынан энергия мен базалық материалдарға өсіп жатқан сұраныс бұл өңір металлдар, химикаттар, қағаз бен басқа да материалдық ресурстардың алдыңғы қатарлы өндірушісіне айналып жатқанын білдіреді. Мысалы, Қытай бүгінде болат пен алюминийдің жетекші әлемдік өндірушісі болап табылады; бұл елдің осы маңызды металлдардың әлемдік өндірісіндегі үлесі 40% асады және сарапшылардың болжамы бойынша 2015 жылға дейін осы көрсеткіштен асып түседі.

Келесі он жылдықта ресурстардың негізгі түрлерін шығару мен өндіру бұрынғыдай оны тұтыну орындарынан айтарлықтай алшақ орналасқан өңірлерде шоғырланатын болады. Күрделі макроэкономикалық ілгерілеулер өңірлердің ішінде де болып жатыр. Орталық Шығыстың мұнай мен газға бай елдері химия өнеркәсібі немесе металлургия секілді өздері үшін жаңа салаларға экспансияны жүзеге асыруда. Дубай арзан энергия көздерін пайдалану (әсіресе табиғи газдың) және Еуропа мен Азия нарықтарына жақын орналасуы нәтижесінде алюминий өндірушіге айналды. Қатар табиғи газ нарығындағы алдыңғы қатарлы ойыншы рөліне газдың негізінде сапасы жоғары дизель отынының өндірісін қосты және 2014 ж. осы өнімдердің өндірісінде әлемдік көшбасшыға айналуға үміттенеді. ЖІӨ өсуін жылдамдатудан басқа осы өндірістерді дамыту осы өңірлердегі жұмысшылар санының жылдам өсуіне байланысты жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз етеді.

Шикізат пен материалдарға деген сұранысты қанағаттандыру қажет болуына байланысты жаһандық өзара тәуелділіктің артып келе жатқан деңгейі едәуір өтімді нарықтар мен жаһандық баға қалыптасу түрінде жағымды экономикалық әсері болады. Сонымен бірге, осы тауарларды жеткізудің едәуір күрделі және ұзақ тізбегі геосаяси мәселелермен қатар, жабдықтауды қиындатуға және бағаның құбылмалығына алып келуге қабілетті.


Жылдам қарқынмен дамып келе жатқан елдердегі экономикалық өсімнің жылдамдауына қарай табиғи ресурстарды тұтыну артады. Мысалы, Қытайда 1995 -2004 жылдар кезеңінде мұнайды тұтыну екі еселенген, ал алюминий, никель мен болатқа деген сұраныс үш есе өскен [66].

Қытай, Үндістан, Орталық Шығыс елдері мен жартылай Ресей энергияға деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін жылдамдатылған қарқынмен шоғырлаушы қуаттар мен энергетикалық желілерді жасауға ұмтылуда. Оның үстіне, табиғи ресурстарға бай елдер (Орталық Шығыс елдері, Ресей, Венесуэла) табиғи рентаны өзіне алу үшін оларға мемлекеттік бақылауды күннен күнге кеңейтуге тырысуда.

Бір қарағанда табиғи ресурстардың қорларының болуы ғаламдық бәсекеге қабілеттіліктің сөзсіз факторы болып табылады. Алайда, шын мәнісінде бұл тезис барлық елдер үшін даусыз емес. Атап өтілгендей көптеген елдерде табиғи ресурстардың көп мөлшері экономикалық өсудің қарқынымен және өмірлік стандарттармен жағымсыз байланысады және бір уақытта кірістердің тепе-теңсіздігімен жағымды байланысады.

Табиғи ресурстарға бай елдердің экономикаларының ұлттық алуан түрлілігі кезінде автордың пікірінше «ресурсы мол» елдердегі экономикалық өсуді бақылауға мүмкіндік беретін кейбір өзіндік белгілер бар.

«Ресурсы мол» елдердегі экономикалық көрсеткіштер әдетте, қанағаттандырылмаған және тұрақты түрде қайталанатын екі кемшіліктен - жинақтаулардың төменгі деңгейінен және кенеттен болатын жоғарылаулар мен құлдыраулар айналымынан зардап шегеді. Табиғи ресурстардан түсімдердің серпілістері жиынтық жинақтардың артуымен және инвестицияларды шамалы ғана артуымен байланысты болғанына қарамастан, бұл ілгерілеулер әдетте жеке меншік сектордың қызметімен байланысты болады. 1980 – 2011 жж. кезеңінде табиғи ресурстарға бай емес елдерге қарағанда «ресурсы мол» елдерде мемлекеттік инвестициялардың едәуір төменгі нормалары байқалған (сурет 6).




Сурет 6 – «Ресурсы мол» және табиғи ресурстарға бай емес елдердегі мемлекеттік инвестициялар

Шартты белгілер: БР – «ресурсы мол» елдер;

He-БР – бай табиғи ресурстары жоқ елдер.

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [67, б. 8]

Кенеттен болатын көтерілулер мен құлдыраулар айналымдары қарапайым тәжірибе болып табылады — кейде түсімдердің жағымды серпілісінен кейінгі белсенді ілгерілеу және жағымсыз күйзелістерден кейінгі шығындардың қатты құлдырауы. Бұл «ресурсы мол» елдердегі салықтық-бюджет саясаты барынша проциклды болумен келісіледі. Маңызды міндет табиғи ресурстардан түсімдердің тұрақсыздығын басқаруды жетілдіру екендігі айқын: барынша жоғары макроэкономикалық тұрақсыздық «табиғи ресурстар қарғысының» өсуге жағымсыз әсер етуінің негізгі арнасы, ал өзгермелі мемлекеттік шығындардың әсері мен өнімділігі төмен болып табылады. 1990-шы жылдары «ресурс мол» елдердегі даму қарқыны табиғи байлықтың молшылығына қарамастан табиғи ресурстарға арқа сүйемейтін елдерге қарағанда төмен болды (сурет 7).



Сурет 7 – «Ресурсы мол» елдер мен табиғи ресурстарға бай емес елдердегі адам басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсуі (1980 – 2011 жылдардағы орташа, медиана мен тоқсан аралық диапазон, %-бен)

Ескерту – пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [67, б. 9]


«Ресурсы мол» елдердің экономикалық мәселелерін шешуге табиғи ресурстардан түсімдерді оңтайлы басқарудың екі негізгі сипаттамасы ықпал етуі мүмкін. Біріншіден, табиғи ресурстардан түсімдердің біршама бөлігі жинақтаулар мен ішкі инвестицияларға бағытталуы тиіс. Екіншіден, «ресурсы мол» елдерге тұтынуды кейбір теңестірулер немесе ағымдағы шығындар есебінен кенеттен болатын жоғарылаулар мен құлдырауларды болдырмау, және атап айтқанда, олардың табиғи ресурстардан түсімдердің динамикасымен байланысын жоюы керек. Мақсаты ағымдағы шығындарды ұзақ мерзімді жоспарда тұрақты түрде арттыру, бұл ретте қолда бар әлеуетке салынатын шектеулерді ескере отырып, өз бетімен инвестицияларды арттыру арқылы мемлекеттік капиталдың қалыптасатын біршама көлемін ұстап отыру.

«Ресурсы мол» елдер нашар ұзақ мерзімді макроэкономикалық көрсеткіштерге ие. Табиғи ресурстарға баға жоғары болған кезде үкімет өздерінің экономикасы игере алатын мөлшерден артық жұмсады, айырбастау бағамдары жоғарылап, ресурстармен байланысты емес салаларды өсімді тоқтатты. Ал табиғи ресурстарға баға төмендей бастаған кезде ресурстармен байланысты емес салалар дамымайды.

Соңғы жылдардағы табиғи ресурстарға жоғары баға сөзсіз «ресурсы мол» елдердің экономикаларының даму қарқынының артуына ықпал етті, бірақ бұл

жалған белгі болуы да мүмкін; бұл елдердің даму қарқыны табиғи ресурстардың бағасы арзандай бастаған кезде қайтадан төмендеуі мүмкін.

«Ресурсқа бай» елдердің арасында жақсы даму келешегі байқалған, кенеттен болатын жоғарылаулар мен құлдыраулар айналымдарының болдырмау үшін берік экономикалық институттар құрған елдерде болуы тиіс. Нигерияны мысалға алайық. 2004 жылы мұнайы серпілісі басталғаннан кейін оның экономикалық көрсеткіштері мұнаймен байланысты емес өсуді немесе инфляция қарқынын есептеуге қарамастан 1974 – 1978, 1979 – 1983 және 1990 – 1994 жылдары болған бұрынғы серпілістер кезіндегі көрсеткіштерден біршама жақсы болды (сурет 8).



Сурет 8 – Нигериядағы серпіліс мәселесін шешу

Ескерту – пайдаланылған әдебиет негізінде автор құрастырған [68]

¹Өткен бумдар 1974 – 1978, 1979 – 1983 және 1990 – 1994 жылдары болды.

²Ағымдағы бум 2004 жылы басталды.

Осындай жақсы көрсеткіштердің маңызды шарты экономиканың мұнайдан түсетін артушы кірісті ішкі сұраныс үшін жұмсау салдарын жеңе білу қабілетін ескере отырып, бюджеттік саясаттың бағытын анықтау болып табылады. Мұнайдан түсетін кірісті экономиканың сыйымдылығына сәйкес жұмсауға және осы кірістерді бюджетте белгіленген бағадан жоғары сақтауға мүмкіндік беретін мұнай бағасының негізінде бюджеттік ережені қолдану іс жүзінде бұрын серпілістер мен құлдырауларға алып келген мұнайдың күннен күнге өсуші бағасы мен бюджеттік шығыстар арасындағы байланысты бұзды. Егер бұл бюджеттік норманы сақтауға болатын болса, онда өсудің әрі қарай жалғасуы болашағына сенім артуға болады.

Жалпы 2004 – 2008 жж. кезеңінде шикізатты экспорттаушы елдердің көпшілігінде өсуші профицит болғанына қарамастан осы уақыт кезеңіндегі табиғи ресурстарды есептеместен бюджеттік сальдо орта есеппен 10 пайыздық тармаққа (пт) нашарлаған. Ресурстарды есептеместен дефицит – бұл ресурстарды сатудан кірістер болмаған жағдай болатын дефицит. Табиғи ресурстардың қорлары анықтамасы бойынша шектеулі болып табылады, демек оларды сатудан түсетін кірістерді ұзақ мерзімді тұрақты дамуды бағалау кезінде ескермеген жөн. Табиғи ресурстарға тәуелділіктің көптеп артуын Ливия (- 48 пт), Әзірбайжан (- 34 пт), Чад (-26 пт), Алжир (- 17 пт) және Тринидад және Тобаго (- 17 пт) көрсетті (кесте 4).

Кесте 4 – 2004 – 2008 жж. Кезеңіндегі «ресурсы мол» елдердегі макроэкономикалық көрсеткіштер

Ел	Ресурстарды есептеместен дефицит		Мемлекеттік берешек		Инфляция	
	2004 ж.	2008 ж.	2004 ж.	2008 ж.	2004 ж.	2008 ж.
Алжир	-30,1	-47,2	18,7	11,9	3,6	4,4
Әзірбайжан	-13,2	-47,1	21,5	6,7	6,7	20,8
Ботсвана	-27,2	-17,6	12,2	6,0	7,0	12,6
Чили			13,0	4,1	1,1	8,7
Экваторлық Гвинея	-81,7	-75,3	6,9	1,3	4,2	7,5
Иран	-20,3	-25,7	31,7	21,0	14,7	25,6
Қазақстан	-6,5	-11,7	19,6	7,7	6,9	17,0
Кувейт	-60,3	-61,0	18,8	9,7	1,3	10,6
Ливия	-111,9	-160,2	13,5	4,9	0,7	10,4
Нигерия	-28,7	-31,8	74,5	14,5	15,0	11,6
Катар	-33,0	-28,8	41,6	8,5	0,0	15,2
Ресей	-4,9	-8,3	30,2	5,4	10,9	14,1
Сауда Арабиясы	-45,8	-57,2	87,4	24,8	0,4	9,9
БАӘ	-22,9	-28,9	19,9	44,0	5,9	13,0
Венесуэла	-21,2	-22,4	47,4	19,3	21,7	30,4
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [69]						

Сонымен бірге керісінше осы кезең ішінде табиғи ресурстарды есептеместен өзінің дефицитін сақтап қалған және жақсартқан бірнеше ел ғана бар: Ботсвана, Сирия және Оман, шикізат тауарлары өндірісінің азаюына қарай, және Катар, бұл елде осы уақыт кезеңінде ЖІӨ-нің жылдық өсуі мұнайды есептеместен 10% кем емес мөлшерді құрады. Алдыңғыға қарағанда осы серпіліс кезінде «ресурсы мол» елдерде инфляцияның біршама мөлшері

белгіленбеді. 2004 ж. бастап 2008 жылға дейінгі инфляция 4-тен 12% дейінгі аралықта болды – серпіліс кезіндегі шикізатты экспорттаушылар үшін тарихи ең төменгі мөлшер. 2008 жылдың бірінші жартысында мұнай бағасының күрт көтерілуі мен қаржылық дағдарыс табиғи ресурстарға бай кейбір елдерде баға деңгейінің күрт өсуіне алып келсе де; осы уақытқа дейін Экваторлық Гвинеяда, Венесуэлада, Иран мен Әзірбайжанда ғана инфляция 20% жақындады.

Бум кезінде елдердің көпшілігі тұрақтандыру мәселесін табиғи ресурсқа базалық бағаны белгілеу жолымен шешті. Осы бағадан төмен табыс тікелей бюджетке барады, ал осы бағадан жоғары алынған табыс жинақталады. Әдетте, мұндай жүйенің негізгі мақсаты – бюджет пен экономиканы шикізаттың ағымдағы бағасынан босату.

Сонымен бірге Ресей мен Қазақстанда баға нормалар қысымға төтеп беріп, экономиканы тұрақтандыруға көмектесті. Өзінің баға ережелерін сақтай отырып, Ресей мен Қазақстан бақылау арқылы мұнайды есептеместен дефицитті ұстап қала алды (Ресейде мұнайды есептеместен ЖІӨ-нің 5-6%, Қазақстанда – 7,5% мөлшерінде). Бұл орайда Қазақстан серпілістің соңына қарай 28 млрд. АҚШ долларын жинақтады, бұл елдің ЖІӨ-нің 20%-дан астам бөлігін құрайды.

Осылайша, не болғанда да серпіліс «ресурсы мол» елдерде баға жүйелері кірісті тұрақтандыру мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің жетілмеген механизмі екендігін көрсетті.

Осы тарауда айтылғандардың негізінде келесі **қорытындылар** жасауға болады:

Жалпыланған түрде «ресурстар қарғысы» теориясының мәні келесіде: табиғи ресурстардың біршама көлемі ұлттық экономика үшін зиянды болуы мүмкін және экономикалық құлдыраудың (ең болмағанда – әлеуметтік-экономикалық тоқыраудың) себебі болуы мүмкін. Сонымен бірге экономикалық өсудің негізі табиғи ресурстар болып табылатын көптеген экономикаларда теріс әлеуметтік-экономикалық үдерістер байқалады: бір уақытта экономикалық және қоғамдық өмірде авторитарлық үрдістердің күшеюімен нарықтық және демократиялық институттардың қысқаруы.

Жалпы табиғи ресурстардың молшылығы өндіріс құралдарының көп мөлшерін импорттауға және табиғи ресурстардан алынатын рентаны капитал салымдары үшін пайдалануға мүмкіндік беретін экспорттың артуымен байланысты ұлттық байлықты жасаудың негізі болуы тиіс. Алайда, әлемнің көптеген елдерінде және көптеген өңірлерінде кері көрініс байқалады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде «ресурстар қарғысы» байыпты өнеркәсіптік саясатты жүргізу үшін қолайлы саяси жағдайлар жоқ; билік элитасының ішіндегі табиғи ресурстарды өндіруден алынатын рентаға қол жеткізу үшін күрес «дұрыс» институттарға деген сұранысты әлсірететіні соншалықты олардың дамуы кері кететін елдерге тән екенін анықтады; шикізатты экспорттаушы елдерде институттар «нашар», ал ұлттық экономика – «дұрыс емес», «рентаға бағытталған» болады; табиғи ресурстардың болуымен түсіндірілетін үлкен рентамен ынталандырылатын экономикалық агенттердің

өндірістік емес қызметі экономикадағы басқару институттарының сапасының төмен болуына, ол өз кезегінде экономикалық өсудің баяулауына алып келеді.

Соңғы жылдары «ресурстар қарғысы» түсінігі күннен күнге күмән тудырып келе жатқанын атап өту қажет. Автордың пікірінше, «дамымаған экономиканың қарғысы» жайында айтқан жөн, себебі шикізат экспортының біршама көлемі ұлттық экономика шикізатты дайын өнімге айналдыруға қабілетсіз екендігін дәлелдейді. Құрылымдық тепе-теңсіздіктерден зиян шегетін дамымаған экономика үшін даму қарқынының төмен болуы қалыпты құбылыс.

2 ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

2.1 Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму теориясы мен тәжірибесін талдау


Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуын талдай отырып, 1990-шы жылдардың екінші жартысында Қазақстанда экономиканың құлдырауы тоқтағанын, ал 2000 жылдан бастап белсенді өсу фазасы басталғанын айта кету қажет. Экономиканың жылдам қарқынмен өсуінің негізі елдің экспортында басты бағытты иеленетін шикізат секторы болды (әсіресе, мұнай, қара және түсті металл өнімдері).

КСРО-ның таралуымен Қазақстан шикізат кенорындарын, атап айтқанда инвесторларға тартымды жағдайларда мұнайды игеру үшін шетелдік капиталды тарта бастады, бұл 1990-шы жылдардың соңында өзінің нәтижелерін берді. Осымен қатар елде ұлттық инновациялық жүйені қайта құру мақсатында ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті басқару мен ұйымдастыруда жеткілікті дәрежеде түбегейлі реформалар болып жатты. Бұл реформалардың барлығы үнемі ойдағыдай іске асырылды деп айтуға болмайды, қазіргі уақытта елді индустриялық-инновациялық дамытудың оңтайлы үлгісін іздестіру үдерісі жалғасуда, бұл белгілі бір дәрежеде стратегиялық мақсатты – әлемнің 50 едәуір бәсекеге қабілетті елінің қатарына кірумен байланысты.

Ұлттық экономиканың ашық сипаты, жаһандану үдерістерінің жылдамдауы, Қазақстанның әлемнің дамыған елдеріне қатысты экономикалық өсудің озық қарқынымен тұрақты даму жолына түсу мақсаты ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне және сәйкесінше, оның айқындаушы факторы болып табылатын Қазақстанның өнеркәсіп кешеніне қойылатын талаптарды қалыптастырады.

Жалпы қабылданған көзқарасқа сәйкес экономиканың бәсекеге қабілеттілігі орташа мерзімді болашақта экономикалық даму қарқынын сақтайтын институционалдық және экономикалық іс-шаралардың кешені ретінде анықталады.

Женева менеджмент мектебі (IMD) [70] есептейтін ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша 2012 ж. Қазақстан өткен кезеңмен салыстырғанда 4 позицияға көтеріліп, 32-ші орында (сурет 9). Посткеңестік кеңістіктегі елдердің арасында Эстония – 31 орында, Литва – 36 орында, Ресей – 48 орында, Украина – 56 орында.



Сурет 9 – IMD-2012 ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі Қазақстан

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [66]

Елдің бәсекеге қабілеттілігі бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің жалпы индексімен Global Competitiveness Index (GCI), экономикасы ашық елдер үшін көп факторлы үлгінің көмегімен есептелетін ықпалдасқан көрсеткішпен өлшенеді және әрқайсысы бойынша жыл сайын Дүниежүзілік экономикалық форум (Давос) елдердің рейтингін белгілейді. 2013 ж. әлемнің 148 елі үшін жасалған GCI бойынша соңғы рейтингке сәйкес Қазақстан Ресейді басып озып (64-ші), 50-ші орынды иеленеді (Қосымша В қараңыз).

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есептер авторларының пікірі бойынша (the Global Competitiveness Report), елдің экономикалық өсуі халықаралық саудадағы оның ашықтығымен, мемлекеттік саясаттың сапасымен, қаржы жүйесінің тиімділігімен, мобильділігімен, қоғамдық институттардың сапасымен едәуір тығыз байланысты. Жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің басты кешенді факторлары болып: 1) институттар; 2) инфрақұрылым; 3) макроэкономикалық орта; 4) денсаулық сақтау және бастапқы білім беру; 5) жоғары білім мен оқыту; 6) тауар нарықтарының тиімділігі; 7) еңбек нарығының тиімділігі; 8) қаржы нарықтарының дамуы; 9) технологиялық даярлық; 10) нарықтың мөлшері; 11) бизнестің тиімділігі танылады.


2012 ж. Қазақстан дамудың 2-ші сатысынан (тиімді даму сатысы) дамудың 3-ші сатысына (инновациялық даму сатысы) өткен, экономикасы бар ел ретінде рейтингке алғаш рет қатысқанын айта кету қажет. Барлық өткен жылдарда Қазақстанды 1-ші сатыдан (факторлық даму сатысы) 2-ші сатыға өтпелі экономикасы елдер тобына жатқызып келген. Елдің даму сатысын Дүниежүзілік экономикалық форум екі өлшемнің негізінде: адам басына шаққандағы ЖІӨ және табиғи ресурстар экспортының үлесі негізінде анықтайды.

2013 ж. Қазақстан позициясының жақсаруы бәсекеге қабілеттіліктің барлық дерлік факторлары бойынша байқалды. Ең маңызды жетістік инновациялық әлеует факторы бойынша белгіленді (84; +19), ол бойынша Қазақстан өзінің рейтингін 19 позицияға жақсартты. Сондай-ақ, бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің күшті қозғаушы күші тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігін жақсарту (56; +15) және қаржы нарығының дамуы (103; +12) болды (кесте 5).

Кесте 5 – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары

	2012	2013	Өзгеріс
Қазақстанның жалпы рейтингі	51	50	+1
Қойылатын негізгі талаптар	47	48	-1
Институттардың сапасы	66	55	+11
Инфрақұрылымның даму деңгейі	67	62	+5
Макроэкономикалық тұрақтылық	16	23	-7
Денсаулық сақтау және бастапқы білім беру	92	97	-5
Тиімділіктің интенсификаторлары	56	53	+3
Жоғары білім және кәсіптік даярлық	58	54	+4
Тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігі	71	56	+15
Жұмыс берушілер мен жалдамалы қызметкерлер қатынасындағы әріптестік	19	15	+4
Қаржы нарығының дамуы	115	103	+12
Технологиялық дайындық	55	57	-2
Нарықтың мөлшері	55	54	+1
Инновациялар мен даму	104	87	+17
Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі	99	94	+5
Инновациялық әлеует	103	84	+19
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [71]			

Кесте 5-нің графикалық көрінісі төмендегі жапырақшалы диаграммада берілген (10-суретті қараңыз).



Сурет 10 – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [71]

Дүниежүзілік экономикалық форум егер олар 50 орын бойынша рейтингте 1-ші орынды иеленетін болса факторларды бәсекелестікті артықшылықтар ретінде айқындаған. Мысалы, 111 индикатордан Қазақстан 27 индикатор бойынша бәсекелестікті артықшылықтарға ие (кесте 6).

Кесте 6 – Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары


Атауы	2012	2013	Өлшеу
1	2	3	4
Саясаткерлерге қоғамдық сенім	46	37	9
Мемлекеттік шығындардың тиімсіздігі	50	31	19
Мемлекеттік сектордағы шешімдердің қабылдану ашықтығы	53	32	21
Корпоративтік басқару тиімділігі	67	36	31
Инвесторларды қорғау	36	10	26
Темір жолдар инфрақұрылымының сапасы	33	29	4
Станциялық телефондар саны	46	47	-1
Ұялы байланыс абоненттерінің саны	38	20	18

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Мемлекеттік артықшылық/тапшылық	16	12	4
Жинақтаудың ұлттық нормасы	12	13	-1
Мемлекеттік қарыз	12	14	-2
Бизнес безгекке орташа мерзімдік ықпал ету	1	1	0
Безгектің таралуы (статистикалық деректер)	1	1	0
АИТВ таралуы (статистикалық деректер)	21	12	9
Орта білім, оқытындардың үлесі (статистикалық деректер)	18	35	-17
Салық салу деңгейі мен тиімділігі	41	39	2
Салық мөлшерлемелері (статистикалық деректер)	31	31	0
Бизнесті бастау үшін қажетті рәсімдер саны (статистикалық деректер)	34	47	-13
Ауыл шаруашылығы саясатының шығындары	49	48	1
Сатып алушылардың жетіктігі	40	36	4
Жалақыны белгілеу кезіндегі икемділік	31	49	-18
Жұмыспен қамтудың икемді еместігінің индексі	39	30	9
Жалдау және жұмыстан босату тәжірибесі	34	24	10
Жұмыстан босатумен байланысты шығындар	16	25	-9
Еңбекке ақы төлеу және өнімділік	18	10	8
Жұмыс істейтін әйелдер	19	24	-5
Сыртқы нарық көлемінің индексі (статистикалық деректер)	47	43	4
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [71]			

GCI 111 индикаторынан 82 индикатор бойынша жақсару, 21 индикатор бойынша төмендеу байқалады, 6 индикатор бойынша өзгеріс жоқ.

Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін едәуір қиындық тудыратын факторлар деп сұрақ қойылғандар, сыбайлас жемқорлықты (18,9%), қызметкерлер біліктілігінің төмен болуын (13,3%), тиімсіз мемлекеттік бюрократияны (8,8%) және қаржыландыруға қол жеткізуді (8,5%) белгіледі (сурет 11).



Сурет 11 – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі қиындық тудыратын факторлары

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [71]

Ел экономикасының, атап айтқанда өнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін қазіргі заман талабында арттыру және қысқа тарихи кезеңнің ішінде (30 жылға дейін) әлемнің экономикалық және технологиялық жағынан дамыған елдерінің қатарына кіре алған елдердің (Израиль, Ирландия, Оңтүстік Корея, Финляндия және т.б.), олардың экономикасын дамытудың инновациялық үлгісін бекітумен байланысты.

Әлемнің экономикалық және технологиялық жағынан дамыған елдеріндегі, сондай-ақ экономикалық өзгерістер жақсы жағына қарай өсуші елдердегі экономикалық өсудің басымдықты доктринасына айналған экономиканы дамытудың инновациялық үлгісінің мәні инновациялық үдерістер арқылы шаруашылық айналымға алдыңғы қатарлы технологиялар, ғылыми-техникалық әзірлемелер мен басқа да ғылыми-техникалық саланың зияткерлік меншік құқығының басқа да объектілері секілді ой еңбегінің өнімдерін кеңінен енгізу, сондай-ақ оларды коммерцияландыру немесе әлеуметтік-экономикалық әсер алу мақсатында тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер енгізу болып табылады. Экономиканы дамытудың инновациялық үлгісін бекітудің дәлелі оның барлық салаларына инновациялық үдерістерді тарату болып келеді.

Экономикалық даму саласында инновациялардың негізінде жүйелік тәсілге негізделетін бірнеше ғылыми теориялар бар. Инновациялық дамудың заманауи теориясының жетекші бағыттарының бірі технологиялық құрылыстар тұжырымдамасы болып табылады. Тұжырымдама авторлары белгілі ресейлік ғалымдар Д.С. Львов [72] және С.Ю. Глазьев [73]. Н.Д. Кондратьевтың, Й. Шумпетердің, П. Друкердің [74] және басқалардың ұзақ мерзімді экономикалық даму заңдылықтарын зерттеулерін олар технологиялық құрылыстар теориясында жан-жақты талқылаған. Технологиялық құрылыстар технологиялық жағынан түйістірілген өндірістердің және оларға сәйкес келетін

техникалық-экономикалық парадигмалардың тұтас кешендері, заманауи экономикалық өсудің «ұзын толқынды» ырғағын белгілейтін кезең-кезеңімен алмастырудың жүйелі түрде қайталатын үдерісі болып табылады. Бір технологиялық құрылыстың орнын екінші бір құрылыс алмастыру үдерісімен қатар жүретін әрбір құрылымдық дағдарыс және әрбір тоқырау барысында экономикалық табыстың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашылады. Тоқыраулар фазасында туындайтын жаңа техникалық-экономикалық парадигма мен қалыптасқан институционалдық құрылымның арасында сәйкессіздік пайда болады, ал оны жеңіп шығу болып жатқан технологиялық ілгерілеулерге сәйкес әлеуметтік жүріс-тұрыс пен институттардың жалпыға ортақ өзгерісіне алып келеді. Кезекті технологиялық құрылысқа әрбір өту үлкен немесе шағын көлемдегі технологиялық дағдарыспен қатар жүреді, алайда соған қарамастан басымдық көрсететін технологиялық құрылыстардың ауысуы, өндірісті ұйымдастыруда және соның салдары ретінде халықаралық еңбек бөлінісінде айтарлықтай өзгерістердің болуына ықпал етеді. Осылайша, экономикалық динамика технологиялық құрылыстардың кезең-кезеңімен ауысуының біркелкі емес үдерісін түсіндіреді.

Ресей экономисті С.Ю. Глазьев технологиялық құрылыстардың (материалдық құндылықтардың жаңару үдерісін жасаушы, біртектес технологиялық тізбектермен байланысты технологиялық жиынтықтар топтарының) тұжырымдамасын әзірледі. Олар аталған теория бойынша салалық дамудың дүниежүзілік деңгейлерінің белгілі бір өлшеміне сай келеді. Технологиялық құрылыстар тұжырымдамасы Кондратьевтың ұзын толқындар теориясының жалғасы болып табылады. Техникалық-әлеуметтік-экономикалық даму болжамына келетін болсақ, С. Глазьев [75] жаңа ғасырдың екінші он жылдығында бесінші құрылыс өзінің өсу шегіне жетеді, бұл кезде келесі алтыншы құрылыстың бастапқы жүйесі қалыптаса бастайды деп көрсетеді. Оның даму бағыттары жасанды ақыл-ой жүйелерін, жаһандық ақпараттық желілерді, ғарыш технологияларын, алдын ала белгіленген сипаттамалары бар материалдар өндірісін әзірлеу мен биотехнологиялық салаға енгізу және т.б. болмақ.

Жағдаяттың үлкен айналымдарын зерттеу аясында экономикалық теорияға Н.Д. Кондратьевтың [76] еңбектері айтарлықтай күш берді, ол статистикалық материалды экономикалық талдау арқылы айналымдардың пайда болуы негізгі капиталды жаңартудың, ғылыми-техникалық жетістік саласындағы жанданудың және үлкен айналымның бастапқы фазасында жаңа ғылыми-техникалық қағидаларды пайдалануға көшу қажеттігі болып табылады деген қорытындыға келді. Сонымен бірге, Н. Кондратьев бұл айналымдардың бар екендігін жақсы түсінген және оларды қоғам өміріндегі үлкен әлеуметтік күйзелістермен байланыстырған, сондықтан оны технологиялармен және экономикамен қатар әлеуметтік сала қарастырылған инновациялар теориясының негізін қалаушы деп есептеуге болады.

Инновациялық дамудың, ғылыми-техникалық жетістікті басқару үдерістеріндегі мемлекеттік саясаттың әлеуметтік аспектілерінің қазіргі заманғы теориялық негіздемелері П. Друкердің [77] экономикалық даму

тұжырымдамаларында (инновациялық экономика және кәсіпкерлік қоғам теориясы) көрініс тапқан. Й. Шумпетерге және оның жүйелі түрдегі шығармашылық бұзылуларға жүгіне отырып, П. Друкер инновациялық теорияның негізіне тұрақты өзгерістермен сипатталатын жаңа ақпараттық қоғам анықтамасын енгізді, ал экономиканың басты қозғаушы күші идеялардың шоғырлану үдерісі деп белгіледі. Осылайша, тұжырымдама авторы әлеуметтік аспектілерге ерекше мәртебе беріп, тиісті «шығармашылық құрылымсыздықтарды» қоғамның негізгі дамытушы қозғалысына, ал түрленулерді (түбегейлі құрылымдық өзгерулерді) – өмірдің қалпына жатқызды. Бұл орайда, П. Друкердің [77] пікіріне сәйкес түбегейлі құрылымдық өзгерістер кезеңдерінде кәсіпкерлер, мемлекет пен коммерциялық емес мекемелер (үшінші сектор) үшін инновациялық экономикамен бірге белсенді түрде қалыптасатын, экономика мен білімнің өзін дамыту үшін тәжірибелік құндылыққа ие ақпараттық қоғамның әлеуметтік инфрақұрылымын қайта құру ерекше маңызды болады.

Сонымен бірге, инновациялық дамуды жалпы экономикалық даму мәнмәтінінде қарастыру қажет. Осыған байланысты авторға «инновациялық экономика» тұжырымдамасын ұсынған С.А. Тихомировтың ұстанымы барынша ұқсас, ол келесі үш ережеге негізделеді [78]:

1. Инновациялық даму экономиканың инновациялық кесінді аспектісі және инновациялар экономикасы, инновациялық (нақтырақ айтқанда ғылыми-инновациялық) сала болып табылады. Инновациялық экономика өзінің бірінші тұрғысында инновациялар макроэкономиканың, мезоэкономиканың, микроэкономиканың, әлемдік экономиканың бір бөлігіне айналатын кезде экономиканың құрамдас бөлігі ретінде көрінеді. Басқару, экология, мәдениет, білім, ғылымның өзінің, қоғамның инновациясы болады.

2. Инновациялық экономиканың бастапқы түсініктерінің бірі экономикалық қатынастардың, менеджменттің нысандары мен механизмдерінің негіздерін өзгертуді немесе түзетуді айқындайтын инновациялық түсінігі болып табылады. Басқа маңызды түсінік инновациялық дайындық, инновацияларды жасау, өндіру, түрлендіру, жаңарту, ауыстыру, қолдану дайындығы, экономиканы бірінші технологиялық құрылысқа ауыстыру дайындығы түсінігі болып табылады.

3. Инновациялық экономиканың орталық мәселесі инновацияларды (өндіріс және трансфері), инновацияларға сезімталдықты, инновациялық қызметі, үдерісті, әлеуетті, реттеу нысандары мен механизмдерін жасау болып табылады.

Бұл үдерісте өнертабыс, ғылыми білім немесе идея экономикалық мазмұнға ие болады.

Инновациялық даму теориясының макродеңгейі ұлттық инновациялық жүйелердің (ҰИЖ) қалыптасу тұжырымдамасын көрсетеді, ол 1980-1990 жылдары дами бастады. Ұлттық инновациялық жүйе деп инновациялық өнімдерді жасау мен өткізу барысында өзара әрекеттесетін және мемлекеттік инновациялық жүйені дамыту саласында жүргізетін саясаттың шеңберінде өзінің қызметін жүзеге асыратын инновациялық қызметтің субъектілері мен

объектілерінің жиынтығы түсіндіріледі. ҰИЖ тұжырымдамасын негізгі әзірлеушілер К. Фримен [79], Б. Лундвалл [80] және Р. Нельсон [81] болды, олардың институционалдық аспектісіне және инновациялық қызметтің институционалдық мән-мағынасына тікелей әсеріне ерекше көңіл бөле отырып, оқу және білімді жинақтау үдерістеріне маңызды рөл берді.

Қазақстан индустриясының жоғары технологиялық өндірістерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының инновациялық жүйесін қалыптастыру мен дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) қабылданған [82], оның мақсаты отандық және шетелдік ғылыми әлеуетті пайдалану негізінде бәсекеге қабілетті түпкі өнімді жасау болып табылатын ашық түрдегі инновациялық жүйені қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының ҰИЖ төрт негізгі элементтен тұрады – бұл ғылыми әлеует, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық және қаржылық инфрақұрылым [82].

Дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстан Республикасының ҰИЖ даму механизмдерінің бірқатар кемшіліктері бар екендігін де атап өту қажет:

- іргелі зерттеулерді, әсіресе тәжірибелік-құрастырушылық әзірлемелерді шамалы мөлшерде, тікелей қаржыландыру, оның нәтижесінде көптеген университеттер өздерінің өнертабыстары мен зертханалық үлгілерін өнеркәсіпте іске асыра алмайды;

- мәселені реттеудің жанама шаралары жүйесінде тәжірибелік-құрастырушылық әзірлемелер сатысын аяқтауға және өнеркәсіппен байланыстарды іске асыруға ықпал етпейтін қағаз жүзінде құрылған, бірақ жұмыс істемейтін инновациялық инфрақұрылым қиындық тудырады;

- ұйымдастырушы инноваторларға жанама қолдау көрсетудің шамалы деңгейдегі шаралары, оның ішінде салық несиесі, венчурлық несиелеу бойынша отандық инновациялық бизнеске тең келмейтін шаралар.

Инновациялардың қатысуымен экономикалық дамудың маңызды тәсілі кластерлер теориясында айтылған. Экономикалық әдебиетте кластер бірыңғай технологиялық тізбекпен байланысты және секторлық тәсілдің баламасы болып табылатын мамандандырылған жеткізушілердің, негізгі өндірушілер мен тұтынушылар желілерін өңірлік шоғырландыру базасында қалыптасқан индустриялық кешен ретінде анықталады [83, 84]. Кластерлер теориясының дамуына үлкен үлес қосқан американдық ғалым М. Портер [85]. Оның пікірінше кластер – бұл географиялық жағынан көрші компаниялардың (жеткізушілер, өндірушілер және т.б.) және белгілі бір салада қызмет ететін және бірін-бірі өзара толықтыратын, олармен байланысты ұйымдар (білім беру орындары, мемлекеттік басқару органдары, инфрақұрылымдық компаниялар) тобы.

Кластердің графикалық құрылымы 12-суретте берілген. Суреттен көретініміздей, кластер өнеркәсіптік-өндірістік өзектен және оның толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық сегменттен тұрады. Инфрақұрылымдық сегмент – бұл білікті кадрларды даярлауды, инновацияларды дайындауды қамтамасыз ететін, қаржылық, ақпараттық және басқа да қызметтер көрсететін әр түрлі бағыттағы мекемелердің желісі.

Инфрақұрылымдық сегментте мемлекетке ерекше рөл беріледі. Кластерлік саясат саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеті кластерлік бастамаларды жасау мен іске асыруды ынталандыру мен қолдау болып табылады.



Сурет 12 – Кластердің құрылымы

Ескерту – автор құрастырған

Кластердің маңызды ерекше белгісі оның инновациялық бағытталуы болып табылады. Едәуір табысты кластерлер әрі қарай «нарық тауашаларына»

шыға отырып, өндіріс техникасы мен технологиясы саласында «серпіліс» жүзеге асырылатын немесе күгілетін жерде қалыптасады. Базистік инновациядан кластер түрінде олардың бірлестігіне ауысу - бұл жай ғана рәсім емес, бірақ макродеңгейге жататын сапалы санатқа ауысу [86]. Бастапқыда кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін зерттеулерде ғана пайдаланылған кластерлік тәсіл қазіргі уақытта ауқымды міндеттерді шешу, оның ішінде салалар мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру кезінде қолданылады [84].

Қазақстанның әлемнің 50 дамыған елінің қатарына кіруі жуық арадағы жылдары оның дамуының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ел оларда өнеркәсіп әлеуетін, ғылыми және білім беру орталықтарын, кәсіпкерлік құрылымдарды шоғырландыра отырып, сауда-өнеркәсіп палаталары мен басқада іскерлік құрылымдардың көмек көрсетуінің арқасында кластерлік бірлестіктерді қалыптастыруда.

Қазақстан дамуының басты негізі оның мұнай газ ресурстары болып табылады. Сондықтан Ресейдің, АҚШ, Қытай, Индонезия мен Әзірбайжан елдерінің компанияларымен ынтымақтастық жасауға бағытталған ұлттық мұнай химиялық кластері болып табылады. Мұнай мен газдың экспортынан басқа кластердің аясында пластмасса, полипропилен мен басқа да материалдардың өндірісі қарастырылады.

Индустриялық серпіліс үшін басынан жеті сала белгіленген, олардың ішінде агроөнеркәсіп кешені, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, мұнайды қайта өңдеу, металлургия, ядролық энергетикамен бірге энергетика саласы бар. Инновациялар саласында оның ережелерін Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламада [87], Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясында [88], Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында нақтыланады [89].

Осы бағдарламаларға сәйкес Қазақстанда инновацияларды шоғырландырудың негізгі орындары (инновациялардың кластерлері) технопарктер болуы тиіс. Технопарктер жүйесін қалыптастыру жөніндегі қызметтің басында (шамамен бес жыл бұрын) мұндай күш-жігер сол кезде қазақстандық әзірлеушілер ұсынатын барлық (шамамен 300) инновациялық бастамаларды біртіндеп қамтитындығы көзделген, алайда бұл көрсеткішке әлі қол жеткізілген жоқ [90].

Қазіргі уақытта республикада технопарктердің екі деңгейлі жүйесі қалыптасқан – Алматы, Қарағанды, Орал, Шымкент, Өскемен, Петропавл және Астана қалаларындағы алты ұлттық және жеті ірі өңірлік технопарктер.

Келесі ұлттық ғылыми-технологиялық парктерді атап өту қажет: Ақпараттық технологиялар паркі (АТП) (Алатау ауылы); Ұлттық индустриялық мұнай химия технопаркі (Атырау қаласы); «Тоқамақ» ядролық технологиялар паркі (Курчатов қаласы); ғарыштық мониторинг технопаркі (Алматы, Астана

және Приозерск қалалары). Жуық арада «Назарбаев университетінің» базасында (Астана қаласы) ғылыми ЕЭА қалыптастыру белгіленген.

Ұлттық технопарктер Қазақстанда экономиканың болашақ бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін өнеркәсіптің жаңа жоғары технологиялық салаларын құруға бағытталған. Ұлттық технопарктердің ерекше белгісі олардың қызметінде салалық бағытталуының және жеңілдетілген түрде салық салынатын Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) тәртібінің болуы.

Қазақстандық технологиялық парктерге тән белгінің бірі олардың жұмысқа алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарын және ғылыми-зерттеу институттарын тарта отырып, ірі кәсіпорындардың аумағында орналасуы. Мысалы, 13 қазақстандық алдыңғы қатарлы техпарктердің үшеуі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ. Сәтбаев атындағы ҰТУ және Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ секілді жоғары оқу орындарының аумағында орналасқан, қалған 10-ы өз қызметін ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғылыми орталықтардың аумағында жүзеге асырады.

Қазақстанның технопарктерінде меншіктің аралас құрамы басым болып келеді, яғни мемлекеттік және жеке меншік сектор бірлесіп, жоғары технологиялық жобаларды іске асыруға қатысады. Қазақстандық технопарктердің бір бөлігі бизнес-инкубаторлардан тұрады. Бизнес-инкубаторлар – бұл шектелген уақыттың ішінде (екіден бес жылға дейін) жаңадан құрылған шағын кәсіпорындар жеңілдетілген шарттармен үй-жайларды жалға алатын ғимарат немесе бірнеше ғимараттар [90].

Қазақстан Республикасының Үкіметі инновациялық инфрақұрылым объектілеріне қатысты бірқатар артықшылықтарды қарастырған. Мысалы, Алатау ауылындағы АТП АЭА-да корпоративтік салық жартысына азайтылған, жер және мүлік салығынан қатысушылар толығымен босатылған, ал қызметтерді іске асыру айналымдары қосымша құн салығынан босатылады. Қатысушылар әкелінетін тауарларға кедендік төлемдерден босатылған және даму институттарынан жеңілдетілген тәртіппен қаржыландыру алады.

Осылайша, Қазақстанда технологиялық парктер секілді инновациялық құрылымдарды енгізу жеткілікті түрде белсенді түрде жүргізіліп жатқанын атап өту қажет. Сонымен бірге, жоғарыда аталған жобалар қазіргі уақытқа дейін индустриялық-инновациялық даму міндеттерін қоса алғанда, өздеріне жүктелген функцияларды толық көлемде орындамайды.

2.2 Қазақстан Республикасының индустриялық даму деңгейі мен өнеркәсіптік әлеуетін талдау

Қазіргі уақытта өзінің көшбасшы салаларға, өндірістің көлемдеріне және индустриялық базаны салып бітіруге ставкасымен классикалық өнеркәсіптік саясат өзін-өзі жояды. Салалар бойынша индустрияландырумен Жапония немесе ірі компанияларды өсірумен Оңтүстік Корея тәжірибесінің орнына постиндустриялық даму тәжірибесі келді. Финляндия 1990-ші жылы станок жасауды дамытқаннан емес, жоғары технологиялардың талаптарына сәйкес келетін білім жүйесін құру және экономиканы кластерлеу есебінен технологиялық серпіліс жасады. Голландия күш-жігері мен қаражатын

индустрияландыруға шоғырландыру есебінен емес, бәсекелестік ортаны және тиімді институттарды қалыптастыру жолымен «шикізаттық» даму үлгісін жеңіп шыға алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев атап өткендей Қазақстанда индустрияландыру өткен ғасырдың басында дүниежүзінде болған индустрияландыру емес, инновациялық болуы тиіс [91].

Сондықтан елде Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның басты міндеті инновациялар негізінде индустрияландыруды қамтамасыз ету. Қазақстан экономикасының бір жақты, шикізаттық сипаты заманауи индустриялық әлеуетті қалыптастыруда ерекше тәсілдерді пайдалану қажеттігін тудырады.

Автордың пікірінше едәуір қолайлы жолы Қазақстанның индустриялық дамуының аралас үлгісі болуы тиіс (кесте 7). Бұл үлгі көшбасшылық стратегиясынан да, сонымен бірге қуып жетуші стратегиядан да (Қазақстанда іс жүзінде іске асырылып жатқан) ерекшеленеді. Оның өзіндік белгілері: индустриялық-инновациялық үлгі аясында дамудың кейінгі индустриялық парадигмасы, селективтік сипат, тізбекке қосылған құнды кіргізу, салалық құрылымды әртараптандыру, технологиялық дуализм, жоғары технологиялар анклавтарының төменгі технологиялық құрылыстармен үйлесімі, технологиялық баспалдақ бойынша «сызықтық емес» көтерілу, 4-ші технологиялық құрылысты кеңейту және 6-шы технологиялық құрылыстың негіздерінің пайда болуы.

Кесте 7 – Индустриялық даму стратегияларының матрицасы

Даму стратегиялары	Көшбасшылық стратегиясы (индустриялық дамыған елдерде іске асырылады)	«Қуып жетуші стратегия (Қазақстанда іске асырылады)	Қазақстан үшін баламалы (аралас) стратегия
1	2	3	4
Даму парадигмасы	Постиндустрияландыру	Ерте индустрияландыру	Кейінгі индустрияландыру
Даму үлгісі	Инновациялық	Шикізаттық	Индустриялық-инновациялық
Қолдану сипаты	Жаппай	Іріктемелі	Селективті
Жаһандық технологиялық тізбектерге қатысу	Белсенді түрде қалыптастыру	Енжар	Тізбекке қосылған құнды кіргізу

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Құрылымдық ілгерілеулер	Экономика құрылымын «Софтиздеу»	Шикізат құрылымын консервілеу	Құрылымды әртараптандыру
Технологияларды қолдану деңгейі	Жоғары технологиялық салалардың басым болуы	Төменгі және орташа технологиялық салалардың басым болуы	Технологиялық дуализм, Жоғары технологиялар анклавтарының төменгі технологиялық құрылыстармен үйлесімі
Технологиялық баспалдақпен жоғары көтерілу	Жүйелі	Технологиялық стагнация	«Сызықтық емес» жоғары көтерілу
Технологиялық құрылыс	5-ші және 6-шының өсуінің басы	3-ші – 4-ші	4-шіні кеңейту және 6-шының өскіндері
Ескерту - автор құрастырған			

Қазақстанның индустриялық даму келешегі ең алдымен, технологиялық дамумен және өнеркәсіптегі құрылымдық қайта құрулармен байланысты.


Құрылымдық қайта құруларға мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың әдістері ықпал етеді. Шикізат және қайта өңдеу салаларының арақатынасындағы теңсіздіктерді жою және өндірістің жетілген құрылымын қалыптастыру экономиканың шикізаттық құрылымынан кейінгі индустриялық құрылымына өтуге алып келуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес елдің шикізатқа бағытталуынан шығып, Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен жаңғырту негізінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, өнімдердің бәсекеге қабілетті түрлерін өндіру, экспорттың өсуі, отандық экономиканың импортқа, шетелдік инвестицияларды тартуға тәуелділігін жою үшін жағдай жасау қарастырылады.

Қазақстанның экономикалық дамуы көптеген жылдар бойы елдің жер қойнауларында табиғи ресурстарды өндіру мен қазуға тәуелді болып келді. Өндірістік саланың жеткілікті дамымауы кезінде осы қорлардың таусылуы экономикалық өсудің төмендеуіне алып келеді. Бұл себепке байланысты қазіргі уақытта Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісінің теңдестірілген түрде дамуы бірінші маңыздылыққа ие.

Елдің экономикалық өсуі негізінен мұнай (№2012 ж. 1,4%), металлургия (-1,5%) және ауыл шаруашылығы (-17,8%) салалардағы қысқаруларға

байланысты 2011 жылы 7,5%-дан 2012 жылы 5%-ға дейін қысқарды. Ауыл шаруашылығындағы құлдырау мен өнеркәсіп саласындағы шамалы өзгерістер жағдайында жалпы нақты ЖІӨ өсуі қызмет көрсету саласымен байланысты (негізінен сауда мен көлік секторы) (сурет 13). Бүкіл экономика көлемінде тауар экспортынан түсетін жоғары кірістердің рециркуляция орын алды, ал қызмет көрсету саласы осы үшін негізгі қозғаушы күшке айналды.



Сурет 13 – Экономика салаларының ЖІӨ-ге қосатын үлестері

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [92]

2012 жылы елдегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі 16 851,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы деңгейден 0,7%-ға жоғары. ЖІӨ-гі өнеркәсіптік үлес салмағы алдыңғы кезеңмен салыстырған 1,1%-ға төмендей отырып, 30,5%-ды құрады. Негізгі капиталға инвестициялардың ағымы 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы 7,9%-ға артып, 2 864 313 млн. теңгені құрады (кесте 8).


Кесте 8 – Өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
1	2	3	4
ЖІӨ-гі өнеркәсіптің үлес салмағы, %	32,9	31,6	30,5
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млрд. теңге	12 105,5	15 929,1	16 851,8
Өнеркәсіп өндірісінің физикалық көлемінің индексі, өткен жылмен салыстырғанда %-бен	109,6	103,8	100,7
Өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістердің саны	11 252	11 441	11 807
Негізгі қызмет ақаратын қызметкерлер саны, мың адам	648,0	671,4	693,2
Өнеркәсіп бойынша салық салынғанға дейінгі табыс (шығыс), млн. теңге	4 146 433	5 591 713	5 138 810

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Тиімділіктің (шығындылығының) деңгейі, %	48,9	52,9	43,0
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	2 586 800	2 653 463	2 864 313
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]			

Өндірістің өсуі республиканың 13 өңірде байқалды. Атырау және Қарағанды облыстарында төмендеу бекітілген (сурет 14).



Сурет 14 – Қазақстандағы өнеркәсіп өнімдері көлемінің өзгеруі


Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісінің физикалық көлемінің индексі 2012 жылы негізінен мұнайды өндіру көлемінің азаюы есебінен 100,7%-ды құрады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуда 2012 жылы физикалық көлем индексі 100,4%-ды құрады. Түсті металлдар, табиғи газ, көмір мен лигнитті өндіру артты. Өңдеуші өнеркәсіптегі өндірістің көлемі 1,2%-ға өскен. Жеңіл, химия өнеркәсібі мен машина жасау өнімдерінің өндіру көлемі артты. Электрмен жабдықтау, газ, бу берудегі және ауамен салқындатудағы физикалық көлем индексі өндірістегі, электр энергиясын беру мен бөлудегі (4,7%-ға), бу мен ауаны салқындатудағы (2,3%-ға) көлемнің артуы есебінен 103,5%-ды құрады (кесте 9).

Кесте 9 – Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өнімдерінің көлемі мен физикалық көлемінің индекстері

Қызмет түрі	Өнімнің көлемі, млн. теңге	2011 ж. физикалық көлем индексі 2011 ж. салыстырғанда %-бен
Барлық өнеркәсіп	16 851 775	100,7
Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазу көмері мен лигнитті өндіру	10 242 053	100,4
шикі мұнайды өндіру	195 037	101,8
табиғи газды өндіру	8 639 057	98,9
металл рудаларын өндіру	81 676	106,3
темір рудасын өндіру	722 893	105,2
түсті металл рудаларын өндіру	235 763	100,8
тау-кен өндіру өнеркәсібінің басқа салалары	487 130	107,2
Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер	122 873	98,6
	480 516	118,4
Өңдеуші өнеркәсіп	5 446 749	101,2
жеңіл өнеркәсіп	53 608	109,6
мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі	626 783	100,5
химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі	178 971	103,2
негізгі фармацевтикалық өнімдердің өндірісі	33 885	105,8
қара металлургия	712 523	88,2
негізгі бағалы және түсті металлдардың өндірісі	1 243 957	107,2
машина жасау	687 235	116,5
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауамен салқындату	997 799	103,5
электр энергиясын өндіру, беру және тарату	771 799	104,7
газ тәрізді отынды өндіру мен тарату	43 072	94,5
бу беру мен ауаны салқындату жүйелері	182 929	102,3
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]		

Өнеркәсіптегі өндірістің жалпы көлемінің өсуіне тау-кен өндіруші өнеркәсіп салаларындағы өндірістің өсуі әсер етті. Өнімдердің даму қарқыны 2012 жылы орта есеппен 2,5%-ға артты (сурет 15).




Сурет 15 – Өнеркәсіптік өнімдердің маңызды түрлерінің өндірісі

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізіне автор құрастырған [93]

Елдің өнеркәсіптік өндірісінің негізгі даму көрсеткіштерінің бірі өнеркәсіптің негізгі капиталына салынатын инвестициялар болып табылады. Мысалы, Қазақстан өнеркәсібінің негізгі капиталына салынатын инвестициялар үлесі 2010 жылы 55,6%-дан 2012 жылы 52%-ға дейін қысқарды.

Өнеркәсіпке салынатын инвестициялардың негізінен тау-кен өндіру өнеркәсібін дамытуға салынатынына қарамастан олардың даму қарқыны соңғы 4 жылда өңдеуші өнеркәсіп, энергиямен жабдықтау, газ беру және сумен жабдықтауға қарағанда төмендеуде (сурет 16).



Сурет 16 – Өнеркәсіптегі негізгі капиталға салынатын инвестициялардың динамикасы, млрд. Теңге

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [94]

Тау-кен өндіру өнеркәсібіне салынатын инвестициялардың негізгі көздерінің бірі шетелдік инвестициялар екендігін ескеру керек. Олардың даму қарқынының төмендеуіне соңғы жылдары жаһандық дағдарыс әсер етті.

Өңдеуші өнеркәсіптегі негізгі капиталға салынатын инвестициялардың айқын өсуінің тұжырымдамасы (2010 жылы 16,0%-дан 2012 жылы 21%-ға дейін) Қазақстан Республикасын 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама аясында экономиканы әртараптандыру бойынша қабылданатын шаралармен байланысты.

Ел экономикасын дамытудың индустриялық-инновациялық үлгісіне өту қажеттігі өнеркәсіптегі инвестициялық саясаттың тиімділігі мәселесін өзектендіреді. Оны іске асырудың маңызды бағыты инвестицияларды тартуды ынталандыру, инвестицияларды тарту саласындағы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік инвестициялау жүйесін қайта құру, инвестициялық нарықты дамыту, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту және мемлекеттік кәсіпорындардағы шаруашылық жүргізудің ұйымдық нысандарын жетілдіру болып табылады. Аталған бағыттарды іске асыру елдің өнеркәсібіне инвестициялық түсімдерді артыруға мүмкіндік береді, ол кәсіпорындарын өндірістік-технологиялық базасын жаңғыртуға, өндірістік үдерістердің тиімділігін арттыруға және өнеркәсіптік өндірістің өсуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Өнеркәсіптегі мемлекеттік инвестициялық саясат келесі міндеттердің: ЖІӨ-нің өсуін; экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мәселесін шешуді қамтамасыз етуі керек. Қазақстанның инвестициялық саясаты келесі қағидаларға негізделуі тиіс:

- ЖІӨ-ге қатысты инвестициялау нормасын сақтау;
- инвестициялардың өңірлер бойынша шашыратып бөлінуін қамтамасыз ету;
- инвестицияларды өңірлерге оңтайлы орналастыру және пайдалану;
- инвестициялардың инновациялармен үйлесімі;
- инвестициялардың синергетикалық әсерін қамтамасыз ету;
- кластерлер және кәсіпкерліктің басқа да инвестициялық-бағытталу нысандарының шегінде инвестициялық әлеуетті кешенді пайдалану.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік әлеуетінің деңгейін анықтау мақсатында елдің өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтаған жөн.

Өнеркәсіп өнімінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін өлшеудің екі негізгі жолы бар:

- Баллас индексі;
- таза экспорт коэффициенті.

Баллас индексі төмендегі формула бойынша анықталады:

$$RCA_j = \frac{X_{ij}}{X_{wj}} \div \frac{\sum_j X_{ij}}{\sum_j X_{wj}} \quad (1)$$

мұнда X_{ij} – i елдің j өнеркәсіп өнімінің экспорты,

X_{wj} – j өнеркәсіп өнімінің дүниежүзілік экспорты.

Бұл индекс егер i елдің дүниежүзілік экспорттағы өнеркәсіп өнімнің j (X_{ij}/X_{wj}) оның дүниежүзілік экспорттағы үлесінен көп болса $\sum X_{ij}/X_{wj}$, онда $RCA_j > 1$ өнеркәсіп өнімі салыстырмалы артықшылыққа ие.

Таза экспорт индексі келесі формула бойынша есептеледі:

$$RCA_j = \frac{X_{ij} - M_{ij}}{X_{ij} + M_{ij}} \quad (2)$$

мұнда X_{ij} – i елдің j -өнеркәсіп өнімінің экспорты,

M_{ij} – i елдің j -өнеркәсіп өнімінің импорты.

Егер RCA мәні 0-ден аз болса, онда салыстырмалы жетіспеушілікті білдіреді, ал мән 0-ден жоғары болса – салыстырмалы артықшылықты дәлелдейді.

Өнеркәсіп өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың қарастырылып отырған әдістерінің кейбір кемшіліктері бар екендігін айта кету қажет. Атап айтқанда, 1 және 2 формулада ішкі нарықтың өзінің өнеркәсіп өнімдерімен толығы факторы ескерілмейді. Сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін оны алдын ала ішкі нарықта жақсарта отырып, арттыруға болатындықтан бұл факторды бәсекеге қабілеттілік есебіне кіргізу қажет. Мысалы, отандық нарықта өнеркәсіп өнімі импортының үлесін азайту арқылы. Сондықтан автор өнеркәсіп өнімінің бәсекеге қабілеттілігін анықтау үшін келесі формуланы пайдалану ұсынылады:

$$RCA_j = \frac{P_{ij} - X_{ij}}{P_{ij} - X_{ij} + M_{ij}} + \frac{X_{ij} - M_{ij}}{X_{ij} + M_{ij}} \quad (3)$$

мұнда P_{ij} – i елдің j өнеркәсіп өнімінің өндірісі,

X_{ij} – i елдің j өнеркәсіп өнімінің экспорты,

M_{ij} – i елдің j өнеркәсіп өнімінің импорты.

Бұл формуланың рұқсат етілген шегінің бөлігі 1-ден 2-ге дейінгі аралықта. Көрсеткіш мәні нөлден жоғары немесе тең болған кезде өнеркәсіп өнімі бәсекеге қабілетті болып табылады. Теріс мән болған кезде – бәсекеге қабілетсіз.

Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі деңгейі мен елдің өнеркәсіптік әлеуетінің деңгейін 10-кестеде берілген статистикалық деректер бойынша анықтайық.

Кесте 10 – Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі өнімдерінің статистикалық деректері

Өндіру, т.	Экспорт, т.	Импорт, т.	Тұтыну, т.
237 118	462,8	683,5	186 486,3
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]			

Егер өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін таза экспорт коэффициенті бойынша есептейтін болсақ (2 формула), онда бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші теріс болып табылады: $- 0,192 = (462,8 - 683,5) / (462,8 + 683,5)$. Бір қарағанда Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібінің өнімі бәсекеге қабілетсіз болып көрінеді. Алайда, өңдеуші өнеркәсіп өнімдері экспортының шамалы болуына қарамастан ішкі нарықтың 99,7% тұтынушылығы отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібінде сыртқы нарыққа таралуы үшін болашағы бар екендігін дәлелдейді.

Сарапшылардың көпшілігі жуық арадағы үш жылдың ішінде Қазақстанның барынша үлкен өнеркәсіп әлеуетіне мұнай газ және тау-кен өндіруді қоса алғанда өндіруші салалар ие болады деп болжайды [95]. Автордың пікірінше бұл нәтижелер өткен он жылдықта ел экономикасы көп жағдайда табиғи ресурстардың есебінен өскендігі туралы сарапшылардың ортақ түсінігін көрсетеді. Сонымен бірге сарапшылар Қазақстанның күшті ресурстық базасының стратегиялық маңыздылығын ерекше атап өтеді. Сондай-ақ сарапшылардың пікірлері бойынша инвестицияларды жүзеге асыру үшін тартымды болып табылатын басқа секторларға да қызығушылық артуда.

Жаңа инвестициялық жобалар жасалатын салаларды әртараптандыруға қарамастан мұнай газ саласы экономиканың негізі болып қалады. Ол қосымша құн салығының үлесі жоғары өндірістер мен қосымша ғылымды қажетсінетін салаларды дамыту үшін пайдалану қажет бәсекелік артықшылықты тудырады.

2.3 Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының заманауи деңгейі мен болашағын талдау

Қазақстан Республикасының инновациялық даму саласындағы зерттеулердің өзектілігі қазіргі уақытта елдің экономикалық өсуінің басты факторы болып табылады.

Инновациялар М. Портердің, С.И. Ильенкованың, Ю.П. Морозовтың, Р.А. Фатхудиновтың және т.б. еңбектерінде жинақталған білімді іске асыру өнімі ретінде қарастырылады. Бұл орайда «білім» түсінігі ғылыми зерттеулердің алынатын нәтижелері мағынасында ғана емес, сонымен бірге бұрын белгілі болмаған технологиялар мен жабдықтарды жасау мағынасында қолданылады.

Елдің инновациялық даму мәселесімен айналысқан қазақстандық ғалымдардың арасында О. Сәбден, Н.А. Барлыбаев, М.Б. Кенжегузин,

Ф.М. Днишев. Ф.Г. Әлжанова секілді Қазақстанның инновациялық дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігіне қатысты өздерінің еңбектерін белсенді түрде жариялайтын авторларды атап өтуге болады [96, 97, 98].

Қазіргі уақытта Қазақстан едәуір технологиялық-алдыңғы қатарлы елдермен, атап айтқанда АҚШ, Германия, Қытай, Финляндиямен салыстырғанда, оның инновациялық даму деңгейі біршама артта қалған. Осыған қарамастан, елдің ғылыми-технологиялық секторында жүзеге асырылып жатқан реформалардың арқасында Қазақстан біртіндеп инновациялық экономиканы қалыптастыру бағытына қарай жылжып барады.

Ел басшылығы инновациялық дамудың түрлі үлгілерін қарастырып, негіз ретінде Оңтүстік Корея мен Сингапурдың инновациялық жүйелерінің үлгілерін алды (сурет 17). Бұл жүйелердің ерекшелігі жоғары технологиялық секторға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, ҒЗТҚЖ-ға жұмсалатын қаражатты арттыру, мемлекеттің кәсіпорындарды қолдауға, атап айтқанда олардың инновациялық белсенділігіне қатысуы, сондай-ақ венчурлық қаржыландыруды дамыту болып табылады.



Сурет 17 – Қазақстанның инновациялық саясатының қағидалары

Ескерту - пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Қазіргі уақытта білімдер индексі (the Knowledge Index, KI) және экономика білімдері индексі бойынша (the Knowledge Economy Index, KEI) [99],

Қазақстан адам басына шаққандағы ЖІӨ қатар қоятын деңгейлері бар Чили, Малайзия және Түркия секілді елдерден артта келеді және рейтинг бойынша 73 орынды иеленеді (кесте 11).

8-кестеден инновациялық белсенділік бойынша шамалы көрсеткішті иелене отырып, бұл көрсеткішті Ресейдің білімін дамытуға салыстыруға болады және инновациялық дамыған елдердің деңгейіне жақын.

Кесте 11 – 2012 жылғы «білімдер экономика» негізгі индекстері мен параметрлері

Орын	Елдер	КЕІ	КІ	Экономикалық жүйе	Инновациялық белсенділік	Білім	Ақпараттық инфрақұрылымы
2	Финляндия	9.33	9.22	9.65	9.66	8.77	9.22
3	Дания	9.16	9.00	9.63	9.49	8.63	8.88
8	Германия	8.90	8.83	9.10	9.11	8.20	9.17
12	АҚШ	8.77	8.89	8.41	9.46	8.70	8.51
22	Жапония	8.28	8.53	7.55	9.08	8.43	8.07
40	Чили	7.21	6.61	9.01	6.93	6.83	6.05
48	Малайзия	6.10	6.25	5.67	6.91	5.22	6.61
55	Ресей	5.78	6.96	2.23	6.93	6.79	7.16
69	Түркия	5.16	4.81	6.19	5.83	4.11	4.50
73	Қазақстан	5.04	5.40	3.96	3.97	6.91	5.32
Ескерту пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [99]							

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері көрсететіндей Қазақстандағы инновациялық белсенділік деңгейі орташа көрсеткішпен сипатталады. 2012 жылы Қазақстанда инновациялық белсенділік деңгейі 5,7%-ды құрады. Инновациялық белсенділіктің шамалы деңгейі Солтүстік Қазақстан (10,4%), Жамбыл (7,9%), Батыс Қазақстан (7,5%) облыстарында, Астана қаласында белгіленген (6,8%) (кесте 12).


Кесте 12 – Қазақстан Республикасындағы инновациялық белсенділік деңгейі

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қазақстан Республикасы	2,3	3,4	4,8	4,8	4,0	4,0	4,3	5,7	5,7
Ақмола облысы	0,2	1,5	2,2	2,1	1,2	1,2	0,7	1,0	4,6
Ақтөбе облысы	3,2	4,6	6,0	5,6	4,1	4,0	6,1	8,5	4,0

12-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Алматы облысы	1,7	2,2	2,9	2,1	1,9	1,4	0,9	4,6	5,4
Атырау облысы	0,5	1,0	7,8	3,7	2,7	2,9	3,7	6,6	4,4
Батыс Қазақстан облысы	2,0	2,2	2,1	4,9	4,9	4,5	4,6	12,7	7,5
Жамбыл облысы	2,7	5,7	6,6	8,8	6,0	4,4	7,8	10,2	7,9
Қарағанды облысы	4,2	4,5	6,4	6,1	6,5	6,2	7,0	7,2	3,8
Қостанай облысы	1,2	1,4	1,9	2,5	2,0	1,5	2,6	4,8	7,1
Қызылорда облысы	1,3	1,2	2,4	2,4	3,0	1,5	6,1	8,0	5,3
Маңғыстау облысы	4,5	2,5	3,2	2,3	1,9	1,4	1,1	1,1	1,1
Оңтүстік Қазақстан облысы	1,4	2,3	2,5	2,8	2,4	2,2	3,4	7,0	5,0
Павлодар облысы	3,4	2,8	7,2	8,1	3,6	3,8	5,1	5,4	4,1
Солтүстік Қазақстан облысы	1,4	1,9	2,1	2,2	2,5	2,6	2,4	2,4	10,4
Шығы Қазақстан облысы	2,8	4,1	6,8	5,6	4,3	5,9	6,4	8,1	6,2
Астана қаласы	0,4	1,5	2,8	3,0	1,8	2,1	2,6	4,1	6,8
Алматы қаласы	2,6	5,5	6,3	7,2	6,4	6,7	5,4	5,7	6,7
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]									

2012 жылы Қазақстанда инновациялық өнім көлемі біршама ұлғайды (82%-ға) және 379 005 млн. теңгені құрады (сурет 18).




Сурет 18 – Қазақстандағы инновациялық өнім көлемі, млн. теңге

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының инновациялық өнімдерінің арасында 2012 жылы шамалы үлес салмағына жаңадан енгізілген


немесе технологиялық жағынан шамалы өзгертілген (76%) өнімдер алған; жетілдірілген өнім 7%-ды құрады; және басқа да инновациялық өнім - 18% (сурет 19).



Сурет 19 – Инновациялық өнімнің құрылымы

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Сонымен бірге соңғы жылдары ЖІӨ-ге қатысты инновациялық үлесі кенеттен қысқарған және ЖІӨ-нің 0,69%-на теңесе бастаған 2008 жыл ерекше жыл болды (сурет 20).




Сурет 20 – ЖІӨ-ге қатысты инновациялық өнімдер үлесі, %

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректеріне сәйкес инновациялармен айналысатын


өнеркәсіптік кәсіпорындар саны әлі де шектеулі күйінде қалып отыр. Инновациялық белсенділік кәсіпорындардың салыстырмалы шағын мөлшеріне шоғырланады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың белсенді кәсіпорындар үлесімен сипатталатын инновациялық үдеріске бейімділігін бағалау бойынша 2012 жылы Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі 5,7%-ды құрады (сурет 21). Салыстыру үшін: АҚШ-ғы инновациялық-белсенді кәсіпорындар саны шамамен 50%-ды, Түркия – 33%, Венгрия – 47%, Ресейде – 9,1% [100, с. 113] құрайды.



Сурет 21 - Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің деңгейі, %

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Инновацияларды инвестициялардағы негізгі үлес кәсіпорындардың өз қаражатына – 85,5%, шетелдік инвестициялар – 2,5%, бюджеттік қаражаттар – 11,9% (сурет 22).



Сурет 22 – Қаржыландыру көздері бойынша кәсіпорындардың инновацияларға жұмсайтын шығындары, %

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]


Инновациялық қызметтің басты көрсеткіштерінің бірі зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындар болып табылады. Елдің статистикасына сүйене отырып, Қазақстан 2003 – 2012 жж. аралығында қол жеткізген бұл көрсеткіш бойынша 440% өсудің орасан үлкен өсімін байқауға болады (сурет 23).



Сурет 23 – Қазақстан Республикасындағы зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындар

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландырудың маңызды көзі барлық дерлік экономикалық дамыған елдерде бюджет қаражаттары болып табылады. Қаржыландыру көздері бойынша зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын ішкі шығындардың бөлінуін талдау Қазақстанда инновацияларға жұмсалатын шығындарды қаржыландырудың негізгі көзі бюджет қаражаттары (56%) болып табылатындығын көрсетеді. Маңыздылығы бойынша Қазақстандағы инновацияларды қаржыландырудың көзі кәсіпорындардың өз қаражаттары болып табылады. Мысалы, 2012 жылы кәсіпорындардың өздерінің қаражатының жалпы қаржыландыру көлеміндегі үлесі 39%-ды құрады. Қаржыландырудың бұл екі көзі – бюджет қаражаттары мен кәсіпорындардың өздерінің қаражаттары бірлесіп - 2012 жылы технологиялық инновацияларға жұмсалатын барлық шығындардың 95%-ын қаржыландырды, шетелдік көздердің қаражаттары 1% (сурет 24).



Сурет 24 – Қаржыландыру көздері бойынша зерттеулер мен әзірлемелерге шығындар, 2012 ж.

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]

Осылайша, Қазақстанда зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландырудың өсу үрдісі бар. Алайда, бұл зерттеулер мен әзірлемелер қазір уақытта ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қоспайды, олардың көпшілігі көбіне елдің өнеркәсіп секторының талаптары мен мүддесіне сай келмейді. Осыған байланысты көптеген дамыған елдердің тәжірибесі бойынша ғылым мен бизнес арасындағы өзара байланысты нығайту қажеттігі туындайды.

Инвестициялық ахуалдың инновацияларына қолайлы жағдай қалыптастыруда Қазақстан нақты кәсіпорындар, әсіресе күшті трансұлттық корпорациялар үшін қолайлы жағдайлар жасауға талпынуда. Сонымен бірге елдегі ғылымның қызмет етуімен басқарудың тиісті үлгісін іздестіру жалғасуда.

Автор Қазақстандағы реформалардың мәні мен қазіргі жағдайын қарастыру қажет деп есептейді.

1990-шы жылдардың басында экономикалық дағдарыспен қатар ғылымды қаржыландырудың күрт төмендеуі және өндірістік саланың ғылыми-техникалық өнімдерге деген тапсырыстардың азаюы болды. Осыған байланысты ғылым саласындағы жұмысшылар санының 3 еседен аса мөлшерге азайып кетті. Мұндай оқиғалар посткеңестік кеңістіктегі барлық елдерде дерлік жүрді.

1996 жылы Қазақстанның Президенті жағдайды дұрыстауға талпына отырып, Ғылым академиясы мен Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен біріктіру туралы шешім қабылдады, алайда бұл бірлестік ел басшылығы қойған міндеттерді орындауға қауқарсыз екендігі анық болды. Сондықтан 1999 жылы Ғылым академиясы қоғамдық ұйымдар қатарына іс жүзінде ауыстырылып, ал оның ғылыми

институттары Білім және ғылым министрлігіне бағындырылды. Алайда, ел басшылығының игілікті ниеттеріне қарамастан, бұл реформа ғылыми жүйедегі ретсіздікке алып келді, ал ғылыми достастық Ғылым академиясының мәртебесінің өзгеруін жақсы қабылдамады. Шенеуніктер ғылыми қызметкерлер әрдайым немен айналысып жатқанын түсінбейтіндігін сезіне отырып, ғылымды басқаруды ғалымдардың өздеріне беруге тырысты – Ғылым академиясындағы ғылым бөлімшелерінің баламалары болған ғылым салаларындағы түрлі орталықтарды құра бастады. Елде 4 тақырыптық ғылыми орталық құрылды, олардың құрамында бірқатар бейіндік институттар қызмет етті, алайда мұндай орталықтар іс жүзінде дербес ұйымдар болмады.

Сонымен бірге, орталықтар мен институттардың басшылары жоғары басшылықтың ойлауы бойынша ғылыми орталықтарды тиімді басқаратын заманауи менеджерлер болуы тиіс еді, бірақ бұл қызметтегі іс жүзінде шетелде әкімшілік басқару магистратураларын бітіргендер немесе өздерінің тиімділігін басқа лауазымдарда көрсете алмаған отставкадағы шенеуніктер тағайындалды. Ғылыми институттарды басқаруға заманауи менеджерлерді тарту идеясын «жаппай» ғылыми контингентке қарағанда ғылыми элитаның бір ауыздан мақұлдауын алғанын айта кету қажет, бұны ғылыми элитаның оларда менеджерлік сапалардың жоқ екендігін ұғынуымен түсіндіруге болады.

Алайда, үкіметтің әрекеттерінің нәтижесінде орталықтар мен институттардың басшылары жоғары басшылықпен ынтымақтастық жасаған білікті адамдар болды, бірақ оларды ғылыми қызметкерлердің мәселелері мен қажеттіліктері қызықтырмады. Жағдайды өзгерту қажеттігі айқын болды, сондықтан басшы шенеуніктер ғылыми мәселелерді қарастыру үшін ғылыми-техникалық кеңестер (бұдан әрі - ФТК) құра бастады. Ғылым академиясының реформасы секілді ғалымдарды институтты басқаруға тарту қабылданбады, себебі басшылар кеңеске өздерінің пікірлерін дәлелдей алатын ғалымдарды тартысқысы келмей, көбіне кеңеске әкімшілік-басқару қызметкерлерін кіргізе отырып, ФТК-ке өздері үміткерлерді іріктей бастады. Мұндай жағдай ғалымдардың ғылыми мекемелердің қызмет етуіне қатысты шешімдерді қабылдауға ықпал етуін тоқтатуларына алып келді. Бұл, өз кезегінде, мұндай бюрократиялауға бағынғысы келмеген орталықтар басшылары мен институттардың бұрынғы директорларының арасындағы көптеген сот істерінің қаралуына түрткі болды. Осымен қатар кадрлардың шетелге, сонымен бірге басқа салаларға кету үдерісі жандана түсті, ол 1990-шы жылдың соңына дейін созылды.

2009 жылдан бастап ресми статистиканың деректеріне сәйкес, елде ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жасайтын қызметкерлердің саны артуының нақты үрдісі байқалады (кесте 13), бірақ 1990-шы жылдардың басында болған көрсеткіштерге әлі қол жеткізілмеді (1991 жылы ғылыми институттарда 40 мыңнан астам адам жұмыс жасады).

Кесте 13 – Қазақстан Республикасында зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлер саны

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Қазақстан Республикасы	16 715	18 912	19 563	17 774	16 304	15 793	17 021	18003	20404
Ақмола облысы	659	591	579	468	559	555	615	798	936
Ақтөбе облысы	564	654	659	532	335	157	195	184	172
Алматы облысы	736	709	694	790	547	440	759	823	415
Атырау облысы	633	631	654	681	633	554	582	609	605
Шығыс Қазақстан облысы	232	524	542	657	542	1 757	1 852	1857	1913
Жамбыл облысы	341	378	459	417	414	474	344	155	350
Батыс Қазақстан облысы	1 220	1 635	1 812	1 140	1 039	170	459	500	516
Қарағанды облысы	230	378	399	436	333	735	875	794	1189
Қостанай облысы	71	115	96	72	74	415	324	263	268
Қызылорда облысы	604	741	822	801	841	79	98	147	192
Маңғыстау облысы	324	425	427	353	259	404	474	548	569
Павлодар облысы	56	205	197	187	181	258	187	280	292
Солтүстік Қазақстан облысы	281	230	216	147	200	136	106	77	325
Оңтүстік Қазақстан облысы	1 574	1 604	1 606	1 636	1 692	295	442	576	994
Астана қаласы	490	834	136	468	430	146	1 531	1703	3024
Алматы қаласы	8 700	9 258	9 265	7 989	7 225	8 218	8 178	8689	8644
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]									

Ғылым саласындағы қызметкерлер санының өсуі экономиканың басқа салаларынан «ескі» кадрларды қайтару есебінен жүріп жатқанын айта кету қажет. Жас мамандардың ғылымға келуі сарапшылардың бағалауынша шамалы ғана болып қалады.

Әзірге елде еңбекті қажетсінетін технологияларды жасауда серпілісті қамтамасыз етуге қабілетті жеткілікті жоғары әлеуетке ие, бұл Бизнес-ақпарат, әлеуметтану және маркетингтік зерттеулер орталығы жүргізген ғылымның жағдайы туралы сауалнама жүргізуімен расталады. Бірақ аяқталған ғылыми жұмыстардың көпшілігі сұранысқа ие емес.

Жағымды үрдістердің арасында ғылымды қаржыландыру деңгейінің біртіндеп ұлғаюын атап айтқан жөн, ол 2003 жылдан бастап 5 есеге артып, 2012 жылы ЖІӨ-нің 0,14%-ын құрады (кесте 14).

Кесте 14 – Ғылымның жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері

Атауы	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	4 612,0	5 870,1	7 590,6	10 213,7	12 849,8	16 052,9	17 007,60	21 815,50	27 300,6	30072,5
Қолданыстағы бағамен зерттеулер мен әзірлеулерге жұмсалатын ішкі шығындар, млн. теңге	11 643,5	14 579,8	21 527,4	24 799,9	26 835,5	34 761,6	38 988,7	33 466,8	43 351,6	51 253,1
Ішкі жалпы өнімге пайызбен	0,25	0,25	0,28	0,24	0,21	0,22	0,23	0,15	0,16	0,17
Зерттеулер мен әзірлеулерді орындайтын ұйымдардың саны	273	295	390	437	438	421	414	424	412,0	345,0
Зерттеулермен және әзірлеулермен айналысатын қызметкерлердің саны, адам	16 578	16 715	18 912	19 563	17 774	16 304	15 793	17 021	18 003,0	20 404,0
оның ішінде:										
зерттеушілер	9 899	10 382	11 910	12 404	11 524	10 780	10 095	10 870	11 488,0	13 494,0
олардың ішінде:										
ғылым докторы	979	1 013	1 106	1 157	1 166	1 191	1 338	1347*	-	-
бағыты бойынша доктор	-	-	-	-	-	-	-	-	1 486,0	719,0
ғылым кандидаттары	2 782	2 740	3 018	3 147	3 058	2 861	2 734	3 041	3 286,0	3 629,0
Зерттеулермен және зерттемелермен айналысатын ұйымдардың негізгі құралдары, млн. теңге	9 037,3	12 396,6	14 584,2	19 247,7	18 782,0	19 176,7	22 003,3	22 810,9	29 527,5	37 950,6
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]										

Қазіргі уақытта үкіметтің ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға қатысты саясаты келесі қағидаларға негізделеді:

- ҒЗТКЖ гранттар негізінде қаржыландыру;
- ҒЗТКЖ-ды жеке меншік сектормен бірге қаржыландыру;
- ғылыми-техникалық сарапшылардың тәуелсіздігі;
- ғылыми мекемелердің ұйымдық құрылымын өзгерту;
- қолданбалы ҒЗИ жекешелендіру.

Елдің ғылыми әлеуетін ойдағыдай дамыту үшін сараптама жүргізуге ұлттық компанияның, үлкен бизнестің, ғылыми ұйымдардың, даму институттарының (әлемдік қаржы дағдарысына жауап ретінде құрылған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Самғау» ұлттық ғылыми-техникалық холдингі) өкілдерін, шетелден жоғары білікті сарапшыларды белсенді түрде тартуға талпынуда. 2005 жылы Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, Жетекші технологиялар орталығы құрылған. Дүниежүзілік банкпен бірге маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, олар әлемдік нарықта коммерциялануға жоғары әлеуеті бар ғылым салалары анықталды.

Технологияларды коммерцияландыру мен трансфері үдерісінде акционерлік қоғам түрінде қызмет ететін Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы Инженеринг және технологиялар трансферті орталығымен бірлесіп, жүргізген зерттеулері маңызды рөл атқарады. Бұл ең алдымен, олардың дамуында Қазақстан салыстырмалы түрде артықшылықтары болатын, халықаралық еңбек бөлінісіне ойдағыдай кіру үшін қажетті, болашағы бар кластерлер мен салаларды анықтау бойынша зерттеулер. Бұл зерттеулерге де алдыңғы қатарлы халықаралық орталықтардың, оның ішінде Гарвард бизнес мектебінің халықаралық сарапшылары тартылуда.

Барынша көп ғылыми-техникалық әлеуетті басқаратын негізгі мекеме Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі болып табылады, онда ғылымды дамыту, ғылым саласындағы мемлекеттік саясат пен ғылыми зерттеулерді салааралық үйлестіруді іске асыру мәселелерімен Ғылым комитеті айналысады, ол өз кезегінде елдегі көптеген ғылыми институттардың қызметіне жетекшілік етеді. Ғылым академиясын реформалағаннан кейін, ғылыми мекемелер мен институттар мемлекеттік кәсіпорындар немесе акционерлік қоғамдар түрінде қызмет ететін айта кету қажет. Бірақ, соңғы жылдары ғылыми мекемелерді түрлі холдингтердің құрамына ауыстыру үрдісі байқалады, олардың саны күн санап өсуде, бұл экономиканы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаларына сай келеді. Бірқатар институттар мен ғылыми мекемелер («Самғау» Ұлттық ғылыми-техникалық холдингі, Ғылым қоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнологиялар орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы) мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі иеленетін ұлттық орталықтар мен холдингтердің қарамағында.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанның ғылыми жүйесі тұрақтана бастады және түбегейлі реформалау фазасынан шығып, өсу фазасына кірді. Қазақстан және білімге негізделген экономиканы құру бағытын ұстанушы кез

келген басқа ел үшін ғылыми әлеуетті дамыту ерекше маңызды. Адам ресурстарының болуы елдің әрі қарай инновациялық дамуына айтарлықтай үлес қоса алатын ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау үшін қажет.

Осыған байланысты маңызды бағыттар ғылыми-зерттеу секторын дамыту, зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру, ғылыми қызметкерлердің біліктілік деңгейі болып табылады.

Қазақстан Республикасын инновациялық дамыту мақсатында бірқатар бағдарламалар қабылданған:

- Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары [101];

- «Өнімділік 2020» бағдарламасы [102];

- Елдің 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспары [103];

- Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы [104];

- Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыруға жәрдемдесудің 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасы [105].

Қазақстанда тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және жылдамдатылған экономикалық жаңғырту 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы жалғастырылатын болады (бұдан әрі – ҮИИДМБ).

ҮИИДМБ бірінші бесжылдығы (2015 жылға дейін) Қазақстанда ойдағыдай индустрияландыру және әрі қарай постиндустриялық қоғамға өту үшін қажетті өндірістік және инфрақұрылымдық базаның негізін қалайды.

Әрі қарайғы құрылымдық әртараптандыру және инновациялық даму мақсатында жаңа ҮИИДМБ әзірленетін болады (2020 жылға дейін).

Келесі бесжылдықта Қазақстан индустрияландыруды аяқтауы және онда басты рөл адами фактордың рөлі мен сапалы өсу мағынасын күшейтуге басты рөл берілетін ақпараттық қоғамның дамуы үшін негіз қалауы тиіс.

Ел экономикасын дамытудың негізгі бағыты Қазақстанда түбегейлі өнеркәсіп төңкерісін қамтамасыз ететін экономиканы инновациялық жаңғырту болуы тиіс.

2.4 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы табиғи ресурстардың рөлі

Қазақстан табиғи ресурстардың айтарлықтай қорларына ие. Елдің жер қойнауындағы барлық дерлік пайдалы қазбалардың барлық кешені – отын-энергетикалық, металлургиялық, тау-кен химия және басқа да минералды шикізат түрлері бар.

Әлемде өндірілетін 11 млрд. т. минералдардың 250 млн тоннадан астамы Қазақстанның үлесіне тиесілі, бұл оған 11-ші орынды қамтамасыз етеді. Аталған өнімнің 37 түрі бойынша ел 19 орынның 1-ші орнын иеленді. Республика: күміс пен хромиттің қорлары бойынша дүниежүзінде бірінші орынға; мыс, мырыш, марганец бойынша – төртінші; қорғасын мен темір

бойынша – алтыншы орынды; кобальт бойынша – жетінші орында; алтын бойынша – сегізінші орынды иеленді.

Қазіргі уақытта ел металл қорлары бойынша дүниежүзіндегі ең ірі ел болып табылады (темір, хром, ферроқорытпалар, болат, алюминий). Соңғы жылдары негізгі жеткізушілердің дүниежүзілік тізімінде оның позициясы нығайды. Алдыңғы қатарлы сарапшылардың қатарына кіре отырып, Қазақстан шетелге үлкен сұранысқа ие минералды-шикізат өнімдерін жібереді, оның ішінде АҚШ-қа – мырыш, рений, берилий; Германияға – мұнай; Ресейге – қорғасын, темір рудасын, құймаларды жібереді.

Қазақстан дүниежүзілік нарықта алдыңғы қатарлы көмір өндіруші және экспорттаушы он елдің ішіне кіреді, дүниежүзілік көмір өндірісіндегі оның үлесі шамамен 2%-ды, ал дүниежүзілік көмір экспортында – 5%-ды құрайды. Мемлекеттік баланспен жеке объектілер ретінде белгіленген 197 учаскені қамтитын 48 кенорны бойынша қорлар есепке алынған, оның ішінде 142 – жабық түрде өндіру және ашық түрде өндіру - 55. Көмір кенорындарының көпшілігі Орталық (Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндері, сондай-ақ Шұбаркөл кенорны) және Солтүстік Қазақстанда (Торғай көмір бассейні) орналасқан. Белсенді қорлар 45%, ал белсенді емес – 55%-ды құрайды.

Жоғарыда айтылған көрсеткіштермен бірге Қазақстан мұнай газ ресурстарының бай қорларына ие, олар қазіргі уақытта 23 млрд. тоннаны құрайды, оның ішінде шамамен 13 млрд. т. Каспий шельфінде шоғырланған. Көмірсутекті шикізаттың алынатын қорлары 30 млрд. баррельді немесе 4 млрд. т. мұнайды және 3 трлн. текше метрден атом газды құрайды. 2015 жылға қарай ел мұнайды дүниежүзілік экспорттаушы он елдің қатарына кіреді деп болжануда. Халықаралық мамандардың бағалаулары бойынша қазіргі уақыттағы дүниежүзілік көшбасшы – Сауда Арабиясындағы өндіру ауқымы мен шикізат бағасы кезінде мұнайдың қоры 42 жылға қалған, ал Қазақстанда – 83 жылды құрайды [106].

2012 жылы мұнай мен газ конденсатын өндіру шамамен 79 млн. т. құрады (2011 жылмен салыстырғанда 1,1% төмендеген) (кесте 15). Жақын уақытта барынша жоғары көрсеткіштер күтілуде. Мысалы, сарапшылардың болжамы бойынша 2015 жылға қарай мұнайды өндіру 180 млн. т.; табиғи газ – 40-45 млрд. текше метрге жетеді.

Кесте 15 – Қазақстандағы мұнай мен газ конденсатының өндірісі, мың т.

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қазақстан Республикасы	51 451	59 484	61 486	65 003	67 125	70 671	76 482	79684	80060	79224
Ақтөбе облысы	5 604	7 248	7 990	7 830	7 563	7 373	7 807	7978	8522	8625
Атырау облысы	16 186	17 189	17 247	17 210	17 917	21 578	26 564	30087	30241	29019
Батыс Қазақстан облысы	6 037	8 639	10 419	10 518	11 817	11 853	12 227	11748	12460	12955
Жамбыл облысы	3	19	28	24	26	26	26	24	21	21

15-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қызылорда облысы	9 944	10 665	8 953	11 484	11 706	11 276	11 226	11155	10955	10882
Маңғыстау облысы	13 675	15 721	16 847	17 934	18 095	18 563	18 630	18691	17858	17720
Шығыс Қазақстан облысы	-	-	-	-	-	-	-	-	0,5	0,1
Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [93]										

Алайда, елге сыртқы көздерден келіп түсетін кірістердің көлемі айрықша тұрақсыз және болжауға келмейтін болып табылады және оларды ұзақ мерзімді экономикалық өсудің негізі ретінде қарастыруға болмайды.

Табиғи ресурстар Қазақстан экономикасы үшін ерекше маңызды деген қарапайым түйсікке қарамастан, елде табиғи ресурстардың Қазақстанның индустриялық-инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тереңдетіп зерттеулер жүргізілмеді.

Бұл еңбекте ел неғұрлым табиғи ресурстарға бай болса, оның экономикалық даму қарқыны соғұрлым жоғары болады деген гипотезаны дәлелдеуге талпыныс жасалған. Бұл гипотезаны тексеру үшін Қазақстан бойынша 2007 – 2012 жж. деректер пайдаланылады.

Осылайша, еңбекте мына үлгі тестіленеді:

$$Y_t = \alpha + \gamma_t + \beta R_t + \varphi X_t + \varepsilon_t \quad (4)$$

мұнда t – жылды білдіреді;

Y_t – ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындар;

R_{it} – елдің табиғи ресурстарға бай екендігінің көрсеткіші;

X_{it} – бақылаушылық өзгерістер векторы;

α_i – елдің бекітілген әсерлері;

γ_t – жылдың бекітілген әсерлері;

ε_t – кездейсоқ қателер.

Деректердің біркелкі болмауы мүмкін екендігін ескеру үшін еңбекте Уайт формасындағы қалыпты қателер пайдаланған.

«Табиғи ресурстар қарғысына» арналған әдебиетте елдің табиғи ресурстар бай болуын қалай өлшеу мәселесі барынша үлкен пікір-таластарды тудырады. Бір жағынан талқылаудың мәні нақ қандай табиғи ресурстарды есепке алу қажеттігі туралы сұрақ. Мысалы, орман мен жерді қоса алғанда барлық табиғи ресурстарды немесе олардың кейбіреулерін ғана есептеу керек пе? Көптеген зерттеушілер әлеуметтік-экономикалық дамуға мұнай, газ, алмас, басқа да минералды ресурстар секілді «нүктелі» табиғи ресурстар ғана зиян келтіреді, ал «диффузды» деп аталатын табиғи ресурстар статистикалық маңызды әсер етпейді немесе жағымды әсер етеді деп есептейді. Екінші жағынан салыстырмалы көрсеткіштерді (ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі немесе ЖІӨ-гі немесе жиынтық экспорттағы шикізат тауарларының үлесі секілді) немесе абсолютті көрсеткіштерді – табиғи рента немесе адам басына шаққандағы барланған қорларды пайдаланған дұрыс па деген мәселе

талқыланады. Мысалы, J. Sachs және A. Warner бізді экономикадағы табиғи ресурстардың рөлі қызықтыратын болғандықтан, салыстырмалы көрсеткіштерді пайдалану қажет деп тұжырымдайды, онда ол табиғи рентаға қандай дәрежеде тәуелді [6].

Сонымен бірге, басқа зерттеушілер салыстырмалы көрсеткіштерге бірқатар қарсылықтар білдіреді. Мысалы, ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіп үлесінің мөлшері жалпы экономиканың мөлшеріне байланысты. Алайда, шамалы ЖІӨ табиғи ресурстармен еш қатысы жоқ себептерге байланысты болуы мүмкін [107]. Салыстырмалы немесе абсолюттік көрсеткіштерге қатысты пікір-таластардың нәтижесінде зерттеушілердің «ресурстық тәуелділік» пен «ресурстың молшылығы» арасында айырмашылықтар анықталды. Бірінші жағдайда «ресурстық тәуелділік» деп ел экономикасындағы шикізат рентасының салыстырмалы мәні түсініледі. Ресурстық тәуелділік экономикалық өсудің төменгі қарқынымен байланысты деп есептеледі. Екінші жағдайда рентаның немесе табиғи ресурстардың адам басына шаққандағы барланған қорларының абсолюттік мөлшері туралы айтылады. Зерттеулер «табиғи ресурстардың молшылығы» экономикалық өсудің төменгі қарқынмен әрдайым бірге жүре бермейтіндігін көрсетті.

Табиғи ресурстардың «қарғысы» болжамын тестілеуге арналған еңбектерде субұлттық деңгейде «табиғи ресурстардың молшылығы» және «ресурстық тәуелділік» көрсеткіштері пайдаланылады. Мысалы, табиғи ресурстардың АҚШ өңірлерінің деңгейіне әсерін бағалау кезінде зерттеушілер (Papyrakis, Gerlagh; Corey) ІӨӨ-гі бастапқы шикізаттың үлесі және ІӨӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі пайдаланылған, ал зерттеушілер A. James, D. Aadland – бастапқы сектордың жиынтық кірісіндегі үлесі пайдаланылған [108]. Ресейде ресурстық «қарғыс» сипаттамаларын зерттеу кезінде зерттеу негізінен «нүктелі» табиғи ресурстарға бағытталды: A. Libman мұнай мен газды өндірудің көмір эквивалентіндегі және өндірілген мұнай мен газ құнының ІӨӨ-ге қатынасындағы физикалық көлемдерін [109], ал A. Мишура – ІӨӨ-гі отын – энергетикалық кешеннің экспорт өнімінің үлесін пайдаланды [110].

Бұл еңбекте автор нүктелі табиғи ресурстардың әсерін бағалауға баса назар аударады. Бұл ретте автор табиғи ресурстардың молшылығын да, сонымен бірге ресурстық тәуелділікті көрсететін көрсеткіштерді пайдаланады. Мысалы, ресурстық байлықтың өлшемі ретінде бір қосу өңдеуші өнеркәсіптің адам басына шаққандағы есеппен алған қосымша құн логарифмі қолданылады; ресурстық тәуелділікті бағалау үшін – ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі және ЖІӨ-гі отын-энергетикалық кешені экспорттың үлесі пайдаланылады.

Бақылау кері кетуі ретінде адам басына шаққандағы ЖІӨ логарифмі, адам басына шаққандағы мемлекеттік бюджет кірістерінің логарифмі.

Пайдаланылған көрсеткіштердің сипаттамалық статистикасы 16-кестеде берілген.

Кесте 16 – Сипаттау статистикасы

Көрсеткіштер	Медиана	Ең жоғары мәні	Ең төменгі мәні	Стандарт ауытқу
Мем.бюджеттің ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындарының үлесі	23,80	37,42	8,68	4,53
Мем. бюджеттегі ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындардың логарифмі	2,47	5,24	0,17	0,95
ЖІӨ-гі табиғи ресурстар үлесі	12,6	16,8	1,64	1,85
Адам басына шаққандағы экономикадағы қосылған құн логарифмі	8,24	9,74	7,47	0,73
ЖІӨ-гі отын-энергетикалық кешені экспортының үлесі	0,27	368,17	0,00	27,42
ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі	1,83	63,25	0,00	12,63
Бір қосу адам басына шаққандағы өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының логарифмі	7,35	13,72	0,00	3,18
Адам басына шаққандағы ЖІӨ логарифмі	13,4	15,24	9,63	0,62
Адам басына шаққандағы мем. бюджет кірістерінің логоррифмі	3,47	6,72	2,36	0,67
Ескерту – автор құрастырған				

Барлық жағдайда бағалауды OLS жүргізген, оның нәтижелері 17, 18 кестелерде берілген.

Кесте 17 – Ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындар мен табиғи ресурстар байлығының арасындағы байланысты бағалау

Көрсеткіштер	Мем. бюджеттің ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындарының үлесі			Мем. бюджеттің ұлттық экономикаға жұмсалатын шығындарының логорифмі		
	1 үлгі	2 үлгі	3 үлгі	4 үлгі	5 үлгі	6 үлгі
1	2	3	4	5	6	7
Бір қосу адам басына шаққандағы өңдеуші өнеркәсіптегі қосылған құн логарифмі	-0,35*** (0,11)	–	–	-0,02*** (0,003)	–	–
ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі	–	-0,04*** (0,01)	–	–	-0,02*** (0,001)	–
ЖІӨ-гі отын-энергетикалық кешені өнімдері экспортының үлесі	–	–	-0,007*** (0,002)	–	–	-0,0001 (0,0003)
Адам басына шаққандағы ЖІӨ логарифмі	1,24 (0,93)	2,24*** (0,72)	0,76 (0,82)	-0,04 (0,06)	-0,001 (0,05)	-0,04 (0,06)

17-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Адам басына шаққандағы мем. бюджет кірістерінің логарифмі	-5,36*** (1,42)	-5,62*** (1,34)	-4,79*** (1,35)	0,73*** (0,06)	0,58*** (0,07)	0,58*** (0,08)
Бекітілген әсерлер	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия
Бекітілген уақытша әсерлері	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия
Бақылаулар саны	535	535	535	535	535	535
R ²	0,90	0,90	0,90	0,99	0,99	0,99
Ескерту – автор құрастырған						

Жақшаның ішінде Уайт формасындағы қалыпты қателер көрсетілген; «***» ауыспалы кездегі статистикалық мәні бар 1% деңгейіндегі коэффициенттер белгіленген.

Кесте 18 – ұлттық экономика мен табиғи ресурстар молшылығы арасындағы байланысты бағалау

Көрсеткіштер	ЖІӨ-гі табиғи ресурстардың үлесі			Адам басына шаққандағы экономикадағы қосылған құн логарифмі		
	7 үлгі	8 үлгі	9 үлгі	10 үлгі	11 үлгі	12 үлгі
Бір қосу адам басына шаққандағы өңдеуші өнеркәсіптегі қосылған құн логарифмі	-0,02 (0,05)	-	-	0,02 (0,05)	-	-
ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі	-	-0,003 (0,007)	-	-	- 0,003*** (0,002)	-
ЖІӨ-гі отын-энергетикалық кешені өнімдері экспортының үлесі	-	-	0,003 (0,003)	-	-	0,0004** (0,0001)
Адам басына шаққандағы ЖІӨ логарифмі	-3,67*** (0,42)	-3,58*** (0,36)	-3,58*** (0,37)	-0,48*** (0,06)	-0,38*** (0,09)	-0,42*** (0,07)
Адам басына шаққандағы мем. бюджет кірістерінің логарифмі	0,72*** (0,21)	0,69*** (0,18)	0,73*** (0,17)	0,16*** (0,04)	0,17*** (0,02)	0,18*** (0,06)
Бекітілген әсерлер	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия
Бекітілген уақытша әсерлер	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия	Ия
Бақылаулар саны	535	535	535	535	535	535
R ²	0,98	0,98	0,98	0,96	0,96	0,96
Ескерту – автор құрастырған						


Жақшаның ішінде Уайт формасындағы қалыпты қателер көрсетілген; «***», «**», «*» ауыспалы кездегі статистикалық мәні бар 1%, 5% және сәйкесінше 10% деңгейіндегі коэффициенттер белгіленген.

Ресурстық байлық пен ресурстық тәуелділік Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен оның табиғи ресурстарының арасындағы теріс сипаттағы байланысты көрсететін, сапасы жағынан ұқсас көрсеткіштер берді.

Демек, Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен табиғи ресурстардың молшылығы арасындағы бұл теріс сипаттағы байланыстың себебін, ең алдымен институционалдық ортаның сапасынан іздеу қажет.

Институционалдық ортаның сапасын сипаттайтын бастапқы ақпараттың дәстүрлі көздері сарапшылардың сұрауларының нәтижелері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарды арнайы тексеру көрсеткіштері, әкімшілік тосқауылдар деңгейін және экономикалық белсенділіктің басқа да заңнамалық шектеулерін көрсететін кейбір объективтік индикаторлар болып табылады. Бұл көздерге Дүниежүзілік банктің және ЕҚҚДБ «Business Environment and Enterprise Performance Survey» ортақ жобасы, Дүниежүзілік банктік «Investment Climate Assessment», «Doing Business», Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF), «The Heritage Foundation» және «Transparency International» зерттеу нәтижелері кіреді. Бұл жобалардың барлығы негізінен институционалдық дамудың заң жүзінде бекітілген нормативтеріне (мысалы, бизнесті бастау үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу мерзімі, рұқсат беру рәсімдерінің саны) олардың іс жүзінде орындалуын ескерместен сүйенеді немесе есептеу әдістемесін және көрсеткіштер құрамын жиі өзгертеді. Бұл материалдарды елдер арасында салыстыру жүргізу үшін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейді. Институционалдық ортаға қатысты едәуір репрезентативтік іріктеу IMD бәсекеге қабілеттілік рейтингінің материалдары болып табылады. Олар негізгі қоғамдық институттардың динамикада дамуын сипаттайтын он көрсеткішке біріктірілген [111]: 1) құқықтық орта және реттеу; 2) мемлекеттік саясаттың экономикалық қорқынышқа бейімделуі; 3) мемлекеттік саясаттың ашықтығы; 4) бюрократияның тиімділігі; 5) үкімет шешімдерін орындау тиімділігі; 6) сыбайлас жемқорлық туралы заңдардың тиімділігі; 7) парақорлық пен жемқорлық деңгейі; 8) заңдардың орындалуы; 9) бизнесті жүргізу жеңілдігі және заңнамалық деңгейде қолдау; 10) меншік құқығының қауіпсіздігі, оның қорғалуы.

Мысалы, Қазақстанның институционалдық ортасы IMD бәсекеге қабілеттілік рейтингісіне сәйкес 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда жақсарған және дүниежүзі елдерінің арасында 37 орында тұр (сурет 25).



Сурет 25 – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің ландшафты


Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [111]

Институционалдық реформалардың көптеген зерттеулерінде [112, 113] өзіндік «институттар дамуының теріс әсерінің парадоксы» бар, оған сәйкес институттар сапасы мен экономикалық даму қарқынының арасында кері байланыс болады (институттардың сапасы неғұрлым жоғары болса, ЖІӨ өсу қарқыны соғұрлым төмен болады). Ғалымдар бұл түйткілді мәселенің шығу негізін әр түрлі түсіндіруге тырысады [114]: 1) дамыған институттары бар елдерде «база әсерінің» болуы арқылы жылдам өсу мүмкіндігінің төмен болуы және сыртқы орта салатын институттардың сапасына салынған (мысалы, өздерінің талаптарында барынша институционалдық дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін ұлттықтан жоғары еуропалық ұйымдардың директиваларымен) шектеулер; 2) дамып жатқан елдермен салыстырғанда, дамыған елдердегі жұмыс күшінің жоғары құны институционалдық түрленудің жағымды әсерін айтарлықтай шектейді; 3) жаңа технологияларды әзірлеуге жұмсалатын шығындар алынатын қарыздардан біршама жоғары болатын немесе дамып келе жатқан елдер жиі қолданатын қолда бар технологияларды қайталайтын жағдайдағы «технологиялық жетістіктің шегіне» жету нәтижесіндегі технологиялық шектеулер (technological frontier).

ЖІӨ-нің өсу қарқынының институттардың даму деңгейімен өзара байланысына жүргізілген зерттеулер бұл қарама-қайшылықты жартылай ғана растайды. Басты компоненттер әдісінің көмегімен автор кейбір дамыған елдер


үшін (Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Греция, Гонконг, Дания, Израиль, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Германия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Польша, Португалия, Сингапур, Словакия, Словения, АҚШ, Венгрия, Финляндия, Франция, Чехия, Жапония) және дамып келе жатқан елдер (Аргентина, Беларусь, Болгария, Венесуэла, Үндістан, Индонезия, Қазақстан, Қытай, Колумбия, Малайзия, Мексика, Перу, Ресей, Румыния, Түркия, Украина) үшін 2002 -2012 жылдардағы институттардың даму деңгейінің көрсеткішін келтірген, сондай-ақ тұрақты бағамен ЖІӨ өсуінің орташа қарқындарын есептеген. Байланыстық-артта қалушылықты талдау нәтижелері елдердің екі тобында да аталған көрсеткіштердің арасында тікелей байланыстың бар екендігін көрсетті (R^2 0,99 тең).

Алайда, егер орташаланған деректерді емес, институттар мен экономикалық даму қарқындарының сапа көрсеткіштерін өсуіне қарай талдайтын болсақ, онда үлгілеу нәтижелері біршама басқа болады (сурет 26 – 27). Бірінші жағдайдағыдай зерттеліп отырған индикаторлар арасында тікелей байланыс байқалады, бірақ олар көп емес (R^2 0,03 тең), ал институттар сапасының экономикалық өсуге әсері дамыған елдерге қарағанда дамып келе жатқан елдерде жоғары болады (институттар сапасының 1 баллға өсуі дамушы елдерде ЖІӨ өсуінің қосымша 0,73% қамтамасыз етеді, ал дамыған елдерде – тек 0,46%).



Сурет 26 – Дамыған елдердегі ЖІӨ өсу қарқынының институттардың даму деңгейімен байланысы (2002-2012 жж. өсуге қарай көрсеткіштер)

Тігінен – ЖІӨ өсу қарқыны, тұрақты бағаның өзгеру %; көлденеңінен – институттардың сапасы (1–10 балл).



Сурет 27 – Дамып келе жатқан елдердегі ЖІӨ өсу қарқынының институттардың даму деңгейімен байланысы (2002-2012 жж. өсуге қарай көрсеткіштер)

Тігінен – ЖІӨ өсу қарқыны, тұрақты бағаның өзгеру %; көлденеңінен – институттардың сапасы (1–10 балл).

Демек, «институттар дамуының теріс әсерінің парадоксы» экономикалық даму қарқынының және институционалдық ортаның даму деңгейінің орташаланған көрсеткіштерін талдау кезінде орындалмайды (елдердің екі тобындағы да институттардың дамуының жоғары деңгейі ұзақ мерзімді кезеңде ЖІӨ өсуіне тек жағымды әсер етеді). Көрсеткіштерді өсуіне қарай бағалауда үлгілеу нәтижелері айтарлықтай біркелкі емес. Себебі кері байланысы расталмаған, алайда тікелей байланыс шамалы ғана, ал бір көрсеткіштің екіншісіне әсер етуінің қарқындылығы дамыған елдерге қарағанда дамып келе жатқан елдерде 1,5 есе жоғары. Бұл жағдайда «база әсері» немесе «технологиялық жетістіктің шегі» жайында айтуға болады, бірақ «институттар дамуының теріс әсерінің парадоксының» ұзақ мерзімді болашақтағы әсері туралы тұжырымдау орынсыз. «Әлсіз дамыған» институттары бар елдерде олардың қалыптасу әсері нақты ЖІӨ динамикасына «нашар институционалдық ортаның» ықпалы өте төмен болатын (сыбайлас жемқорлықтың, бюрократияның төменгі деңгейі, билік институттарына жоғары деңгейде сену) «күшті» институттары бар елдерде айтарлықтай байқалатын, ықпал етуі мүмкін.

Осындай ұқсас әдіспен «табиғи ресурстар қарғысын» да жартылай теріске шығаруға болады.

Анықталғандай ғалымдар бұл парадокстың себептерін әр түрлі түсіндіреді: «голландық ауру», рентаға бағытталған әрекет, институттардың «кері кетуі», саяси тұрақсыздық, адами капиталдың жинақталуына жеке меншік және мемлекеттік стимулдардың төмендеуі, адами капиталдың қоры қалыптасқан институттардың сапасын айқындайды [115]. Автордың пікірінше бұл елдер үшін қалыпты болып келетін адами капиталды «ығыстырудың» басты факторлары өндіруші салалардағы біліктілігі жоғары жұмыс күшіне деген сұраныстың болмауы (немесе аз ғана болуы), халықтың кедейлігі, сондай-ақ кен орындарын ашумен және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты кәсіпорындардың көпшілігін бақылайтын қоғамдық сектордағы халықаралық бәсекелестіктің жетіспеуі болып табылады.

Алайда, егер елде пайдалы қазбалардың кенорны ашылған кезде ол демократияның жоғары индексімен, ал оның халқы – білімнің жоғары индексімен сипатталса (адами даму индексінің үлесі), онда мұнай, газды экспорттаудан алынатын кірістер экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етуі ықтимал. Мысалы, Норвегияда демократия индексі – 9,8, білім индексі – 0,985, мұнайды экспорттаудан алынатын қаражат мемлекеттік зейнетақы қорында жинақталады (GPF – Norway), ол елдегі көптеген ірі кәсіпорындардың басты акционері болып табылады. Азаматтардың болашақ ұрпағының кірістерін мұнай қорларының таусылуы салдарынан қысқаруын болдырмау және энергияның баламалы түрлерін дамыту үшін ұзақ мерзімді кезеңде осы қордың көмегімен елді Рантае мемлекетке айналдыру қарастырылған. Қордың қаражаты қатаң бақылауда: Норвегия парламентінің рұқсатынсыз, алдын ала парламенттік пікір-таластар өткізбестен және жұртшылыққа оның нәтижелері туралы хабарламастан үкімет те, Орталық банк те бұл қаражатты пайдалана алмайды. Егер халықтың білім деңгейі төмен және елде «демократияға сұраныс» жоқ болса, онда шикізат ресурстарынан алынатын кірістердің жиналуы жемқорлықпен, экономиканың тиімсіз құрылымын «тоқтатумен», өнеркәсіпті шоғырландырумен және өсудің төменгі қарқынымен қатар жүреді, себебі «әлсіз» институттар саясаткерлерге табиғи ресурстарды сатудан түскен мемлекеттік кірістің бір бөлігін иемденуіне мүмкіндік береді, сондықтан олар институционалдық ортаны нығайту мен дамытуға мүдделі емес [116, 117].

Демек, «табиғи ресурстардың шартты түрдегі қарғысы» туралы айтуға болады, себебі табиғи ресурстардың байлағы экономиканың дамуына қалай ықпал етуі, ең алдымен институттардың сапасына байланысты болады: егер меншік құқығы қорғалған, тиімді сот жүйесі, мемлекет азаматты қоғамға есеп беретін болса, онда табиғи ресурстар экономикалық өсуге және халықтың әлауқатының жақсаруына ықпал ететін болады; егер де институттар қалыптаспаған немесе нашар қызмет ететін болса, онда шикізат экспортынан алынатын кірістер экономиканың дамуын ынталандырмай, «топтардың мүдделерін» қанағаттандыратын болады.

Қорыта келе, институттардың экономикалық даму динамикасына әсері екі жақты екендігін айта кету қажет: жағымды да, сонымен бірге теріс әсері бар. Барлығы реформалардың табысты іске асырылуын айқындайтын бастапқы институционалдық жағдайларға байланысты, себебі маңызды емес тарихи

оқиғалар ұзақ мерзімді болашақта ескерілмеуі мүмкін, себебі көбіне қандай да бір құбылыстың негізінде болады [118]. Бұл тарихи оқиғалар өзіндік бір институционалдық шектеулер болып табылады. Олар экономиканың технологиялық, институционалдық, саяси құрылымдарының инерттілігінің нәтижесінде экономикалық жүйені айырбастауларды «кеңейту» немесе «қысқарту» жағдайына алып келуге алып келуі мүмкін. Егер кездейсоқ тарихи оқиғалардың нәтижесінде бастапқы жинақталуы салыстырмалы түрде тиімсіз болса, онда жүйе жаңа жағдай қалыптасқанға дейін осындай тиімсіз оқиғаларды туындата береді. Дамып жатқан елдерде (оның ішінде Қазақстанда) саяси жүйенің шамадан тыс орталықтандырылуы мен қатаң «биліктің тік бағыты» көбіне қоғамдық бастамалар үшін кеңістікті тарылтып, халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерін жақсарту, экономикалық өсуді ынталандыру үшін әлеуметтік капиталды қолдану мүмкіндігін азайтады. «Төменнен жаңғырту» азаматтардың билік органдарына деген сенімнің және бұзылған құқықтарды қорғау жөніндегі ұжымдық немесе жеке күш-жігердің жағымды нәтижелер беруіне деген сенімділіктің болмауымен де тоқтап қалады. Сондықтан «әлсіз» институттары бар елдердегі қолайлы институционалдық күтулердің қалыптасуы үшін реформалаушылар үшін бірінші кезектегі міндет бір уақытта алға қойылған мақсаттан кері қарай тартатын әрекеттердің ынталандыруларын азайта отырып, институттардың жақсаруына мүдделі орта тап өкілдерін көбейту болуы тиіс.

Тарауда айтылғандардың негізінде келесі **қорытындылар** жасауға болады:

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының басты міндеті инновацияларды негізінде индустрияландыруды қамтамасыз етуден тұрады. Қазақстан экономикасының бір жақты, шикізаттық сипаты заманауи индустриялды әлеуетті қалыптастыруда ерекше тәсілдерді пайдалану қажеттігін негіздейді. Автордың пікірінше барынша қолайлы әдісі Қазақстанның индустриялық дамуының аралас үлгісі болуы тиіс. Көшбасшылық стратегиясынан да, сонымен бірге қуып жетуші стратегиядан да (Қазақстанда іс жүзінде іске асырылатын) ерекшеленеді. Оған тән негізгі белгілер: индустриялды-инновациялық үлгі аясында дамудың кейінгі индустриялық парадигмасы, селективтік сипат, тізбекке қосылған құнды кіргізу, жоғары технологиялардың шектелген бөліктерінің төменгі технологиялық құрылыстармен үйлесімі, технологиялық баспалдақпен «сызықтық емес» жоғары көтерілу, 4-ші технологиялық құрылысты кеңейту және 6-шы технологиялық құрылыс негіздерінің пайда болуы.

Қазақстанның индустриялық даму болашағы ең алдымен, технологиялық дамумен және өнеркәсіптегі құрылымдық қайта құрулармен байланысты. Құрылымдық қайта құруларға мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясат әдістері ықпал етеді. Шикізаттық және қайта өңдеуші салалардың арақатынасындағы теңсіздіктерді жою және өндірістің дамушы құрылысын қалыптастыру экономиканың шикізаттық құрылымынан кейінгі индустриялық құрылымына өтуге алып келуі тиіс.

Қазақстанның көптеген жылдар бойы экономикалық дамуы елдің жер қойнауынан табиғи ресурстарды өндіру мен қазып алуға тәуелді болып келеді. Өндірістік саланың жеткіліксіз дамымауы кезінде қорлардың таусылуы уақыт өте келе экономикалық өсудің құлдырауына алып келері сөзсіз. Осындай себеппен қазіргі уақытта Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірістің теңдестірілген дамуы бірінші кезектегі мәнге ие. Ел экономикасының дамуының индустриялық-инновациялық үлгісіне өту қажеттілігі өнеркәсіптегі инвестициялық саясаттың тиімділігі мәселесімен өзектенеді. Оны іске асырудың маңызды бағыттары инвестицияларды тартуды ынталандыру, инвестицияларды тарту саласындағы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік инвестициялау жүйесін қайта құру, инвестициялық нарықты дамыту, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту және мемлекеттік кәсіпорындардағы шаруашылық жүргізудің ұйымдық нысандарын жетілдіру болып табылады. Аталған бағыттарды іске асыру кәсіпорындардың өндірістік-технологиялық базасын жаңғыртуға ықпал ететін, елдің өнеркәсіп саласына салынатын инвестициялық түсімдерді арттыруға, өндірістік үдерістердің тиімділігін арттыруға және өнеркәсіп өндірісінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа инвестициялық жобалар жасалатын салаларды әртараптандыруға қарамастан, мұнай газ саласы экономиканың негізі болып қалады. Алайда, мұнай газ саласынан елге түсетін кірістердің көлемі ерекше тұрақсыз және болжауға келмейтін болады және ұзақ мерзімді экономикалық өсудің негізі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл еңбекте табиғи ресурстардың Қазақстанның индустриялық-инновациялық және әлеуметтік-инновациялық дамуына әсер ететіндігіне қатысты жүргізілген зерттеу Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен оның табиғи ресурстарының арасында теріс сипаттағы байланыстың бар екендігін көрсетті.

Демек, Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен табиғи ресурстардың молшылығы арасындағы теріс сипаттағы байланыстың себебін, ең алдымен, институционалдық ортаның сапасынан іздеу қажет.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҮДЕТУДЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мәселелерін іс жүзінде шешу үшін «табиғи ресурстардың қарғысы» тұжырымдамасының мәнін бағалау

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мәселелерін іс жүзінде шешу үшін «табиғи ресурстардың қарғысы» тұжырымдамасының мәнін бағалау үшін Қазақстанда «табиғи ресурстардың қарғысы» факторларының болуын қарастыру қажет. Жалпы «табиғи ресурстардың қарғысы» факторлары және олардың салдарлары 19-кестеде берілген.

Кесте 19 – «Табиғи ресурстардың қарғысы» факторлары және олардың салдарлары

«Табиғи ресурстардың қарғысы» факторлары	Туындау себептері	Салдарлары
1	2	3
Рента үшін күрес	Нарықтың жетілмеуі. Меншік құқықтарын нақты айқындамау және оларды нашар қолдау. Институттар мен мемлекеттің әлсіз болуы	Ұлттық валюта бағамының өсуінен ұлттық экономика салаларының протекционизмі және соның нәтижесі ретінде сауда көлемінің және экономиканың ашықтық деңгейінің төмендеуі импорттың төмендеуі, құрылымдық тепе-теңсіздіктердің сақталуы және экономикалық даму қарқынының төмендеуі есебінен ұлттық валюта әрі қарай қымбаттауы мүмкін.
Нақты айырбастау бағамын бекіту	Экспорттық кірістердің өсуі елге шетел валютасының қосымша ағымын қамтамасыз етеді	Ұлттық валютаның номиналды бағамының өсуімен айырбастау бағамының нақты нығаюы жүреді.
Индустриясыздандыру	Ресурстық серпіліс өндіріс факторларын өңдеуші сектордан ресурстық секторға «тартып апаруға» ықпал етеді	Өндірістің сектор үшін жағдайлардың нашарлауы және оның қысқаруы, бәсеке қабілеттіліктен айырылу

19-кестенің жалғасы

1	2	3
Білім мен адами капиталдың кері кетуі	Табиғи ресурстарды пайдаланудан алынған кірістің басым бөлігі жалақымен байланысты емес. Өндіруші салалар – ғылымды қажетсінбейді және біліктілігі жоғары жұмыс күші қажет етпейді. Өндіруші салада жұмыс істейтін жұмыс күші аса мамандандырылған және басқа салаларда пайдаланылмайды	Білім деңгейі мен сыйақы беру деңгейінің арасында қатаң байланыс жоқ, бұл адами капиталға инвестициялар салу стимулын төмендетеді. Өндіруші салалар өзінің ерекшелігіне байланысты ғылыми зерттеулердің жүргізілуіне мүдделі емес. Жұмыс күші мен капиталдың осындай ерекшелігі сектордан секторға ресурстардың еркін өтуіне шектеулер қояды және оларды бөлудің тиімділігін төмендетеді.
Саяси кемшіліктер	Табиғи ресурстармен жоғары деңгейде қамтамасыз етушілік экономикалық саясатты жүргізудегі «салғырттықты» тудыруы мүмкін, ал табиғи ресурстарға кедей елдер мұндай молшылықты пайдалана алмайды.	Экономикалық өсудің баяулауы
Ескерту – автор құрастырған		

Осыдан кейін Қазақстан Республикасында «табиғи ресурстар қарғысының» жекелеген түрлерінің пайда болуын қарастырған дұрыс.

Институттардың әлсіздігі

Қазақстандағы интитуционалды ортаны талдау негізін Дүниежүзілік Банк WGI (Worldwide Governance Indicators) деректерінің базасы құрайды. Әр индекс -2.5-тен 2.5-ға дейінгі мәнді қабылдай алады. Қазақстандағы жағдайды талдау үшін, келесі деректерді пайдалануға болады (кесте 20).

Кесте 20 - Қазақстандағы интитуционалды ортаны талдау

Көрсеткіштер	Қазақстан			Басқа елдер (салыстыру үшін)					
				Ресей			Норвегия		
	2002	2007	2012	2002	2007	2012	2002	2007	2012
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

20-кестенің жалғасы


1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Мемлекеттік басқару органдарының тиімділігі бойынша	-0.92	-0.56	-0.44	-0.34	-0.38	-0.43	1.90	2.03	1.89
Реттеуші институттардың сапа көрсеткіші бойынша	-0.73	-0.35	-0.39	-0.26	-0.29	-0.36	1.23	1.33	1.53
Құқықтық институттардың сапа көрсеткіші бойынша	-1.12	-0.87	-0.66	-0.87	-0.95	-0.82	1.84	1.92	1.95
Сыбайлас жемқорлықты бақылау тиімділігінің көрсеткіші бойынша	-1.06	-0.91	-0.88	-0.92	-0.95	-1.01	2.22	1.96	2.24
Ескерту - дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [119]									

20-кестенің деректері сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі атап өтілетін Норвегиямен салыстырғанда, Қазақстандағы негізделген реттеуші бюрократия, шешімдер қабылдау жүйесіндегі мөлдір теңестіруші күштердің, институционалды ортаның көрсеткіштері едәуір төмен екенін көрсетеді, мұның өзі еліміздегі институттардың әлсіз екенін білдіреді.

Нақты айырбастау бағамын нығайту

Шикізат экспортының өсуі елімізге шетел валютасының ағылып келуіне соқтырады. Ішкі шығындарды төлеу үшін, экспортшылар шетел валютасын сатады, мұның өзі ұлттық валютаның қымбаттауына әкеледі. Ұлттық валютаның нақты бағамы өскен сайын, экономиканың барлық салаларында шығындар ұлғая түседі. Ресурстық секторлар ұлттық валюта бағамының өсуінің үлкен тиімділігі (үлкен «беріктік қоры») есебінен валюта бағамының өзгеруіне аз дәрежеде мән береді. Өңдеуші салалар ұлттық валюта бағамының өзгерістеріне барынша сезімтал болып келеді, ол ұлғайған жағдайда едәуір арзан импорттың өсу пайдасына қарай бәсекелестік қабілетін жоғалтады.


Теңгенің орташа сараланған айырбастау бағамы 2012 жылы АҚШ долларына 149,08 теңгені құрады. 2012 жылы номиналдық мәнде теңге АҚШ долларына қатысты 1,58%-ға әлсіреді. 2012 жылы теңгенің еуроға ресми бағамы 3,73%-ға, ресей рубліне қатысты 7,16%-ға әлсіреді (Сурет 28).



Сурет 28 - Теңгенің ҚШ долларына, еуро мен ресей рубліне бағамының динамикасы, алдыңғы жылға %-да

Ескерту - дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [120]

2012 жылдың соңында нақты тиімді айырбастау бағамының индексі (бұдан әрі – ШТАБ индексі) 2000 жылғы желтоқсандағы бәсекеге қабілеттіліктің базалық деңгейінен 12,0%-ға жоғары болды. Мұнда 2011 жылғы желтоқсандағы деңгейге қатысты нығайту 0,1%-ды құрады. 2012 жылы ТМД елдерінің валюта себетіне есептелген ШТАБ индексінің төмендеуі 3,3%-ды құрады, ал қалған елдердің валюталарына қатысты теңге 1,2%-ға бекітілді нығайтылды (сурет 29).



Сурет 29 - Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері, 2000 жылғы желтоқсан = 100%

Ескерту - дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [120]

Мұнай бағасының жоғарылауымен байланысты республикаға шетел валютасының артық мөлшерінің ағылып келуі теңгенің нақты бағамының нығая түсуіне себеп болды.

Теңгенің ШТАБ-ы (Нақты Тиімді Айырбастау Бағамы) сондай-ақ сатылмайтын тауарлар бағасының өсуінен нығаяуы мүмкін екенін атап өткен жөн, мұның себебі ресурстық сектордағы еңбекақының өсуі және қалған басқа секторлар арасындағы еңбекақыны теңестіру нәтижесі болып табылады.

Ресурстық сектордағы еңбекақының өсуі

Қазақстанда орташа айлық еңбекақы 2012 жылы 101 мың теңгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда, 12,5%-ға ұлғайды (сурет 30).




Сурет 30 - Қазақстандағы орташа айлық еңбекақы

Ескерту - дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [121]

Ресурстық секторға инвестициялардың ағылып келуі бұл секторда еңбекақының өсуіне әкелді. Еңбек нарығында еңбекақы теңсіздігі орнықты, мұның өзі экономиканың өндірістік секторы мен мемлекеттің өз қызметкерлерінің еңбекақысын аттыруға мәжбүрледі.

Мәселен, Қазақстанның тау-кен өндірісі өнеркәсібі жұмыскерлерінің орташа айлық нақты еңбекақысы 2012 жылы 178 мың теңгені, 2011 жылы – 169 мың теңгені, 2010 жылы – 148 мың теңгені құрады. Өңдеуші өнеркәсіпте: 2012 жылы 103 мың теңгені, 2011 жылы – 90 мың теңгені, 2010 жылы – 78 мың теңгені [121] (сурет 31) құрады. Сөйтіп, тау-кен өндірісі өнеркәсібіндегі орташа нақты еңбекақының абсолюттік көрсеткішінің өсу қарқыны 2010 жылмен салыстырғанда 2012 жылы 23%-ды, өңдеуші өнеркәсіпте 32%-ды құрады.



Сурет 31- Ресурстық сектордағы орташа айлық нақты еңбекақының өсуі, %


Ескерту - дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [121]

Ресурстық сектор мен бюджеттік сектор арасындағы еңбекақы теңсіздігін азайту үшін, мемлекет бюджет саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын үнемі арттырып келеді.

Деиндустрияландыру

Қазақстанға қатысты «абсолюттік деиндустрияландыруды» (өндеуші өнеркәсіптің теріс өсімі) емес, «салыстырмалы деиндустрияландырылуын» (қызмет көрсету секторына қатысты өндірістік сектордың үлес салмағының азаюын) атап өтуге болады.

Алғашқы көзге түсетін белгілерін ЖІӨ-нің өзгеру динамикасынан көруге болады, ол өндірістің агрегацияланған көрсеткіші бола отырып, өзінің құрылымдық тұрғысынан елдегі барлық резиденттердің өндірістік қызметінің нәтижесін көрсетеді (32-сурет).



Сурет 32 - 1990 – 2012 жылдардағы Қазақстанның ЖІӨ құрылымы

Ескерту – дереккөз мәліметтері негізінде автор құрастырған [121]

1998 жылға дейінгі деректер Халық шаруашылығы салаларының жалпы жіктеуішіне (ХІШСЖЖ) сәйкес, 1998-2008 жылдардағы деректер Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес, 2009 жылдан бастап ЭҚЖЖ өзгерді.

50%-дан асатын «қызмет көрсету» сегментінің тым жоғары үлесі сатылмайтын, яғни сыртқы нарыққа шығарылмайтын тауарлар мен қызметтер өндіретін секторлардың дамуын растайды. Бұл «голланд ауруына» тән белгі болып табылады.

Қазақстанға «голланд ауруының» келесі симптомдары тән екенін атап көрсету қажет:

1. Көмірсутегі шикізаты кен орындарын әзірлеу кезінде, еліміз маңызды табыс тапты және табуын жалғастырып келеді, мұның өзі 2001-2012 жылдары ЖІӨ-нің жыл сайын орта есеппен 8,3%-ға өсуі негізгі факторлардың бірі болып келеді. Сонымен қатар мұнайгаз секторы жұмыскерлерінің табыс деңгейі өсті және халықтың төлем қабілеті арта түсті. Өңдеуші салалардың даму қарқыны халық табысының өсу қарқынынан біршама қалып қойғандықтан, экспортталатын шикізатқа айырбастауға болмайтын сатылмайтын тауарларға деген артық сұраныс пайда болды. Артық сұранысқа жауап ретінде қызмет көрсету және құрылыс секторы өнім ұсынысының арта түсуіне мән беріп, сәйкес ретте басқа салалардан жұмысшылардың, негізінен, өңдеуші салалардан босаған жұмысшылардың ағылып келуіне себеп болды.

2. Мемлекеттің мұнай табыстарын толық алып, оны азаматтар арасында әділетті бөліске салған күннің өзінде, өнімге сұраныс пен ұсыныстың өңірлік теңгерімсіздігі пайда болуы мүмкін. Өйткені, жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстанда қызмет көрсететін және тасымалдауға жарамайтын өнім түрлерін шығаратын салалар қарқынды дамығандықтан, сатылмайтын тауарларға деген

сұраныстың өсуі оларға деген бағаның өсуіне алып келді, бұл жағдайда сатылатын тауар шығару қысқара түсті.

3. Сатылатын өнім өндірісі мен өңдеуші салалардағы жұмыспен қамтылуды тұрақты қысқарту өңдеуші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың шығынға батуы мен банкроттылығының пайда болуын білдіреді. Мұның өзі құрылымдық жұмыссыздыққа, халық табысының азаюы мен басқа да әлеуметтік мәселелерге әкеледі.

Қазақстанда мұнайгаз секторы өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда, шамадан тыс қарқынды дамып келеді. Мәселен, оның ЖІӨ-дегі үлесі 1991 жылы 1%-дан 2012 жылы 16,7%-ға дейін өсті, мұның өзі «голланд ауруына» алғышарт жасайды. Шикізат секторының даму үрдісі, мұнай және газ өндіруші компаниялардың өңдеуші сала кәсіпорындарының макроэкономикалық факторларына, сондай-ақ микроэкономикалық факторларына әсер ету ауқымдарының сипаты көмірсутегілерді өндіруді, әсіресе, Каспий теңізінің қазақстандық секторында өндіруді ұлғайту экономиканың даму «локомотиві» болып табылады деген тұжырымдамалардан бас тартуға нақты негіздер береді. Қайраң кен орындарындағы мұнай өндіру жылына 150 млн тоннаға дейін және одан жоғары өсуі өңдеуші салалардың дамуына маңызды кедергі жасап, «голланд ауруын» созылмалы формаға әкеледі.

«Голланд ауруы» қауіптерінің бірі шикізат секторының шамадан тыс өсуі Қазақстанның технологиялық артта қалуының консервациясына әкелу мүмкіндігінен көрінеді, өнеркәсіптің өңдеуші салаларының рентабельдігін төмендетеді және оларды шикізат салаларына арналған инвестициялық тауарлар өндірісіне бағыттайды. Тау-кен өндіретін компаниялар, әдетте, өңдеуші саладағы компанияларға қарағанда, ғылыми сыйымдылығы аз болып келеді және жоғары білікті жұмыс күшінің мол санын қажет етпейді.

Сонымен қатар жоғары табыстылығына орай мұнайгаз секторы экономика ресурстарының маңызды көлемін иеленіп отыр, сәйкес ретте өнеркәсіптің өңдеуші салаларын дамыту үшін ресурстар жеткіліксіздігін құрайды. Әсіресе, мұнай өндіретін компаниялар басқа салалардан және қызмет бағыттарынан жоғары білікті мамандарды өздеріне оңай баулып алады.

Білім мен адам капиталының құлдырауы


Соңғы 5-20 жылда қазақстандық білім беру жүйесінің тұрақты құлдырау үрдісі байқалып келеді.

Нарыққа өту барысында отандық өнеркәсіп құрылымында айқын регрессивтік жылжулар байқалды, оның бағыты экономикалық өсім кезеңінде де сақтап қалынды. Шикізат салаларында жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағын ұлғайтқанда (1990 жылы 14,7%-дан 1998 жылы 24,6%-ға және 2012 жылы 28,7%-ға дейін), алғашқы кезекте ҒТП материалданатын салалар, атап айтқанда, машинажасау (1990 жылы 37,5%-дан 1998 жылы 31,4%-ға және 2012 жылы 19,7%-ға дейін) және өнімдері түпкі қажеттіліктерді тікелей қанағаттандыру үшін пайдаланылатын жеңіл өнеркәсіп салаларының үлесі (1990 жылы 11,3 %-дан 1998 жылы 5,2%-ға және 2012 жылы 3,8%-ға дейін) [121] қысқара түсті.

Мұнда өндіруші сала мен қызмет көрсету өндірісінде өсу есебінен өңдеуші секторда жұмыспен қамтылғандардың үлесі қысқара түсті. Экономикалық өсім сапасын қамтамасыз ететін материалдық емес өндіріс салаларындағы жұмыспен қамтылу (жаңа білімдердің жинақталуымен және адам капиталының жинақталуымен байланысты) тұрақты қысқара түсті. Экономиканың секторлық құрылымындағы оң жылжулар жұмыспен қамтуды оңайлатумен байланысты. Соңғысы аграрлық және өнеркәсіптік еңбекті деиндустрияландырудан, сауда көлемін ұлғайтудан және халыққа қарапайым қызметтер көрсетуден көрінеді.

Сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары, оны сыбайлас жемқорлықпен күресумен айналысатын Transparency International (TI) ірі халықаралық ұйымының зерттеулері дәлелдейді. Оның деректері бойынша, Қазақстан 2012 жылы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perceptions Index. CPI) бойынша 174 елдің ішінен 133 орынға ие болды. 33-суретте Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша деректер ұсынылған.



Сурет 33 - 1999 – 2012 жж. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

Ескерту – дереккөз мәліметтерінің негізінде автор құрастырған [121]

2005-2012 жылдары Қазақстан Республикасында 11089 сыбайлас жемқорлық қылмысы анықталды. Мұндай қылмыстың статистикалық деректері туралы айтатын болсақ, 2005 ж. мұндай қылмыстар саны – 1505-ті құраса, 2011 ж. нәтижелер бойынша – 1911-ді құрады, яғни 27%-ға ұлғайды. Қаржы полициясының деректері бойынша, 1 828 сыбайлас жемқорлық анықталды, оның ішінде паракорлық фактілері бойынша – 483; сеніп тапсырылған өзгенің мүлкін иелену немесе ысырап ету – 380; лауазымдық өкілеттіктерін асыра

пайдалану – 389; қызметтік өтірік – 368; билік пен лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану – 21; алаяқтықпен байланысты – 158 [122].

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген деректер Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың өз позициясын нығайта түскенін растап отыр.

Саяси кемшіліктер

Ұлттық экономикада «табиғи ресурстардың қарғысы» экономиканы құрылымдық қайта құру үдерісінің тежелуінен және бұл мақсатқа арналған қаражаттың тиімді бөлінбеуінен көрінеді.

Сөйтіп, «табиғи ресурстардың қарғысы» факторын (19-кесте) Қазақстанға қатысты ретте қарастыратын болсақ, онда олардың нақты болуын анықтауға болады.

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы [123] қабылданғанымен, өткен жылдар Қазақстан экономикасында «табиғи ресурстардың қарғысы» белгілері айқын байқалып отырғанын көрсетеді. Ғылыми сыйымды өндірістерді дамытуға бағытталған инновациялық сала мүлдем құрылған жоқ, оның ЖІӨ-дегі үлесі өте төмен және жеке өндірісті дамытуға ықпал ете алмайды. Мұнай секторы және онымен байланысты өндірістердің айқын дамуы, сондай-ақ бұл салаға жұмысшылардың көптеп ағылуы байқалады. Аталған салалардың одан әрі дамуы бүкіл экономикаға жақсы әсер ете қоймайды.

«Табиғи ресурстардың қарғысы» тақырыбын әзірлейтін экономистер аталған мәселенің алдын алудың екі құралын ұсынды. Оларға тұрақтандырушы қорлар жасау мен қоғамдық институттарды дамыту жатады.

Қазақстанда мақсаты республикалық бюджеттің әлемдік баға конъюктурасына тәуелділігін азайту және болашақ ұрпақ үшін мемлекеттік қорды қалыптастыру болып табылатын Ұлттық Қор құрылды. Қордың табыс бөлігін қалыптастыру мұнай сатудан түскен тікелей салықтар, сондай-ақ мұнай секторымен байланысты басқа да операциялар есебінен іске асырылады, мұның өзі Ұлттық қор түсімін арттыруы тиіс. Ұлттық Қордың шығындарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен қабылданатын даму бағдарламаларына арналған трансферттер құрайды. Қор қызметі үшін барлық жағдайлар жасалғанымен, бұл Қордың қызмет атқаруында айқындылық жоқ, қоғам мұнай сатылымының көлемі, салықтары Қорға келіп түсетін компаниялар тізбесі туралы ақпаратқа ие емес, сондай-ақ Қор шығындары мен Қорға тартылған инвестициялардың қызметі туралы ақпарат та жоқ. Сөйтіп, мұндай қор құру ресурстық тәуелсіздік мәселесін шеше алмайды.

Қоғамдық институттарды дамыту екінші құрал болып табылады. Экономиканы өз мақсаттарында пайдалауға ұмтылушы саяси күштер елдің қоғамдық дамуына да, оның саяси имиджіне де зиян келтіріп отыр.

Елдегі шикізат ресурстарын басқарудың екі тәсілі бар. Біріншісі – бұл шикі түрдегі экспорт, екіншісі – өз мемлекетінің аумағында терең қайта өңдеу. Мұндай тәжірибе дамыған елдерде пайдаланылып келеді: АҚШ пен Норвегияда. Норвегияда болашақта мұнай өндірісін қысқартуға қабілетті ғылыми сыйымды өндірістік кешендерді әзірлеу жұмысы белсенді атқарылып келеді. Мұндай зерттеулер өндіруші өнеркәсіптің орнына болашағы зор

өндірістер құруға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін мұндай тәжірибе өте қажет болып отыр, өйткені Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша, мұнай өндіру 2020 жылға қарай маңызды түрде азаятын болады. Сондықтан қазіргі таңда экономика дамуының ресурс сатушыдан ресурс сақтаушыға айналу басымдығын қайта қараудың маңызы зор. Бұл үшін жалпы мемлекеттік бағдарламаларды қайта қарастырып, қоғамдық институттарды дамыту және Ұлттық қордың ашықтығын кеңейту қажет.

3.2 Жаһандық дағдарыс жағдайында қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуының әдістемелік аспектілері

Қазақстан экономикасының индустриялық-экономикалық даму міндеті қазіргі таңда Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы (бұдан әрі – ИИДС) аясында іске асырылады.


ИИДС-тің негізгі мақсаты экономика салаларын диверсификациялау және шикізаттық даму бағытынан қайта өңдеуші бағытқа көшу арқылы еліміздің тұрақты дамуына қол жеткізу болып табылады.

ИИДС-ті жүзеге асыру аясында өзара толықтыратын және қиысатын шаралардың тұтас кешені қолға алынған: даму институттарын, арнайы экономикалық аймақтарды құру, кластерлік бастама, «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы, Алматы қаласында Өңірлік қаржы орталығын құру.

Қазіргі таңда ИИДС-тің үшінші кезеңі (2011 – 2015 жж.) іске асырылып келеді, бұл кезеңде ұйымдастырушылық шаралардың бүкіл кешенін жолға қою, өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілетті өнімін дамыту саласындағы жұмыстарды жеделдету жоспарланып отыр.

Атап өтерлік жайт, ИИДС міндеттерін іске асыру барысында маңызды кемшілік байқалады – ИИДС-тің экономикалық тиімділігі кейінгі қатарға қойылады. Басқаша айтқанда, мемлекет экономиканың акцепторлық шағын жүйелері үшін экономикалық донорға айналады, яғни қазақстан экономикасының индустриялық-экономикалық дамуына тартылған инвестициялар қайтымсыз экономикалық ресурс ретінде қарастырылады, мұның өзі ұлттық экономиканың қазіргі даму жағдайында мүлдем дұрыс болып табылмайды.


Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму негізі ретінде бағдарламалық-мақсатты әдісті тандап ала отырып, автор қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына тартылған инвестицияларды қайтарымды ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін моделді ұсынады. 4-суретте қазақстан экономикасының индустриялық-экономикалық дамуының бағдарламалық-мақсатты әдісі аясында ИИДС-ді қамтамасыз етуге қажетті экономикалық ресурстар айналымының моделі ұсынылған (сурет 34).



Сурет 34 - Қазақстан экономикасының индустриялық-экономикалық дамуының бағдарламалық-мақсатты әдісі аясында ИИДС-ді қамтамасыз етуге қажетті экономикалық ресурстар айналымының моделі

Ескерту – автор құрастырған

Бұл әдістің математикалық рәсімделуі 35-суретте көрсетілген.



Сурет 35 – Қазақстан экономикасының индустриялық-экономикалық дамуының бағдарламалық-мақсатты әдісі аясында ИИДС-ді қамтамасыз етуге қажетті экономикалық ресурстар айналымының математикалық рәсімделуінің матрицасы

Ескерту - автор құрастырған

Бұл матрицада келесі таңбалар қарастырылған:

$$\sum_{j=1}^N X_i^j - x \text{ ресурстар құрылымына кіру,}$$

I – ИИДС j іске асыру үшін кезеңдегі t инвестицияланатын қаражат көлемі

P – ИИДС аясында іске асырылатын бағдарламалық іс-шаралар саны,

T – ИИДС-те көзделген іс-шараларды орындау мерзімдері.

$$\sum_{t=1}^T X_{ij}^t(b) - \text{ИИДС-ті іске асыру үшін инвестицияланған республикалық}$$

бюджеттің инвестицияланатын ресурстар көлемі, $\sum_{t=1}^T X_{ij}^t(a) = \sum_{t=1}^T X_{ij}^t(b)$ жағдайында a кезеңде b ресурстардың бөлінісі

$\sum_{i=1}^T b_t - \sum_{i=1}^T b_t = \sum_{i=1}^T a_t$ жағдайында a кезеңде b ресурстардың ИИДС-ті іске асыру үшін тартылған басқа да қаражаттар көлемі

$\sum_{i=1}^T C_{ij}^T$ – ИИДС-ті іске асырудың жиынтық әсері,

$\sum_{i=1}^T E_{ij}^t$ – ИИДС j -ді іске асырудан кейінгі ресурстар шығысы (қалдық)

ИИДС (E_c)-тің тиімділігін сипаттайтын математикалық модель келесі формуламен сипатталуы мүмкін:

$$E_c = \frac{\sum_{i=1}^T C_{ij}^T}{\sum_{j=1}^N X_i^j - \sum_{i=1}^T E_{ij}^t} \quad (5)$$

Егер E_c көрсеткіші бірліктен көп болса, онда ИИДС-ті тиімді деп, егер бұл көрсеткіш бірліктен кем болса, онда ИИДС алдына қойылған міндеттерді шешкен жоқ деп тануға болады.

Басқаша айтқанда, ИИДС мемлекетке көзге түсетіндей экономикалық тиімділік әкелуі тиіс.

Өнеркәсіпті қайта құрылымдау талпыныстарына қарамай (ИИДС), үкімет оның құрылымындағы тау-кен өндірісі салаларының үлесін инерциялық ұлғайту үрдісін өзгерте алмады. Шамасы, бұл онша мазаландырмаса керек, өйткені ресми мәлімдеме бойынша Қашаған кен орнының жобалық қуаттылығын енгізе отырып, ЖІӨ-нің 6 пайыздық өсіміне қол жеткізуге болады [124]. Атап айтқанда, экономиканың дамуына емес, оның өсуіне нақты бағытталу өнеркәсіпте ғана емес, сондай-ақ жалпы экономикада құрылымдық үдерістердің инерциялығымен байланысты болады.

Сөйтіп, қазіргі таңда Қазақстанда экономиканың шикізатқа мамандануын орнықтыратын инерциялық индустрияландыру байқалады.

Қазақстанның 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау деректеріне негізінде автор орындаған есептеулер кезең соңына қарай тау-кен өндірісі мен өңдеуші өнеркәсіптің үлесі сәйкес ретте 60% және 34%-ды құрайтынын көрсетіп отыр [125]. Бұл дегеніміз, үкімет 2012 жылдың деңгейіне қарай тау-кен өндірісі саласы 4%-ға азаяды деп, керісінше өңдеу саласының үлесі 3,5%-ға ұлғаяды деп болжап отыр. Автордың болжауынша, оң өзгерістер бола қоймайды, керісінше өнеркәсіптің дамуында инерциялық жағдай сақталады.

Үкімет Индустрияландыру картасына үлкен үміт артып отыр, аталған карта аясында Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың 2,5 жылы ішінде ресми деректер бойынша 389 жоба іске қосылған, оларды іске асыруға 1,8 трлн. теңге инвестицияланып, 90 мың жұмыс орны құрылды [126]. Сонымен қатар, өнеркәсіптің дамуына Индустрияландыру картасының салымы туралы әлі күнге сенімді және ашық

ақпарат жоқ. Автордың есептеулері көрсеткендей, 2011 жылғы өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінде Индустрияландыру картасы нысандарының үлесі 3%-дан асқан жоқ, 2012 жылдың қорытындысы бойынша бұл сан тау-кен өндірісі өнеркәсібі нысандарының кішігірім мөлшерінің үлесі есебінен 4%-ға жетуі мүмкін.

Индустрияландыру инерциялығының көптеген себептері бар, бірақ олардың арасында, автордың пікірінше, келесі мәселелер ерекше маңызды рөл атқарады.

1. Кеңес дәуірінің тарихи мұрасы. Кеңестік Қазақстанның экономикасы, көбіне, аграрлық әрі шикізаттық сипатта болды. Өндеуші өнеркәсіптің кәсіпорындары барлық 15 республиканың көптеген кәсіпорындарын бірыңғай кешенге ұластыратын технологиялық тізбек буындары болып табылды. 1990 ж. өнеркәсіп үлесі ЖІӨ-нің небары 20,5%-ын құраса, ал өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы мұнайгаз секторының үлесі әрең дегенде 2,6%-ға жетті [127].

2000 жылдан бастап посткеңестік кеңістік бөлігінде ЕурАзЭҚ сияқты интеграциялық жоба іске асырылып келеді, бұл аяда Кедендік одақ (КО) пен Бірыңғай экономикалық қауымдастық (БЭҚ) қалыптасуда. КО бірыңғай кедендік тариф және үшінші елдермен сауданы реттеудің басқа да бірыңғай шаралары қолданылатын бірыңғай кедендік аумақ құру мақсатында қалыптасады. Басқаша айтқанда, КО – ЕурАзЭҚ-қа қатысушы жекелеген елдердің сауда-экономикалық интеграциялану формасы. Бірыңғай экономикалық кеңістікке келетін болсақ, оның мақсаттары едәуір кең әрі қатысушы-елдердің экономикалық саясатына әсер етеді. БЭҚ аумағында нарықтық қағидаларға және үйлестірілген құқықтық нормаларды қолдануға негізделген экономиканы реттеудің бір типті тетіктері қызмет атқаратын болады, сондай-ақ тауарлар, қызметтер, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін келісілген экономикалық саясат жүргізіледі деп жоспарлануда.

2. 1990 жылдардағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру салдарлары. 1996 ж. басында мемлекеттік меншікті жекешелендірудің екінші кезеңінің нәтижесінде орта кәсіпорындардың 78,7%-ы толық немесе ішінара жекешелендірілді, жалпы алғанда, 3 жылға жетпейтін уақыт ішінде орта кәсіпорындар мүлкінің 61,4%-ы жеке қолдарға өтті [128]. Соңынан кейбір жекешелендірілген кәсіпорындар экономиканың субъекті ретінде өмір сүруін тоқтатты.

3. Қазақстаннан тыс жерлерде экономикалық шешімдер қабылдау орталықтарын жергіліктендіру. Бұл басқару жүйесіндегі стратегиялық позициялар резидент еместердің қолында дегенді білдіретін ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды жекешелендіру салдарларының бірі. Басқаша айтқанда, шаруашылық шешімдерді қабылдау Қазақстаннан тыс жерлерде орналасқан штаб-пәтерлерде іске асырылады. Мәселен, ЖІӨ-нің 16%-ын құрайтын тау-кен өндірісі өнеркәсібі мен металлургия бойынша ірі компанияларының басым көпшілігі ТҰК бөлімшелері болып табылады немесе резидент еместердің ұзақ мерзімді концессиясында тұрады немесе акциялардың бақылау пакеті шетел мемлекеттерінің азаматтарына тиесілі. Аталған компаниялардың топ-

менеджерлері мен меншік иелерінің экономикалық мүдделері, әдетте, Қазақстанның ұзақ мерзімді мақсаттарымен сәйкес келмейтіндіктен, олардың шешімдері өнеркәсіп құрылымына теріс әсер етеді.

4. Нарықтық институттар мен инфрақұрылымдардың, алғашқы кезекте, қаржы, инжинирингтік және консалтингтік құрылымдардың дамымауы. Инфрақұрылымның болмауы технологиялардың ендірілуін, ақпарат алмасуды, компанияларды қайта құрылымдауды және олардың жалпы дамуын кешіктіреді. Мұның өзі үкіметтің кластерлік саясатының сәтсіздікке ұшырау себептерінің біріне айналды.

5. Инвестицияларға арналған тау-кен өндірісі өнеркәсібінің жоғары тартымдылығы. 1993 – 2011 жж. ішінде Қазақстан тау-кен өндірісі өнеркәсібіне тартылған тікелей шетелдік инвестициялар сомасы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміне шаққанда \$82,8 млрд-ты немесе 31,4%-ды құрады; оның ішінде \$71,1 млрд. – мұнай мен табиғи газ өндіруге тартылған инвестициялар [93]. Егер аталған сомаларға көлемі \$97,3 млрд-тан асатын геологиялық барлау мен ізденістер жүргізу қызметіне тартылған тікелей шетелдік инвестицияларды қосатын болсақ, тау-кен өндірісі өнеркәсібіне тартылған инвестициялардың жалпы көлемі \$180,1 млрд-қа (немесе 67,9%-ға) жетеді. Шикізат секторына салынатын тікелей шетелдік инвестициялар ұлғайып келеді. Аталған кезеңде өңдеуші өнеркәсіпке тартылған инвестициялар \$26,2 млрд-ты (немесе 9,9%-ды) құрды, оның ішінде \$18,7 млрд. металлургияға тартылды [93]. Шетелдік инвесторлар экономикалық себептерге орай өңдеу саласына баруға құлықсыз – жоғары капитал салымдары мен конъюктуралық тәуекелдер жағдайында табысы аз болып келеді. Шетел компаниялары Қазақстанның шикізат ресурстарын пайдалануға мүдделі, өйткені жоғары ренталық табыс таба алады (ресурстың нарықтық бағасы мен өндіру шығындары арасындағы айырмашылық).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан экономикасы мен өнеркәсібі қайта құрылымдауды қажет етеді деп қорытынды жасауға болады. Орасан зор инвестицияларды қажет ететін мұндай ауқымды міндет инновациялық, инвестициялық, сыртқы экономикалық, фискалды және ақша-несиелік саясаттың жүйелі шараларының көмегімен шешілуі мүмкін. Инерциялық индустрияландырудағы өзгеріс экономиканы қайта құрылымдау, ең алдымен, Қазақстанның ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық және саяси даму үрдістерінің басым көпшілігін анықтайтын бүкіл өнеркәсіпті құрылымдауға деген саяси ырық жағдайында ғана мүмкін болмақ.

Қазақстан өнеркәсібінің инновациялық дамуының жаңа тұжырымдамалық әдістерінің бірі - кластерлеу, бұл аяда билік, ғылым, білім мен бизнестің байланысы іске асырылады.

Мемлекеттік қолдау өнеркәсіптік кластердің толыққанды қызмет ету шарты болып табылады. Экономикасы жоғары деңгейде ырықтанған еуропалық елдердегі кластерлік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттің рөлі Қазақстандікінен ерекшеленеді (кесте 21).

Кесте 21 - Экономикасы жоғары деңгейде ырықтанған еуропалық елдер мен Қазақстанның кластерлік саясатындағы мемлекеттің рөлі


Қазақстан	Батыс елдері
Мемлекет кластердің пайда болуына жағдай жасайды және билік органдарының тиісті бастамаларына қолдау көрсетеді	Мемлекет кәсіпкерлер, университеттер мен бастамашыл топтар тарапынан «төменнен» бастаманы қолдайды
Мемлекет ғылым мен инновациялық әзірлемелерді, сондай-ақ жаңа өндірістің құрылуын да инвестициялай алады (тікелей және бірлесіп қаржыландыру жолымен)	Мемлекет ғылымды ғана және ішінара инфрақұрылымды инвестициялайды, қалған бағыттар бизнес тарапынан инвестицияланады
Мемлекет кластер құрамына кіру мүмкіндігіне ие әр түрлі кәсіпорындарға қатынасы бойынша таңдамалы саясат жүргізеді	Мемлекет барлық әлеуетті қатысушылар үшін бірдей құқықтық шарттар жасауға тырысады
Ескерту – автор құрастырған	

Қазақстан жағдайында өнеркәсіптік кластерді жасаудағы мемлекеттік қолдау көріністік қолдауды көздейді, мұнда жарғы капиталына жарна ретінде жеке зияткерлік, ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік нысандары мен басқа да мүлік нысандарын табыстай отырып, билік органдары құрылтайшылардың бірі бола алады.

Автордың пікірінше, қазақстан өнеркәсібін инновациялық дамыту мақсатында, өнеркәсіптің барлық салаларында трансреспубликалық кластерлерді құру қажет болып отыр.

Трансреспубликалық өнеркәсіптік кластерді жобалаудың ұсынылып отырған моделіне сәйкес, № 1 кәсіпорын трансреспубликалық ынтымақтастықтың өзіндік элементі болып табылуы және мұнда бүкіл өнеркәсіптік кластердің мүдделерін танытуы тиіс. Мысалы, Бәсекелестік қабілеті төмен бола отырып, бұл кәсіпорын кластер құрамында барлық кәсіпорындардың өндірістік қуаттылығын ескере отырып, алдыңғы орындардың бірін иелене алады, соған орай аталған орынды ол жалпы бүкіл кластерге қамтамасыз ете алады.

Автор трансреспубликалық интеграция аясында өнеркәсіптік өндірістің толық өмірлік циклын басқаруды қамтамасыз ететін трансреспубликалық өнеркәсіптік кластерлердің ұйымдастырушылық моделін ұсынды (36-сурет).



Сурет 36 - Транспубликалық өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастырудың ұйымдастырушылық моделі

Ескерту – автор құрастырған

Транспубликалық өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастырудың ұсынылған моделі транспубликалық интеграция аясында өнеркәсіптік өндірістің толық өмірлік циклын басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, мұның өзі өнеркәсіптік кластердің нарықтық позициясын кеңейту және жалпы Қазақстанда экономикалық өсімнің жеделдеу міндеттерін шешу үшін өнеркәсіптік өндірісті тиімді іске асыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Автордың пікірінше, өнеркәсіптік өндірісті кластерлік ұйымдастырудың синергетикалық әсер көрсеткішін, бұл көрсеткішке инновациялар саласындағы, әлеуметтік саладағы, жаңару саласындағы және бірлестіктің нарықтық позициялар саласындағы көшбасшылыққа қатысты деректерді қоса алғанда, транспубликалық өнеркәсіптік кластерлердің экономикалық-экологиялық көшбасшылық саласындағы өзгерістер сипаты бойынша бағалауға болады.

Осыған байланысты автор кластерлік бірлестіктер қызметіне қатысатын немесе ең болмағанда қатысуы тиіс және синергетикалық

әсерге қол жеткізу тұрғысынан олардың қызмет тиімділігін растауы тиіс өзгерістерді баллмен бағалау негізінде трансреспубликалық өнеркәсіптік кластерлер құрудың синергетикалық әсерін бағалауды ұсынады (кесте 22).

Кесте 22 - Өзгерістер динамикасын зерделеу негізінде өнеркәсіптік өндірісті кластерлік ұйымдастыруды енгізудің синергетикалық әсерін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі

Көшбасшылық	Өзгерістердің бағыттылығы	Өзгерістердің сипаты	Бағасы*		
			4	5	6
1	2	3	4	5	6
Экономикалық-экологиялық көшбасшылық	Өндірістің экономикалық тиімділік көрсеткіштеріндегі өзгерістер	Инновациялық өнеркәсіптік өнімді сатудан түскен табыс деңгейін арттыру	0,75	0,50	0,25
	Инвестициялық белсенділік көрсеткіштеріндегі өзгерістер	Инвестиция көлемін арттыру	0,75	0,50	0,25
	Өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі өзгерістер	Өнеркәсіптік өндірістің жаңа технологияларын енгізу	0,75	0,50	0,25
Инновациялық көшбасшылық	Жаңа өнеркәсіптік өнім әзірлеу	Инновациялық өнеркәсіптік өнім үлесін ұлғайту	0,75	0,50	0,25
	Жаңа технологиялық шешімдер әзірлеу	Өндірістік қуаттылықтарды жаңарту, өндірістік үдеріске жаңа технологияларды енгізу	0,75	0,50	0,25
	Өнеркәсіпті басқарудың жаңа ұйымдастырушылық-экономикалық формаларын әзірлеу	Басқару, контроллинг, маркетинг, логистика технологияларын жаңарту	0,75	0,50	0,25
Жаңаруға қабілеттілік	Кластерге жаңа қатысушыларды тарту есебінен жаңарту	Кластерге қатысушылар санын өзгеруі	0,75	0,50	0,25
	Жаңа стратегиялық басымдықтар есебінен жаңару	Стратегиялық жоспарлау жүйесіндегі өзгеріс	0,75	0,50	0,25
	Жаңа корпоративішілік қатынастар есебінен жаңару	Пайданы бөлу, кластер қатысушыларының мотивациясын ынталандыру жүйесіндегі өзгеріс	0,75	0,50	0,25

22-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Нарықтық көшбасшылық	Нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі	Нарықта қатысатын шетелдік және отандық өндірушілермен бәсекелесу қабілеті	0,75	0,50	0,25
	Ұлтық нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі	Қазақстан нарығында қатысатын шетелдік және отандық өндірушілермен бәсекелесу қабілеті	0,75	0,50	0,25
	Сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі	Әлемдік нарықтағы бәсекелесу қабілеті	0,75	0,50	0,25
Әлеуметтік көшбасшылық	Еңбекақы	Еңбекақы деңгейін саладағы және республикадағы орташа еңбекақыға қатынасын арттыру	0,75	0,50	0,25
	Бюджеттік сала	Бюджеттік аударымдар үлесін ұлғайту	0,75	0,50	0,25
	Әлеуметтік инфрақұрылым	Еңбек шарты, өндіріс қауіпсіздігі, персоналдың әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілу сипатындағы өзгерістер	0,75	0,50	0,25
Ескерту – автор құрастырған					

* 0,75 – өзгерістер оң динамикамен сипатталады;
0,50 – ашық айқын оң динамика жоқ, динамика оң әлсіз білдірілген сипатқа ие;
0,25 – өзгерістер теріс динамикаға ие.

Автор трансреспубликалық өнеркәсіптік кластерлер құру синергиясының коэффициентін (K_c) келесі формулалармен есептеуді ұсынады:

$$K_c = (\Sigma: N) \times K_o \quad (6)$$

$$K_o = \Sigma_o \cdot N_o \quad (7)$$

мұнда K_o – жаңару коэффициенті;

Σ – жалпы өзгерістерді сипаттайтын балл санының нақты жиынтығы;

Σ_o – жаңару үдерісін сипаттайтын балл санының нақты жиынтығы;

N – өзгерістер үдерісін сипаттайтын барынша ықтимал балл жиынтығы (9 балл);

N_0 – жаңару үдерісін сипаттайтын барынша ықтимал балл жиынтығы (2,25 балл).

Жаңару коэффициентін енгізу пайда болған түйткілді мәселелерге жауап ретінде трансреспубликалық өнеркәсіптік кластердің жалпы экономикалық, сондай-ақ корпоративтік өзіндік стратегиясын түзету мүмкіндігі тұрғысынан жөн болып табылады.

Трансреспубликалық өнеркәсіптік кластерлер құру өнеркәсіптік кәсіпорындардағы өнімділіктің өсуіне, олардың бәсекелестік қабілетінің артуына, халықаралық нарыққа шығуына, трансреспубликалық интеграция аясында нарықтың конъюктуралық өзгерістеріне бейімделуіне және әлеуметтік мәселелердің шешіміне маңызды әсер етеді.

3.3 Қазақстан Республикасының заманауи әлеуметтік-экономикалық даму сатысындағы қазақстандық экономиканы индустриялық-инновациялық дамытудың стратегиялық мақсаттары мен балама жолдары

Қазақстан экономикасының негізгі мәселелерінің бірі оның ресурстық секторының шамадан тыс дамуы болып табылады, ол бір уақытта қор құрайтын және тұтынушылар секторының артта қалуымен қатар жүреді. Бұл құрылымдық теңсіздіктің пайда болуына алып келеді. Теріс сипаттағы үрдісті түбегейлі өзгерту үшін экономика үшін едәуір болашағы бар салаларда жаңа өндірістік әлеуетті құруға бағытталған тұрақтандыру саясатын жүргізу қажет. Құрылымдық теңсіздікті жою мақсатында Қазақстан экономикасының ресурстық-бағытталған түрден инновациялық әлеуметтік-бағыттық даму түріне өтуі басым міндетке айналуы тиіс. Бұл елдің бәсекелестік әлеуетін халықаралық еңбек бөлінісіндегі оның салыстырмалы артықшылықтарын арттыра отырып, елдің бәсекелестік әлеуетін біршама кеңейтуге мүмкіндік береді.

Автор Қазақстан экономикасында бар салалық тепе-теңсіздіктерді біртіндеп жоюды қамтамасыз ететін Қазақстан үшін экономикалық өсудің үшсекторлы үлгісін, сондай-ақ Қазақстан экономикасының дамуының келешекке арналған сценарийін әзірлеуді ұсынады. Экономикалық өсудің үшсекторлы үлігісі В.А. Колемаев [129, 130] әзірлеген ашық үшсекторлы экономика үлгісінің базасында жасалған.

В.А. Колемаев экономикада үш секторды бөледі: 1) материалдық сектор (еңбек заты); 2) қор құраушы сектор (еңбек құралы); тұтынушылар сектор (тұтыну заты) [129].

Әзірленген үлгінің түпкі міндеті ұлттық өндірісте жұмыс істейтін адамға есептелген тұтынушылар секторының көрсеткіштерін барынша арттыру болып табылады. Бұл Қазақстан экономикасының дамуының инновациялық әлеуметтік-экономикалық түріне өтуін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері экономиканың үшсекторлы үлгісін пайдалану арқылы экономикалық-математикалық үлгілеу және үлестік тұтыну өлшемін оңтайландыру негізінде алынған.

Оңтайлы экономикалық өсуге қол жеткізудің нысаналы өлшемі ретінде бір жұмыс істейтін адамға есептегенде тұтынушылар секторының өнімдер шығаруын барынша көбейту алынған:

$$J = \max \theta_2 f_2(k_2^s) = \max \theta_2 A_2 \left(\frac{s_2}{\theta_2} \frac{\theta_1 (1 + \gamma_1)}{\lambda} A_1 (k_1^E)^{\alpha_1} \right)^{\alpha_2} \quad (8)$$

мұнда θ_i – еңбек ресурстарын бөлудегі i сектордың үлесі,
 s_i – инвестицияларды бөлудегі i секторының үлесі,
 λ – халық санының өсуін және капиталдың тозуын ескере отырып, корлардың тозу параметрі,

f_i – i секторының өндірістік функциясы,

γ_1 – инвестициялық тауарларды әкелуге квота.

Құрылымдық ілгерілеулерді жүзеге асыру барысында бағыт алуы тиіс секторлар арасындағы еңбек және инвестициялық ресурстардың оңтайлы бөлінуін табамыз. Бұл үшін келесі өзгеріс енгіземіз: $(\Delta x_0 + \Delta x_1) / \Delta x_2 \leq 2$, яғни тұтынудың өсуіне еңбек қаражатының екі еселенген шығындарынан көп жұмсалмайтын болады.

h параметрін енгіземіз, ол s_1 секторларынан қалған тұтынушылар секторының үлесін сипаттайды, сондай-ақ еңбек және инвестициялық ресурстардың тепе-теңдігін болдырмау үшін l параметрін енгіземіз. Ресурстарды бөлудегі басқа секторлардың үлесін анықтау формуласын аламыз:

$$\theta_0 = (1 - lh) (1 - \theta_1), \theta_2 = lh (1 - \theta_1)$$

$$s_0 = (1 - h) (1 - s_1), s_2 = h(1 - s_1) \quad (9)$$

Секторлардың өнімін келесі түрде жазамыз:

$$x_0 = A_0 A_1^{\frac{\alpha_0}{1-\alpha_1}} \lambda^{-\alpha_0} \lambda^{\frac{\alpha_0 \alpha_1}{1-\alpha_1}} (1 - lh)^{1-\alpha_0} (1 - h)^{\alpha_0} (1 - \theta_1)^{1-\alpha_0} \theta_1^{\alpha_0} (1 - s_1)^{\alpha_0} s_1^{\frac{\alpha_0 \alpha_1}{1-\alpha_1}} \quad (10)$$

$$x_1 = A_1^{\frac{1}{1-\alpha_1}} \lambda^{\frac{\alpha_1}{1-\alpha_1}} \theta_1 s_1^{\frac{\alpha_1}{1-\alpha_1}} \quad (11)$$

$$x_2 = A_2 A_1^{\frac{\alpha_2}{1-\alpha_1}} \lambda^{-\alpha_2} \lambda^{\frac{\alpha_2 \alpha_1}{1-\alpha_1}} l^{1-\alpha_2} h (1 - \theta_1)^{1-\alpha_2} \theta_1^{\alpha_2} (1 - s_1)^{\alpha_2} s_1^{\frac{\alpha_2 \alpha_1}{1-\alpha_1}} \quad (12)$$

Баламалы технологиялық орташаны анықтау міндетін шешу үшін шартсыз экстремумда тапсырманы шешудің келесі түрін пайдаланамыз:

$$l^* = \frac{\alpha_0(1-\alpha_2)}{\alpha_2(1-\alpha_0) - (\alpha_2 - \alpha_0)h}, \theta_1^* = \frac{\alpha_0 + \alpha_2\varepsilon - \delta_1}{1 - \varepsilon - \delta_1}, s_1^* = \alpha_1 \frac{\alpha_0 + \alpha_2\varepsilon - \delta_1}{\alpha_0 + \alpha_2\varepsilon - \alpha_1\delta_1} \quad (13)$$

мұнда
$$\varepsilon = \frac{h(\alpha_0 - lh)}{(1-h)(1-lh)}, \delta_1 = \frac{\alpha_1 x_1}{(1-\alpha_0)x_0}$$

Бастапқы деректер ретінде 2012 жылдың тікелей материалдық шығындарының коэффициенттері алынған: $\alpha_0 = 0,39, \alpha_1 = 0,28, \alpha_2 = 0,32$

Секторлардың өндірістік функциялары ретінде автор Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2002 – 2012 жж. деректері бойынша есептеген Коббас-Дугластың функциялары алынған:

- материалдық сектор үшін $f_0 = 1,873 * k_0^{0,67}$
- қор құрайтын сектор үшін $f_1 = 0,582 * k_0^{0,74}$
- тұтынушылар секторы үшін $f_2 = 0,678 * k_0^{0,76}$

(9) – (12) формулалары бойынша есептеулер нәтижесінде оңтайлы мәндерге барынша жақын мәндер табылған: $s_1^* = 0,247, \theta_1 = 0,178$.

Формула бойынша қалған деректерді табамыз (8):

$$s_0^* = 0,263, s_2^* = 0,49, \theta_0^* = 0,42, \theta_2^* = 0,402.$$

Қазақстанның үшсекторлы үлгісінің секторларын қайта бөлу негізінде оның экономикасын оңтайлы басқару мәселесін қарастырамыз. Басқару секторлардың бастапқы үлестерінің бұрын еңбек пен инвестицияларды бөлудің «алтын ережесі» бойынша табылған оңтайлы теңеулерге толық сәйкес келуін табу мақсатында жүзеге асырылады.

Бастапқы ереже ретінде 2012 жылдың деректері бойынша еңбек пен инвестициялардың нақты бөлінісін қарастырамыз:

$$\theta_0 = 0,509, \theta_1 = 0,183, \theta_2 = 0,308.$$

$$s_0 = 0,72, s_1 = 0,06, s_2 = 0,22$$

Бірінші саты (жылдамдатылған өсу). Басқарудың бірінші сатысында қор құрайтын секторды жылдамдатып дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады, оның салалары ұзақ мерзімді болашақта Қазақстан экономикасының өсуінің локомотивіне айналуы тиіс.

В.А. Колемаевтың үшсекторлы экономиканың қазіргі бар үлгісіне сүйене отырып, басқарудың бірінші сатысында келесі ережелерді басшылыққа алу қажеттігін табамыз.

Нөлдік және екінші секторлардың ең төменгі мәндері s_0, s_2 , мынадай шартпен анықталады: $(dk_0/dt) = 0, (dk_2/dt) = 0$.

Бұл ретте $(dk_1/dt) > 0$, яғни k_1 өсетін болады. Екі шарттың біріншісінен туындайтыны:

$$\frac{s_0}{\theta_1 f_1(k_1)(1+\gamma_1)} = \frac{\lambda k_0 \theta_0}{0,183 * 1,873 * (22,17)^{0,67} (1+0,01)} = 0,224$$

$$\frac{s_2}{\theta_1 f_1(k_2)(1+\gamma_1)} = \frac{0,055 * 11,14 * 0,307}{0,183 * 1,873 * (11,14)^{0,67} (1+0,01)} = 0,172$$

$$\text{Сәйкесінше } s_1 = 1 - s_0 - s_2 = 1 - 0,224 - 0,172 = 0,604.$$

Келесі формулалар бойынша бірінші сатыда еңбек ресурстарының бастапқы үлестерін табамыз:

$$\theta_0^{**} = \frac{\tilde{b}_2 + (\tilde{b}_1 - \tilde{b}_2)\theta_1^{**}}{1 + \tilde{b}_2}, \quad \theta_1^{**} = \frac{1 - \theta_2^{**}(1 + \tilde{b}_2)}{1 + \tilde{b}_1}, \quad \theta_2^{**} = \frac{c}{(1 + \gamma_1)f_2(k_2)} \quad (14)$$

$$\text{мұнда } \tilde{b}_1 = \frac{(a_1 + b_1)f_1(k_1)}{(1 - a_0)f_0(k_0)}, \quad \tilde{b}_2 = \frac{a_2 f_2(k_2)}{(1 - a_0)f_0(k_0)}$$

Деректердің негізінде $b_1 = 0,121, b_2 = 0,161$ табамыз және келесіні аламыз:

$$\theta_0^{**} = 0,144, \theta_1^{**} = 0,719, \theta_2^{**} = 0,166$$

Демек, еңбек және инвестициялық ресурстар бойынша бірінші (қор құрайтын) сектордың дамуына қарай әртараптандыру жүреді. Бұл ретте инвестицияларға тепе-тең нөлдік (материалдық) және екінші (тұтынушылар) секторына бағытталған еңбек ресурстарының үлесі қысқарады. Ең алдымен бұл сатының нәтижесі экономиканың материалдық секторға қарай ауытқуын және қор құрайтын сектордың даму басымдығын беру болып табылады.

Екінші саты (баяулаған өсу). Басқарудың екінші сатысы экономиканың бірінші секторы өзінің стационарлық жағдайына жеткен кезде басталады. Бұл үшін еңбек және инвестициялық ресурстарды басқа секторлардың, атап айтқанда тұтынушылар саласының мүддесіне қайта бөлуді жүзеге асыру қажет.

Алдымен тұтынушылар секторын дамытуға бағытталған s_1 параметрі бойынша ауыстыру жүзеге асырылады. s_1 үлесі өзінің жаңа аз мәніне орнығады, үлес осы көтерілу шамасына өседі.


Көтерілу шамасы іс жүзінде $s_1 = 0,604$ және $s_1^* = 0,247$ арасындағы айырмашылық ретінде, яғни $\Delta s_1 = 0,357$ анықталады. Бұл шамаға тұтынушылар секторының үлесі көтерілуі тиіс: $s^{new} = s_0 + \Delta s_1 = 0,224 + 0,357 = 0,581$.

Бұл сатыда бірінші сектордың еңбек ресурстарының үлесі әлі де ең жоғарғы деңгейде тұрады $\theta_1^* = \theta_1$. Үшінші сатыда инвестициялық ресурстарға еңбек ресурстары қосылады.


Басқарудың үшінші сатысы (аяқтаушы). Үшінші сатыда $(dk_1 / d_t) = 0$ бұрын қол жеткізілген бірінші сектордың стационарлық жағдайының $(dk_2 / d_t) > 0$ ара-қатынасы орындалады. Сонымен бірге, мұнда еңбек ресурстарының бөлінісінде айтарлықтай ілгерілеулер болады. Өсудің аяқтаушы сатысында еңбек ресурстары нысаналы өлшемді технологиялық орташаға қол жеткізілген кезде байқалатын ең жоғарғы деңгейге шығару үшін тұтынушылар секторына жіберіледі. Біздің жағдайда еңбек ресурстары бойынша бұл орташа келесідей:

$$\theta_0^* = 0,42, \theta_1^* = 0,178, \theta_2^* = 0,402$$

Басқарудың барлық кезеңінде инвестициялық және еңбек ресурстарының секторлар бойынша бөліну кестелері 37-суретте және сәйкесінше 38-суреттерде берілген.



Сурет 37 – Қазақстан экономикасының оңтайлы өсімін қамтамасыз ету үшін инвестицияларды бөлу



Сурет 38 – Қазақстан экономикасын еңбек ресурстары бойынша дамыту сценарийі

Осылайша, автор экономикалық өсудің теориялық траекторияларымен келісілген Қазақстан экономикасын дамытудың болашақ сценарийін ұсынған, оның негізінде секторлар арасындағы ресурстардың оңтайлы бөлінісі табылған. Сонымен бірге Қазақстанның ашық үшсекторлы экономикасын басқарудың оңтайлы ережесін әзірлеген. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, қорларды жинақтаудың дайындық сатысынсыз бірден тұтыну сатысына өтпеуді ұсынуға болады. Себебі нысаналы өлшемнің мәні (адам басына шаққандағы тұтыну) осындай экономикалық саясат кезінде айтарлықтай төмен болады.

Осы тарауда айтылғандардың негізінде келесідей **қорытындылар** жасауға болады:

«Табиғи ресурстардың қарғысы» факторларын талдау Қазақстанға қатысты олардың нақты бар екендігін түсіндірді. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданса да өткен жылдар Қазақстанның экономикасында «табиғи ресурстар қарғысының» белгілері айқын байқалатынын көрсетті. Ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға бағытталған инновациялық сала шын мәнісінде құрылмаған, оның ЖІӨ-гі үлесі өте төмен және өзіндік өндірістің дамуына ықпал ете алмайды. Мұнай секторы мен онымен байланысты өндірістердің айқын дамуы, сондай-ақ жұмыс күшінің бұл салаға ауысуы байқалады. Бұл салалардың әрі қарай дамуы бүкіл экономикаға оң әсерін тигізбейді.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының міндеттерін іске асыру барысында айтарлықтай олқылық байқалады – оның экономикалық тиімділігі екінші орынға шегерілген. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекет экономиканың акцепторлық кіші жүйелері үшін экономикалық донорға айналатын белгілі тәсіл байқалады, яғни Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына салынатын

инвестициялар қайтарымсыз экономикалық ресурс ретінде қарастырылады, бұл ұлттық экономиканың заманауи жағдайларында дұрыс емес. Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуының негіздері ретінде бағдарламалық-нысаналы әдісті тандап ала отырып, автор Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына салынатын инвестицияларды қайтарымды ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін үлгіні ұсынды. Басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы мемлекетке айтарлықтай байқалатын экономикалық әсер беруі тиіс.

Өнеркәсіпті қайта құрылымдауға жасалған талпыныстарға қарамастан үкімет тау-кен өндіруші салалардың экономикалық құрылымында үлесінің екпінді арту үдерісін тоқтата алмады. Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда экономиканың шикізатқа мамандануын бекітетін инерциялық индустрияландыру байқалады.

Индустрияландырудың инерциялығының көптеген себептері бар, бірақ олардың ішінде автордың пікірінше келесі себептер айтарлықтай маңызды рөл атқарады: 1) кеңес дәуірінің тарихи мұрасы; 2) 1990-шы жылдардағы мемлекеттік меншікті жекешелендірудің салдары; 3) экономикалық шешімдер қабылдау орталықтарының Қазақстанның шекарасынан тысқары орналасуы; 4) нарықтық институттар мен инфрақұрылымның, ең алдымен қаржы, инжинирингтік және консалтингтік институттардың дамымауы; 5) тау-кен өндіру өнеркәсібінің инвестициялар үшін жоғары тартымдылығы.

Автор Қазақстанның экономикасы да, өнеркәсібі де қайта құрылымдауды қажет етеді деген қорытынды жасады. Орасан үлкен инвестицияларды қажет ететін мұндай ауқымды міндет инновациялық, инвестициялық, сыртқы экономикалық, фискалдық және ақша-несие саясатының жүйелік шараларының көмегімен шешілуі мүмкін. Қазақстанның ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық және саяси даму үрдістерінің көпшілігін айқындайтын – инерциялық индустрияландырудағы бетбұрыс экономиканы, ең алдымен өнеркәсіпті қайта құрылымдауға саяси ерік болған жағдайда мүмкін болмақ.

